

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИМ
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ**

Оқу құралы

Қарағанды 2023

ББК

ISBN

Рецензенттер:

М.Н. Абыласимов, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Заң факультеті конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті, PhD докторы

Д.Қ. Райбаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы заң пәндер кафедрасың бастығы, PhD докторы, полиция майоры

А.Е. Тутқушев

Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: бойынша оқу әдістемелік құралы. Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы. — Қарағанды, 2023— 147 бет.

Дәрістер курсы болашақ мамандарды дайындауды жүзеге асыратын жоғарғы оқу орындарындағы оқу процесі үшін әзірленген. Дәріс курсында Қазақстан Республикасы экологиялық құқығы пәнінің жұмыстық оқу бағдарламасына (силлабусқа) сәйкес Қазақстан Республикасы экологиялық құқығының пәні, әдісі, жүйесі, қайнар көзі қарастырылған.

Оқу құралы жоғары білім беру орындары мен Заң факультеттерінің білім алушыларына, студенттеріне, курсанттарына, магистранттарға және докторанттарға арналған. Бірақ Қазақстан Республикасы экологиялық құқығының қоғам өмірі үшін маңыздылығы ескере отыра бұл курс экологиялық құқықтағы өзекті сұрақтар қызықтыратын барша оқырман қаумаға да арналады.

КІРІСПЕ

Құрметті оқырман қауым, күн артқан сайын жаңашаланып, жылдам дамып келе жатқан қоғам қоршаған табиғи ортаға айтарлықтай әсерін тигізіп, оны өз қажеттілігіне сай мүмкіндігінше өзгерту үстінде. Табиғат үшін, адам -өмірі үшін де жағымсыз салдарлар қоршаған табиғи ортаны қорғау мен тиімді пайдалануды қалыптастыру және сақтау мәселелерін игеруге, адам өмірінің табиғи жағдайларын заңды түрде қамтамасыз етуге бағытталған белгілі бір білім спектрлерінің дамуын қажет етті. Халықаралық қауымдастықпен қазіргі таңдағы әлемдік мәселелер де анықталып, белгіленді, яғни олар: экологиялық дағдарыс, қоршаған табиғи ортаны қорғау. Кез - келген қоғамдық қатынастар тікелей құқықтық реттелу жолымен жүзеге асырылуы тиіс. Экологиялық құқық та өзінің қалыптасып, даму жолынан өткен құқықтың бір саласы әрі жеке заң пәні ретінде таралған. Сонымен қатар экологиялық құқық ғылым және оқу пәні болып табылады.

Экологиялық құқық барлық құқық салаларымен өзара байланысты. Алдымен ол конституциялық құқықпен тікелей әрі тығыз байланыста. Себебі кез - келген құқық нормалары бастауын еліміздің Ата заңы - Конституциядан алатыны белгілі. Экологиялық құқық әкімшілік құқықпен де тығыз байланысты. Әкімшілік - құқықтық актілер үнемі қоршаған табиғи ортаны қорғау аясындағы қатынастардың туындау, өзгеру немесе тоқтатылу негіздері болып табылады. Әкімшілік құқықпен байланысы реттеудің бірыңғай императивті әдістерін қолданудан көрінеді. Экологиялық құқық сипаты басқарудың ерекше функцияларының жүзеге асырылуын анықтайды: экологиялық экспертиза, қоршаған орта мониторингі және т.б. Экологиялық құқық пен азаматтық құқықтың да белгілі бір өзара байланысты тұстары жетерлік. Азаматтық заңнама азаматтық айналым қатысушыларының құқықтық жағдайларын, меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтардың туындау негіздемелері мен жүзеге асырылу тәртіптерін анықтайды, келісім - шарттық және өзге де міндеттемелерді, теңдікке негізделген басқа да мүліктік әрі олармен байланысты жеке мүліктік емес

қатынастарды реттейді. Экологиялық қатынастар белгілі бір шекте мүліктік сипатқа ие, алайда құрылымына сәйкес олар азаматтық - құқықтық қатынастардан ерекшеленеді. Экологиялық құқық сонымен қатар жер құқығымен де тікелей әрі тығыз байланысты деуге толық негіз бар, бұл - табиғаттың бірлігімен әрі жердің қоршаған ортаның негізгі маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі мәнімен айқындалады. Кез - келген табиғи объектінің жерді пайдаланбай қолданылуы мүмкін емес. Жер барлық табиғи объектілер эксплуатациясының қондырмасы болып табылады. Жер құқығында қоршаған табиғи ортаны қорғауды қарастыратын арнайы талаптар бекітілген нормалар реті бар. Мұндай нормаларға жер қойнауын ластанудан қорғау бойынша талаптар, объектілерді орналастыру жерін таңдау тәртібін анықтайтын талаптар, т.б. Құқықтың жалпы теориялық көзқарасы бойынша, экологиялық құқықтың құқық салаларының ішінен жеке құқық саласы ретінде пайда болу және қалыптасуының негізгі алға шарты болып кең әрі кодифицирленген экологиялық заңнама мен оның қайнар көздері жүйесінің болуы табылады. Олар қоршаған табиғи ортаны қорғау мен пайдалану тәртібін реттейтін көптеген нормативтік актілерді біріктіреді. Экологиялық құқықтың қайнар көздері болып нормативтік актілер мен халықаралық нормативтік келісім - шарттар табылады.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесінде ішкі істер органдарының орны мен рөлі олардың сипаттық ерекшеліктерімен анықталады. Ішкі істер органдарының басқармашылық әрекеттері негізінен өзге де мемлекеттік органдардың басқармашылық құқықтарын қорғау кеңістігінде, сонымен қатар экологиялық қатынастардағы заңдылықтың бекітілуі аясында болады. Ішкі істер органдарымен тәртіптің заңға сай орындалуын бақылау мен қадағалау табиғатты пайдалану мен табиғатты қорғау аясындағы құқыққа қайшы әрекеттерді ашу, тоқтату және алдын алу үшін қолданылады.

1. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ - ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ РЕТІНДЕ

1.1. Экологиялық құқық-құқық саласы ретінде

«Экология» - сөзі гректің «*ойнас*» - үй, тұрғын жай және «*логос*» - сөз, ілім сөздерінен бастау алады. «Экология» термині 1866 ж. ағзалардың өз арасымен байланысы туралы ілімді белгілеу үшін неміс зоологы Эрнест Геккельмен айналымға енгізілген.

Қазіргі заңда экология өсімдік және жануарлар ағзаларының арақатынасын және олардан құрылатын қауымдастықтарының өздері мен қоршаған орта арасындағы байланыс туралы ғылым¹.

Экологияның салалары алуан - ғаламдық экология, инженерлік, адам экологиясы және т.б. құқықтанушылар үшін адам экологиясы мен әлеуметтік экология, яғни қоғам мен табиғат арақатынасы және табиғатты қорғаудың тәжірибелік мәселелері туралы ғылым маңызды².

Сонымен, неліктен кейінгі кездері қоршаған табиғи ортаны қорғау мәселелеріне көптеп көңіл бөлінуде.

Біздің ойымызша бұған басты себептер - Семей аумағын және оған жапсарлас полигон аумақтарын, Арал өңірі, Каспий және Балхаш бассейндерін алып кеткен экологиялық дағдарыс. Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаевтың айтуынша, қазақ халқына аса бір ірі зардапты Семей ядролық полигоны әкелді. Тек біздің Республикамызда радиациядан жарты миллионнан астам адам зардап шекті. Қазақстанның келесі апаты- планетасы құрып бара жатқан Арал теңізі. Бұл апат ауқымды Орталық Азия регионының халқына шексіз азаптар әкелді. Және тек оларға емес:

ғалымдармен Арал катаклизмінің ғаламшардың ауқымды аймақтарына зиянды әсерінің алуандығы туралы негізгі қорытынды жасалған.

Арал өңірі және Семей ядролық полигонына жапсарлас аумақтар экологиялық апат аймақтары болып жарияланған. Бірақ аталғандардан басқа

¹ Жевлаков Э.Н. Понятие экологических претсуплений. Объект и система.//Проблемы борьбы с экологическими правонарушениями в свете решений XXVII съезда КПСС. М.: ВЮЗИ 1990.

² Сонда

Қазақстанда Капустии Яр (Батыс Қазақстан обл.), Азғыр полигоны (Атырау обл.) бар, биологиялық қару сынақтары Аралдағы Возрождение аралында өткізілген³.

Мысалға, Азғыр полигонындағы жер асты ядролық жарылыстарының газтекес өнімдері өзінің радиоактивтілігі бойынша (шамамен 10 млн кюри) Чернобыль апатымен біртектес. Азғырдағы таллидің шекті қауіпсіз көрсеткіштерінен 120-дан 8000 - дейін асады.

Жерді, суды, ауаны ластау деңгейі бұрынғысынша жоғары. Ең ластанған қалалардың қатарына Теміртау, Лениногорск, Өскемен, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Зыряновск; ең лас өзендерге - Ертіс, Сырдария; ең ластаушы кәсіпорындарға - «Испат-Кармет» АҚ, «Балхашмыс» АҚ (Қарағанды обл.) , «Цемент» АҚ (Семей обл.).

Мұндай жағдайларда адам ағзасының тәндік жағдайында көптеген негативтік қозғалыстардың пайда болуы таңқалдырмайтын жағдай.

Бүкіл әлемдік денсаулық қорғау ұйымының эксперттерінің комитетінің қорытындысы бойынша паталогиялардың 95% қолайсыз қоршаған табиғи ортамен тікелей немесе жанама байланысты⁴. Ісік ауруының 90% қоршаған ортаның негативтік факторларының салдарынан болады. Олардың 80% жағдайы химиялық канцерогендер және 10 % радиациялық канцерогендер байланысты.

³ Назарбаев Н.Ә. Идеологиялық консолидация общества как условие прогресса Казахстана. Алматы, 1998. с. 8-9.

⁴ Кузеной А. Жертвы и герои зон «белой смерти» //Вестник Казахстана. 1994. 20 май.

Сонымен экологиялық құқық дегеніміз не және ол жеке дара құқық саласы болып табыла ма? Экологиялық құқықты құқық саласы ретінде тану сұрағы оны негізгі немесе кешенді құқық салаларына жатқызу сұрақтарымен тығыз байланысты.

Эколог - ғалымдардың көбісі экологиялық құқықтың құқық саласы ретінде әрекет етуін өзінде табиғат қорғаушылық және табиғи ресурстық құқықты біріктірумен байланыстырады.

Б.Ф. Ерофеев қазіргі құқық жүйесінде жеке дара, «экологиялық құқық» саласының туындауына барлық жағдайлардың қалыптасқанын айтады. Бұл жағдайларға ол келесілерді жатқызады:

- ✓ бұндай саланы құрудағы мемлекеттік мүдденің болуы;
- ✓ өзіндік реттеу нәрсесін құрайтын қоғамдық қатынастарды реттеудің нақтылығы;
- ✓ құқықтық реттеудің ерекше әдісіне деген қажеттілік;

құқықтың ерекше қайнар көздеріне деген қажеттілік немесе оның әрекет етуі⁵.

Осы ғалымның пікірінше экологиялық құқық құқық саласы ретінде қоғам мен табиғат арасындағы толымды қатынастарға жету максатында экологиялық қоғамдық қатынастарды өзіндік нысанда реттейтін құқықтық нормалардың жүйесін білдіреді⁶.

В.Д.Ермаков пен А.Я.Сухаревтің пайымдауынша құқық жүйесінен жеке құқық саласына ауыстыруға кез келген құқық саласының негіз боларлықтай белгілеріне оған деген мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктердің болуы, өзіндік пәнінің, әдісінің (құралының), сабақтас қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің қағидаларының болуы, жеке заңнаманың және ерекше қайнар көздерінің болуы жатады. Бұл аталған белгілердің барлығы экологиялық құқыққа тән, сондықтан оны жеке немесе өзіндік құқық саласына жатқызады.

⁵ Ерофеев Б.В. Экологическое право России. - М.: Юристъ, 1996. с 86.

⁶ Сонда.

Құқық саласы ретінде экологиялық құқық қоғам мен табиғаттың өзара байланысы үрдісіндегі арнайы экология - қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесін білдіреді⁷.

М.М.Бринчук экологиялық құқық ретінде (қоршаған орта құқығы) эколого-құқықтық идеяларға негізделген, табиғи ресурстарға меншік қатынастарын реттеуші, шаруашылық және басқа да қызмет үрдісінде қоршаған ортаға химиялық, физикалық және биологиялық әсерден қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бойынша, заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделері мен экологиялық құқықтарын қорғау бойынша нормалардың жиынтығын білдіреді.

Экологиялық құқықты құқық саласы ретінде қазақстандық эколого-құқықтық мектептің өкілдері - Д.Л.Байдельдинов, С.В.Байсалов, А.С.Ерепов, Н.Б.Мұхитдинов, А.С.Стамқұлов таниды. Мысалға А.С.Стамқұлов экологиялық құқықты қоғам мен табиғаттың арақатынасы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы ретінде санайды⁸.

Д.Л.Байдельдиновтың пікірінше құқықтық экологиядан ірі нормативтік материалдың болуы, мемлекеттердің қызметтерінің арасында жеке дара экологиялық қызметтің болуы және басқа да жағдайлардың болуы ғалымдардың көзқарастарында қазіргі құқық жүйесінде жеке құқық саласы - «экологиялық құқықтың» пайда болуын тоқтатқан жоқ⁹.

Бірақ карама-қарсы көзқарастың бар екендігін айта кеткен жөн. В.В.Петровтың ұсынған тұжырымдамасына сәйкес құқық жүйесінде экологиялық құқыққа орын жоқ, экологиялық жүктемені қоғам мен табиғат арақатынасын реттеуші байланысты бүкіл құқық салалары орындаулары қажет. Бұл арада «қоғам - табиғат» саласындағы қатынастарды реттеуші

⁷ Экологическое право России. / Под ред. В.Д.Ермакова и А.Я. Сухарева. - М.: ИМПЭ. 1997. с. 35.

⁸ Бринчук А.М. Экологическое право (прав окружающей среды). - М.: Юристъ, 1998. с. 76.

⁹ Стамқұлов А.С. Экологическое право Республики Казахстан на пороге XXI века //Право и государство. 1997. - № 4. — с. 32.

табиғи ресурстың және табиғат қорғаушылық құқықтар экологиялық салалар деп аталатын салалар анықталады¹⁰.

Біреп уақыт өткеннен кейін В.В.Петров бұл көзқарасынан арылып, экологиялық құқықты қоршаған ортаны шаруашылыққа қолдану процесінде ресурстық және қорғаушылық қатынастарды реттейтін нормалар жүйесі ретінде таниды¹¹.

Қазіргі кезде бұл автор бастапқы пікіріне келіп, экологиялық құқықты табиғат қорғаушылық және табиғи ресурстық құқық жиынтығы ретінде емес, табиғат қорғаушылық құқық саласына пара-пар етеді. Бірақ, экологиялық құқықтың түсінігін кеңінен талқылауға мүмкіндік беретін «қоғам мен табиғат арақатынасы саласындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен құқық қатынастарының жиынтығы» ретінде кең көлемді анықтама береді

Мұнда бұл саланың пәні ретінде В.В.Петров салалық экологиялық қатынастарды (жер қорғаушылық, жер койнауын қорғау бойынша қатынастар, орман қорғаушылық және су қорғаушылық қатынастар, жануарлар әлемін қорғау, атмосфералық ауаны қорғау) - және кешенді экологиялық қатынастарды, яғни, табиғи аумақтарды қорғауға, табиғи - қорықтық қорғау, емдеу - сауықтыру, рекреациялық санитарлық және басқа да аймақтарды жатқызады.

Н.И.Матузев пен А.В.Малько дәл осылай құқық жүйесінде экологиялық құқыққа табиғи ресурстық және табиғат қорғаушылық құқық жиынтығы ретінде орын бермейді. Олар тек жер құқығын анықтап және оның салаларына орман, су және тау құқықтарын жатқызады, ал кешенді сала ретінде табиғат қорғаушылық (экологиялық) құқықты атайды.

Бұл көзқарасқа С.А.Комаров та қосылады, бірақ, табиғат қорғаушылық және табиғат пайдалану құқықтарын бөліп қарастырады.

¹⁰ Петров В.В. Экология и право. - М.: 1981. с. 47 - 52.

¹¹ Петров В.В. Экологическое право России. - М.: Бек, 1995. с. 62.

Кейінгісі жеке салаларды жер құқығы, су құқығы, орман құқығы, тау құқығын қосып оларды салыстырмалы жеке нормалар жүйесі деп атайды.

Экологиялық құқық қазіргі заманғы құқық жүйесінде жекелеген сала ретінде бар екендігі туралы әр түрлі көзқарастарды талдап автор экологиялық құқық құрамында табиғатты қорғау және табиғи ресурстық құқықтарын қосатын құқығы ретінде танитын эколог ғалымдарға қосылады. Сонымен бірге, біздің ойымызша экологиялық құқық пәнінің ұғымын негіздеу керек¹². Себебі қазіргілердің көбісінде сыни ескертпелер көп. Мысалы, Б.Ф.Ерофеев бұл саланың пәні ретінде «тарихи қалыптасқан азаматтар мен ұйымдар арасындағы өндірістік қатынастарды». Бұл түсініктен қарастырылған қатынастар саланы, экологиялық қатынастардың бөлігін құрайтын қатынастар жайлы айтылып отыр, себебі мемлекеттің міндетті қатысуымен жүргізілетін азаматтар мен ұйымдар арасындағы қатынастар жайлы әңгіме болып отыр. Бұл жағдайда екі азамат табиғат пайдаланушының арасындағы қатынастар қандай құқық саласымен реттелінуі керек деген сұрақ туындайды?

Экологиялық құқықтың пәнін В.Д.Ермаков пен А.Я.Сухаревтің ұғынуы да дәл емес. Бұл ғалымдар экологиялық құқықтық пәніне қоғам мен табиғаттың арақатынасы процесіндегі қоршаған табиғи орта мен оның жекелеген объектілерін экологиялық заңнаманың нормаларымен реттелген пайдалану мен қорғауды жатқызады.

Біздің пікірімізше бұл жерде авторлар анықтамаға «экологиялық заңнаманың нормаларымен реттелген» - деген сөз тіркесін қосумен қателіктер жібереді. Одан мынадай сұрақ туындайды: экологиялық заңдылықтың нормаларымен реттелген қатынастар неге экологиялық- құқықтық реттеудің пәні болуы керек? Нормалармен реттелген қатынастар құқықтық қатынастар ретінде танылады және айта кететін жәйт, жай ғана заңнама нормаларымен емес құқық нормаларымен реттелген; Себебі,

¹² Комаров С.А. Общая теория государства и права. - М.; 1998. с 277.

кейінгісі біріншісіне қарағанда кеңірек, өйткені бұл ұғымға нормативтік актілерден басқа халықаралық қайнар көздер және шарттар тіпті әдет — ғұрыптар да кіреді.

М.М.Бринчуктің экологиялық құқықтың пәніне деген көзқарасы да құқықты. Оның пікірінше бұл саланың пәнін келесідей қатынастар құрайды:

- табиғи объектілер мен ресурстарға деген меншік қатынасы;
- табиғатпайдалану қатынасы;
- қоршаған ортаны деградацияның әр түрлі нысандарынан қорғау

қатынастары;

- жеке және заңды тұлғалардың экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерш қорғау қатынастары¹³.

Біздің ойымызша қазіргі уақыттағы Қазақстан Республикасында тұлғаның экологиялық құқықтары мен мүдделеріне берілген мән-мағынаны ескере келе ақырғы элементті экологиялық құқықтың анықтамасында міндетті түрде айқындап өту қажет. Бұл жағдайды Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасын қабылдау мен қолдану куәландырады. «Бұл тұжырымдаманың басты объектісі болып адамның экологиялық қауіпсіздігі болуы керек, яғни, адамның өмірлік маңызы бар экологиялық мүдделерінің, ең алдымен өмір сүруге таза, қолайлы қоршаған ортаға құқығының қорғалуы».

Экологиялық құқықтың пәнінде табиғи объектілер мен табиғи ресурстарға деген меншік құқығын айқындау даулы болып отыр. Бұл біршама ағат нәрсе. Дегенмен қазіргі уақытта жерге меншік құқығын тануға байланысты меншік қатынастарын реттейтін нормалардың саны ұлғайды, бірақ кейінірек тек экологиялық құқыққа тән емес, керісінше азаматтық құқықтың пәнін құрайды.

Сонымен, біздің ойымызша қазіргі экологиялық құқықтың құқықтық реттеу пәніне келесідей қатынастар жатады:

¹³ Экологическое право России/ Под ред. В.Д.Ермакова и А.Я.Сухарева - М.

- 1) жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша;
- 2) қоршаған табиғи ортаны қорғау бойынша (табиғат қорғау қатынастары);
- 3) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша (табиғи ресурстық қатынастар).

Бірақ табиғи құбылыстармен байланысты, табиғи ресурстарды пайдалану бойынша қатынастардың барлығы экологиялық құқықтың пәніне жете бермейді. Оларға құқықтық реттеу объектісінің келесідей үш белгісі барлары жатады:

1. пайда болуының кәдімгі қайнары, берілген объект жасанды емес, табиғи түрде пайда болған. Осыған сәйкес экологиялық құқықтың объектісінің құны болмайды, бұл оны тауарлық – материалдық құндылықтардан ерекшелейді;

2. қоршаған табиғи орталық өзара байланысы, яғни, берілген объект кәдуілгі экожүйелердің құрамында болады. Мысалға, жабайы аңдар мен құстарды асырау бойынша қатынастар, өндіріс пен тұрмыста су, газ және басқа пайдалы қазбаларды пайдалану қатынастары экологиялық болып табылмайды; Бұл қатынастар басқа құқық салаларының нормаларымен реттеледі;

3. әлеуметтік - экологиялық құндылық, берілген объект қоршаған табиғи ортаның сапасын қамтамасыз ете алады, өмірді қамтамасыз ету қызметтерін атқара алады, сонысымен қоғамға ерекше құнды. Экологиялық құқықпен қоғамның мүдделеріне және қоршаған табиғи ортаның сапасын қамтамасыз ету міндеттеріне қайшы келетін табиғи құбылыстар. Тылсым күштер (мысалы, топырақ эрозиясы, селдер, су тасқындары, шөлейттер және т.б.) қорғалмайды.

Экологиялық қатынастардың басты объектісі ретінде өзіне «кәдімгі экологиялық жүйелердің жүйесі түріндегі табиғатты және адамды қоршаған ортаны» біріктіретін қоршаған табиғи орта қатынасқа түседі.

Қоршаған табиғи орта табиғи объектілермен, табиғи ресурстармен және табиғи кешендермен көрсетілген.

Табиғи объект - әрекет етуші заңдылықпен қорғалатын, табиғи пайда болу белгілері, табиғи жүйелердің экологиялық байланыс жағдайы бар, экологиялық, экономикалық, мәдени және сауықтыру қызметтерін атқара алатын және адамның әрекет ету аймағының сапасын қамтамасыз ете алатын қоршаған табиғи ортаның құрамдас бөлігі. Табиғи объектілерге біз жерді, жер қойнауын, суларды, өсімдік әлемін, жануарлар әлемін, атмосфералық ауаны жатқызамыз.

Табиғи ресурстар - бұл қоғамның материалдық, мәдени және басқа да қажеттіліктерін, қанағаттандыру үшін шаруашылық және басқа да қызмет барысында пайдаланылатын қоршаған табиғи ортаның құрамдас бөлігі. Табиғи ресурстар сарқыллатын (орман, жер, су ресурстары) және сарқылмайтын (күн, климат, энергетика), толымды (орман ресурстары, жануарлар әлемінің ресурстары) және толымсыз (жер қойнауы ресурстары) болып жіктеледі.

Табиғи кешен – бұл өзара байланысқан табиғи объектілердің жиынтығын қосатын және қорықтық қорғау мақсатымен арнайы оқшауланған табиғи ортаның бөлігі (қорықтар, қаумалдар, ұлттық табиғи парктер және т.б.).

Экологиялық құқықты құқық саласы ретінде құқықтық реттеудің арнайы әдісі де сипаттайды. Экологиялық қатынастарды құқықтық реттеудің әдісі өзінде биліктік - авторитарлық (билік пен бағыну) және автономдық (заңнамалық теңдік), әкімшілік және азаматтық құқыққа тән әдістерді біріктіреді.

Әкімшілік - құқықтық реттеу әдісінің мәні құқықтық ұйғарымдарды орындау мен мемлекеттік мәжбүрлеуді қамтамасыз етудегі ұйғарымды, рұқсат беруді, тыйымды бекітуді көздейді. Экологиялық құқықтық әдісінің әкімшілік-құқықтық әдіспен ұқсастығы бір тараптық құқықтық жағынан екіншісінің бағынуына болуында. Бірқатар жағдайларда экологиялық

құқықтық қатынастарға қатысушылар тең емес: тараптардың біреуі билікке ие болады, себебі басқа тарапқа белгілі бір ұйғарым беруге құқығы бар, ал кейінгі осы билікке бағынады және оған берілген ұйғарымды орындауға міндетті. Мұндай сипатқа ҚР Табиғат ресурстары министрлігі мен қоршаған ортаны қорғау министрлігі органдары мен табиғатпайдаланушылардың өзара қатынастары ие.

Әкімшілік-құқықтық әдіспен ұқсастығы экологиялық құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі және тоқтатылуы бірқатар жағдайларда әкімшілік актінің күшіне немесе сәйкес мемлекеттік билік және басқару органдарының табиғат ресурстарын пайдалануға беру немесе оларды алып қою қатынастарында көрінісін табады. Мысалы, сүректерді дайындау мен шығаруды жүргізуге құқық беретін ормантабушы билетті беру.

Бірақ экологиялық құқықтық қатынастар тек әкімшілік актілермен ғана емес, сонымен қатар азаматтық құқыққа тән шарттардан, сот шешімдерімен де пайда болады. Мысалы, әкімшілікпен жасасқан жерді жаулау шартына сәйкес, азаматтар жерпайдалану құқығын жүзеге асырады.

Экологиялық құқықтың әдісіне азаматтық-құқықтық әдіске тән басқа да белгілері тән. Осыған сәйкес экологиялық құқық экологиялық құқықтық қатынастардың барлық объектілеріне табиғат ресурстарын пайдалануда білгілі бір оқшауланғандық және жеке бастылықты, сонымен қатар белгілі бір автономиялы қамтамасыз етеді. Ешқандай тұлға табиғи ресурстарды өз еркінен тыс алып, пайдалана алмайды.

Азаматтық-құқықтық әдіспен басты ұқсастығы субъектілерге бірқатар жағдайларда заңдық теңдік тән. Осылайша жерді жалға беруші мен жалға алушының арасындағы құқықтық қатынастар тең құқықтық және өзара бағынбаушылыққа негізделген.

«Экологиялық құқық» саласының пәнін және құқықтық реттеу әдісін біле отырып келесі анықтаманы қалыптастыруға болады.

Экологиялық құқық - бұл жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоршаған ортаны қорғау,

табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Осы құқық саласының атауы туралы сұрақ та өзекті болып табылады. «Экологиялық құқық» атауы бұрынан дауға түсуде. Оның орнына «Қоршаған орта құқығы» тұжырымдамасы ұсынылады. Бірақ, осы атауға да оқымысты - экологтар алуан мағына беруде.

Бірқатар авторлар «Қоршаған орта құқығы» атауын, синонимдарына экологиялық құқық және табиғатқорғаушылық құқықты қоса отырып ұсынады. Бұл тұжырымдаманың жақтастары (Колбасов О.С. және т.б.) қоршаған табиғи ортаны қорғау кешенді жалпыадамзаттық мәселе ретінде барлық құқық салаларының құралдарымен шешілетінін көрсетеді. Бұл қоршаған ортаны қорғау мен қолдану қатынастарының барлық жиынтығының біріккен құқықтық реттелуіне әкеледі және келешекте «ауқымды фундаментальді құқық саласы - қоршаған орта құқығы немесе экологиялық, энвайроментальдік құқық қалыптасады. Ол табиғатты қорғау мен пайдалану қатынастарының кең ауқымын белгілейді».

Н.И. Красновтың пікірінше «табиғат ресурстарын пайдаланудың өзі табиғат қорғаушылық элементке ие және табиғатпайдалану мен табиғатты қорғауды бөлудің қажеттілігі жоқ бұл бөлініс рационалды табиғат пайдаланудың ескірген түсінігіне табиғатқа тек экономикалық, тұтынушылық қатынас сипатын беруге негізделген. Ал табиғат пайдалану тек адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана емес, сонымен қатар табиғаттың сандық және сапалық жағдайына да әсер етеді. Бұл жерде табиғатты қорғау мәселесінің өзі түбірлі, себебі табиғатпайдалану технологиясының, әдістері, тәсілдеріне табиғатқа зиянды салдардың туындау мүмкіндіктері пайда болады. Соған сәйкес табиғат пайдалану адамдардың тек экономикалық емес, экологиялық мәні бар әрекеті. Ұтымды табиғат пайдалануды біржақты (тек экономика) түсінуден бас тартуымыз керек. Қазіргі жағдайларда табиғатқа деген экологиялық талаптарды бұзатын табиғат пайдалануды ұтымды деп тану мүмкін емес. Міне, сондықтан,

экологияны табиғатпайдалану құқығына енгізуге болмайды. Оны тек табиғатпайдаланудың ережелерін құра отырып жетілдіру керек. Бұл үшін табиғат қорғау құқығының жеке саласы қажет емес».

Сонымен қатар Н.И.Краснов «экологиялық құқықты, экологиялық жауапкершілікті, экологиялық бақылауды және т.б. құру мүмкіндіктері қате» деп санайды. Құқықты экологиялық (егер ел жер және басқа құқық салаларын қамтыса) деп тану оның реттеу пәнін дәл айқындамайды. Мынадай атау дұрыс болады - «Қоршаған табиғи орта құқығы», бұл атау қоғам мен табиғаттың өзара байланысын қамтиды.

Келтірілген екі көзқарастың айырмашылығы, О.С.Колбасов «қоршаған орта құқығы» деп табиғат қорғау нормаларының жиынтығын атаса, Н.И.Краснов табиғи ресурстар нормаларының жиынтығын айтады. Сонымен қоса екеуі де бұл нормалардың бірігуі мен өзара сіңісуін, олардың біртұтас - қоршаған (табиғи) орта құқығына айналуын пайымдайды.

А.С.Тимошенко да экологиялық құқық тұжырымдамасын емес, қоршаған орта құқығы тұжырымдамасын дұрыс деп санайды. Оның жазуынша саланың тауының негізіне, құқықтық қатынастар категориясына сай, құқықтық сфера жатады.

Егер де, сапаның атауын негізге алсақ, құқықтық арақатынастың объектісін зерттейтін (біздің мысалда - экология), онда бұл қалыптасқан заңгерлік тәжірибе қарсы келеді. Бұл жағдайда топырақ - зерттеулік, гидрологиялық құқық және т.б.

А.С.Тимошенконың ойын қолдайтын Ю.С. Шемшученко, қосымша аргументтер ұсынады айналаны қоршаған орта құқығын мақтайды. Келесі, қоршаған ортаны қорғау концепсиясы, құқықтық творчестволық ғылым жүйесінде совет құқықтық нормалары мен институттарының жақындалуына, басқа мемлекеттердің нормаларымен институттарының прогрестік нормалары да әсер етеді. Сонда екі шолу нормалары жақын әрекеттеседі. Ішкі мемлекеттік глобальдық проблемаларды шешуге көмегі көп.

М.М.Бринчук аталған ғалымдардың ойларын қолдап, осы сферадағы қоршаған ортаны қорғау концепсиясын мақұлдайды. Осыған байланысты жер жүзінде қоршаған ортаны қорғау құқығы дамып келеді, экологиялық құқық емес

Біріншіден, бұл ұсыныс авторлары шетел мемлекеттерінің тәжірибесімен түсіндіреді, онда біздегі жүйеден өзге жүйе қолданылады, жердің меншігі және басқа да ресурстар.

Екіншіден, біздің мемлекеттің территориясы басқалардан ерекшелеу болып келеді, мөлшерімен, біздің экосистема құрамы да өзгеше.

Үшіншіден, қоршаған орта құқығы экологиялықтан басқа шаруашылық қарым-қатынастарды қамтиды, бұл жайт осы құқықтың нақты шекарасын анықтауға мүмкіндік бермейді. Мұндай жағдай құқыққолданушылықта көптеген қиыншылықтарға әкеп соқтырады.

Экологиялық құқықтық салалар ішінде қандай орын алатынына өзі жеке бір шешілмеген мәселе болып табылады. Салаларды негізгі және комплекстік деп бөлу жалпылай танылған. Экологиялық құқық сонда комплекстік пе әлде негізгі ме?

В.В.Петров экологиялық құқықты кешендіге * шақырылуына қарсы. «Әдебиеттерде бірнеше рет табиғатты қорғау және экологиялық құқық кешенді салаларға жатады» делінген. Бұндай ойлар дұрыс деп танылуы мүмкін емес.

В.К.Попов та экологиялық құқық тұжырымдамасын негізгі сала ретінде тануға қосылады. Оның ойынша, экологиялық құқық жеке құқық саласы ретінде құқық жүйесінде қалыптасқан.

Экологиялық қатынастар өздерінің мәндік негізіне сәйкес күрделі, бірақ бірыңғай қоғамдық қатынас болып табылады. Бұл бірыңғай экологиялық қатынастарға кіретін қатынастар тобының әрқайсысының арнайы құқықтық реттеуге қажеттілігін туындатады.

Аталған топтың құқықтық негізі болып экологиялық құқықтың салаарасы табылады. Бұндай салалардың қатарына жер, су, тау, орман, фауна,

атмосфера ауалық, қорықтық аумақтарды пайдалану туралы құқықтық ұйғарымдар, күн, жел энергиясы және т.б. жатады. Экологиялық құқықты түсінудегі бұл көзқарас экологиялық құқықтың кешенді құқық саласы ретіндегі трактовкасына жол бермейді.

Бұған қарма-қарсы көзқарасты қазақстандық эколого - құқықтық мектебінің өкілдері ұстанады. Экологиялық құқықты, өзінде жекелеген салаларды біріктіретін кешенді құқық саласы ретінде Д.Л.Байдельдинов, С.Б.Байсалов, А.Е.Ерепов., Н.Б.Мұхитдинов., А.С.Стамқұлов сияқты ғалымдар қарастырады.

Жеке айтатын болсақ А.С.Стамқұловтың пікірініше берілген сала бірнеше құқық саласының пәнін біріктіретін құқықтың интегралданған саласы болып табылады. Оған жеке құқық саласы ретінде жер, су, орман, тау құқығы кіреді және осылардың шеңберінде экологиялық құқық тарихи қалыптасқан.

Бұл идеяны қолдай отырып, Д.Л.Байдельдиновте былайша пайымдайды берілген бөлікте кешенді интегралданған құқық саласы ретінде «экологиялық құқық» қалыптасты. Оған жеке сала құқығында жер, су, тау, орман, атмосферауалық құқық, жануарлар әлемі құқығы кірді. Экологиялық құқықтың кешенділігі сонымен қатар экологиялық қатынастарды реттеуде басқа құқық салаларының әдістерін қолданудан да көрініс табады.

Көрсетілген позицияны ресейдің эколого - құқықтық мектебінің бірқатар өкілдері де ұстанады.

М.М.Бринчуктың пікірінше, экологиялық құқық саласының кешенді сипаты оған бірқатар жеке құқық салаларын қосумен бірге, қоғамдық экологиялық қатынастардың өзіндік нормалармен реттелінуі жағдайымен анықталады.

А.А.Заболышенский кешенді құқық салаларының қайталама құрылым ретінде құқықтың негізгі құрылымының бөлігіне қабаттасып оған сүйенетінін атап өтеді. Осыған сәйкес экологиялық құқық кешенді сала ретінде, құқықтың экологиялық пәнін білдіретін, мемлекеттің

экологиялық қызметін жүзеге асыратын негізгі құрылымның бөлігіне қабаттасады. Бұл

құрылымның құрамына кіретін нормалар, негізгі салаларда қала отырып, екінші қайтара қалыптасады.

Біздің ойымызша, экологиялық құқықтың кешенділігі анағұрлым мәнді болып көрінеді. Біріншіден, экологиялық құқықтың құқықтық реттеу пәніне кіретін қоғамдық қатынастар, бірқатар авторлар айтқандай, пәндік тұтастықты құрайды. Біздің ойымызша экологиялық қатынастардың әртектілігі әр түрлі астарларда қарастырылуы мүмкін, мысалы, жерге, суға қатысты туындаған немесе табиғи ресурстарды пайдалану мен қамтамасыз ету бойынша қатынастар.

Екіншіден, экологиялық құқықта құқықтық реттеу әдісі құқықтың басқа салаларынан алынған (яғни, негізгілерге жататын азаматтық-құқықтық және әкімшілік - құқықтық әдістер).

Үшіншіден, құқық құрылымының қосарлануы көрініс табады. Экологиялық құқықтың бірқатар нормалары басқа құқық салаларының құрамына кіреді, мысалы, экологиялық құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік, табиғат объектілерін қорғау мен пайдалану саласында басқару, табиғат объектілеріне меншік құқығы нормалары және т.б.

Ескере кететін жайт М.М.Бринчук айтқандай экологиялық құқық жай ғана құқық саласы емес суперсала.

Профессор С.Б.Байсаловтың «экологиялық құқық - біздің құқықтық өмірде, құқықтық жүйеде жаңа, анағұрлым күрделі, көп көлемді құбылыс» деп атағаны да дұрыс. Бұнда экологиялық құқықты өздігінен жеке жүйе ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар екі көзқарасты - интегралданған және дифференциалданған, ұмытпау керек.

Интегралданған көзқарас қоршаған табиғи ортаға байланысты қоғамдық қатынастарды тұтасымен реттеуді көздейді. Бұл саланы дамытудың интегралданған көзқарасы объектінің - табиғаттың (қоршаған табиғи ортаның), бірлігімен, табиғаттағы құбылыстар мен процестердің өзара

байланысы мен өзарабірлігімен келісіледі. Судың, жердің, атмосфералық ауаның қасиетінің табиғат заңдылығына сәйкес өзгеруі бүкіл табиғат ортасындағы өзгерістерге алып келеді. Мұның бәрі қоғамдық экологиялық қатынастарды реттеудің бірыңғай қағидалары мен мазмұнын, бірыңғай көзқарастарды талап етеді. Қоғам мен табиғаттың өзара қатынасы аясында салалық заңнамада - жер, тау және басқа заңнамада шешімін таппаған көптеген құқықтық мәселелер орын алуда. Бұндай астарда М.М.Бринчукпен қоршаған табиғи ортаны қорғауды реттейтін құқықтық нормаларды салаға бағынышты ретінде белгілеуді ұсынады. Мұнда қоршаған табиғи ортаны:

- 1) химиялық әсерден;
- 2) физикалық әсерден;
- 3) биологиялық әсерден қорғау жүзеге асырылады.

Әдебиеттерде дифференциалданған көзқарас салалық деп аталады.

Бұндай көзқарас әр объектінің сипатына қарай қоғамның бөлек реттеудегі қызығушылығымен сипатталады. Бұндай астарда экологиялық құқық өзіндік жеке салаларды - жер, тау, су, орман, фауналық, атмосфералық (ауақорғаушылық) құқықты біріктіреді. Бұлардың әрқайсысы жеке ішкі құрылымға ие. Экологиялық құқықтың жүйесінде олар сала ретінде қарастырылады. Осыдан өзге тағы бір қызығарлық көзқарас бар. А.П.Гетьманның пікірінше эколого - процессуалдық нормалардың жиынтығын экологиялық құқықтың жүйесінде өзіндік салағабағынышты ретінде қарастыруға негіздер бар.

Қазіргі таңда экологиялық құқықтың қағидаларының жүйесі қалыптасқан. Олардың бірқатары нормативтік құқықтық актілерде жеткілікті анық көрсетілген, біразы құқықтың осы қайнарларының мазмұнынан шығады. Мәселе мынада - құқықтың қағидалары нормаларда әр түрлі бекітіледі. Біразы - тікелей, сәйкес түрде қалыптасқан басқарушылық міндеттер түрінде, басқалары - жанама және құқық салаларының нақты институттарының анализі жолымен анықталады, бірақ бұлардың барлығы теңдәрежеде қоғамдағы экономикалық және саяси заңдылықтармен

анықталады, заңшығарушының еркін білдіреді және тек осы ерікті өмірде жүзеге асырудың нысандары мен әдістерінде ғана өзгешеліктері болады..

Сонымен қатар қоршаған табиғи ортаға деген уақыты қатынас қағидасы және қоршаған табиғи ортаға зиянды салдарды шектеу сақталмаған. Бұрынғы «ҚазССР-нің қоршаған табиғи ортасын қорғау туралы» 18 маусым 1991ж заңында бұл қағида декларативтік сипатта болды. Д.Л.Байдельдиновтың пікірінше «табиғатқа ұқыпты қарау қағидасы декларативті, себебі тек осы қағидаға тән құқықтың жүзеге асыру механизмі жоқ. Осы белгі бұл қағиданы экологиялық заңнаманың қағидаларының жалпы жүйесімен бөліп көрсетеді. Біздің ойымызша, оның заңнамадағы нормативтік бекітілуіне қарамастан оны бізбен талданып отырған қағидаларға қостауға да болады».

Бұл жерде ортақ табиғат пайдаланудың ақысыздығы қағидасы көрсетілмеген. Бірақ, біздің ойымызша, берілген қағида тәжірибеде жүзеге асырылады және сондықтан оны заңнамада арнайы анықтап көрсетпесек те, ақылылықтың арнайы табиғатпайдалану үшін енгізілетінін атап өтуіміз қажет. Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңда көрсетілген төртінші қағиданы келесідей редакцияда береміз: табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану мен өсімін молайту, арнайы табиғатпайдалануға төлемді сатылап енгізу және қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық ынталандыруын енгізу.

Қоршаған ортаны қорғау қағидаларының қатарында бұрын бекітілген қағидалардың, нақтырақ айтсақ: табиғи ортаға келтірілген залалдың орнын толық түрде өтеу; шаруашылық және басқа қызметтің қоршаған табиғи ортаға әсерін нормалау; қоршаған ортаны қорғау сұрақтарын шешудің кешенділігі; экологиялық сараптаманың міндеттілігі қағидаларының болмауы үлкен кемшілік болып табылады. Сонымен қатар осы тізбеге экологиялық ақпараттың қолжетімділігі қағидасын да қосқан дұрыс, өйткені бұл қағида бірқатар нормативтік актілерде бекітілген.

Экологиялық құқықтың жүйесі оқу пәні ретінде Жалпы, Ерекше және Арнайы бөлімдерден тұрады.

Экологиялық құқықтың *Жалпы бөлімінде* келесідей сұрақтар қарастырылады:

1. экологиялық құқықтың пәні, әдісі және жүйесі.
2. табиғат ресурстарына меншік құқығы.
3. табиғат пайдалану құқығы.
4. қоршаған табиғи ортаны қорғаудың және табиғат пайдаланудың механизмі.
5. қоршаған табиғи ортаны және табиғатпайдалануды қорғау аумағындағы мемлекеттік басқару органдарының жүйесі.
6. ҚР ішкі істер органдарының экологиялық қызметі.
7. экологиялық нормалаудың, стандарттаудың, сертификаттаудың құқықтық негіздері.
8. экологиялық сараптаманың құқықтық негіздері.
9. ҚР-ғы экологиялық бақылау.
10. қоршаған табиғи ортаны және табиғатпайдалануды қорғаудың экономика - құқықтық механизмі.
11. экологиялық құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік және т.б.

Ерекше бөлімде келесі сұрақтар қарастырылады:

Жерлерді пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі;

- 1) Жер қойнауын пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі;
- 2) Суларды пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі;
- 3) Орман мен басқа өсімдіктерді пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі;

Жануарлар әлемін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі;

1. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау.
2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимі.
3. Курорттық, емдеу-сауықтыру, жасыл және рекреациялық аймақтардың құқықтық режимі.

1. Экологиялық қолайсыз аумақтардың құқықтық режимі.
2. Қоршаған ортаны өндірісте және энергетикада құқықтық қорғау;
3. Ауыл шаруашылығында қоршаған ортаны құқықтық қорғау;
4. Елді мекендерде қоршаған ортаны құқықтық қорғау.

Арнайы бөлімде қоршаған табиғи орта мен табиғатпайдаланудың халықаралық - құқықтық сұрақтары қарастырылады.

1.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫ

Экологиялық құқықты жеке құқық саласы ретінде бөліп қараудағы маңызды жағдайы болып құқықтық реттеудің сипатты пәні мен әдісінің болуы ғана емес, сонымен қатар экологиялық құқықтың дамыған қайнарларының жүйесінің болуы да саналады.

Сонымен экологиялық құқықтың қайнар көздері дегеніміз не және олар экологиялық заңнамамен қалай байланысады.

Қайнар көз деп құқықтың сыртқы нысанда айқындалуын айтамыз. Құқықтың қайнар көздері ретінде нормативтік акт, құқықтық дәстүр, сот прецеденті, шарт, сот тәжірибесі, ғылыми-құқықтық доктрина танылады.

Әрине бұның бәрі ҚР-ның экологиялық құқығының қайнар көздеріне жата бермейді. Біздің мемлекетімізде құқықтың қайнар көздері ретінде нормативтік акт, құқықтық дәстүр, шарт, сот тәжірибесі танылады.

Экологиялық құқықтың қайнар көздеріне мынадай анықтама беруге болады - бұл экологиялық қатынастарды реттейтін нормалардың сыртқы нысаны.

Экологиялық заңнама деп мемлекетпен қабылданған және жеке, заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.

«Экологиялық заңнама» және «экологиялық құқықтың қайнар көздері» түсініктері біртұтас және бөлік ретінде арақатынасады.

Экологиялық заңнаманың жүйесін екі екі бағанада тік және көлденең қарастыруға болады. Бұл бөлініске негізгі фактор болып нормативтік құқықтық акт болып табылады.

ҚР экологиялық заңнамасының құрылымы тігінен нормативтік құқықтық актілердің заңдық күшінің белгісіне сәйкес құралады. Заңдық күш нормативтік құқықтық актілерді заңдар мен заңға бағынышты нормативтік актілерге бөлуге негіз болып табылады.

Көлденең құрылым нормативтік құқықтық актілерді мазмұны бойынша жалпы, яғни, экологиялық құқықтың барлық саластыларына жатқызатын (ҚР Конституциясы) және арнайыларға, яғни, бір саластының қатынастарын реттейтін (ҚР Су Кодексі, ҚР Орман Кодексі, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңы және т.б.).

Қазақстан Республикасының Конституциясы экологиялық құқықтың басты қайнар көзі болып табылады. Осыған байланысты ҚР Конституциясының 6 - бабына сәйкес «жер және оның қойнауы, сулар, өсімдік және жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заңнамасында белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы мүмкін». 31-бапта былай айтылған: «Мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді». ҚР Конституциясының 38-бабында ҚР азаматтарының табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау міндеті көрсетілген.

Экологиялық қатынастарды реттеуде маңызды орынды ҚР Парламенті қабылдайтын, заңдар және Президенттің заң күші бар жарлықтары алады. Оларды екі топқа бөлуге болады: қоршаған табиғи ортаны қорғау заңнамасы және табиғатресурсы заңнамасы. Бірінші топтағы заңдардың құқықтық реттеу объектісі болып толығымен қоршаған табиғи орта болса, екіншісіне - жекелеген табиғат объектілері табылады.

Заңдардың бірінші тобына мыналар кіреді:

1. ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы 7 шілде 2006ж;
2. ҚР Су Кодексі 9 шілде 2003ж
3. ҚР Орман кодексі 8 шілде 2003ж
4. ҚР «Жануарлар әлемін қорғау, пайдалану және өсімін молайту туралы» Заңы 9 шілде 2004ж

Көрсетілген заңдар табиғи объектілерді қорғау мен пайдалану режимінің негізгі тәртібін, табиғатпайдаланушылардың құқықтары мен

міндеттерін, басқару және бақылау органдарының құзыретін, заңнамаларды бұзғаны үшін жауаптылықты бекітеді.

Заңға бағынышты нормативтік актілерге жататындар:

- > ҚР Президентінің нормативтік актілері;
- > ҚР Үкіметінің нормативтік актілері;
- > Министрліктер мен ведомстволардың нормативтік актілері;
- > Локальдық нормативтік актілер.

ҚР Президентінің нормашығармашылық құзыреті ҚР Конституциясымен көзделген және соған сәйкес ол жарлық және қаулы нысанында актілерді қабылдайды (мысалы, ҚР Президентінің «Оңтүстік Қазақстан облысында ұлттық тарихи-мәдени және табиғи «Ордабасы» қорығын құру туралы» 26 мамыр 1993ж қаулысы).

Үкіметтік актілер нысаны мен мазмұны бойынша ерекшеленеді.

Оларды бірі табиғи объектілердің құқықтық режимін, олардың жекелеген санаттарын, бөлімдерін, элементтерін нақтырақ анықтайды. Мысалы, ҚР Үкіметінің «Шығыс Қазақстан облысының ормандырының қолда бар топқа бөлінісін нақтылау туралы» 28 тамыз 1992 ж қаулысы;

Басқалары табиғи ресурстарды пайдалану немесе оларды пайдаланудан алып тастаудың тәртібі мен жағдайларын нақтылайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Үкіметінің «Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын ұсыну тәртібін бекіту туралы» 30 желтоқсандағы 2010ж қаулысы, «Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесін бекіту туралы» 31 желтоқсандағы 2004ж қаулысы.

Үшіншілері қоршаған табиғи орта мен табиғат пайдалану аясындағы мемлекеттік басқару мен бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды көздейді. Мұнда «Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 853 Қаулысы жатқызуға болады.

Кейбір жағдайларда үкіметтік актілер экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің тәртібі мен жағдайларын нақытлау үшін қабылданады. Осылай ҚР Үкіметінің «Жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану заңмасын бұзумен келтірілген залалды толтырудың мөлшерін бекіту туралы» 4 қыркүйек 2001ж қаулысы, ҚР Үкіметінің «Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы бұзу салдарынан келтірілген залалды толтырудың жекелеген сұрақтары» туралы 12 қыркүйек 2001ж қаулысы.

Министрліктер мен ведомстволардың нормативтік актілері нұсқау, бұйрық, тәртіп, ереже нысанында қабылданады. ҚР 11М жүйесінде сонымен қатар табиғатты қорғауға қатысты бұйрықтар, нұсқаулар, ережелер шығарылады. Локальдық нормативтік актілерге жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімдерін, кәсәпорындардағы қоршаған табиғи ортаны қорғаумен байланысты қабылданатын нормативтік актілерді жатқызуға болады.

Ұлттық экономикалық заңнамаға халықаралық - құқықтық актілер - қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат пайдалану аясындағы шарттар, келісімдер және конвенциялар маңызды эсер етеді. Мысалы, БҰҰ-ның 1972ж қоршаған ортаға байланысты Стокгольм конференциясының Декларациясы, Еуропадағы 1975ж қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша жиналыстық қорытынды актісі, Хельсинкидағы 1989ж Жиналысқа қатысушы-мемлекеттердің өкілдерінің Вена кездесілерінің құжаттары.

Бұл - құқықтың ерекше қайнар көзі. Бұнда халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан басындағы белгіленген.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы өзіндік ерекшеліктерге ие.

Бірінші ерекшелігіне нормативтік құқықтық актілердің алуандығы жатады. Мәселе экологиялық нормалардың бір немесе екі кодификацияланған нормативтік актілерде ғана емес, көптеген заңдар мен заңға бағынышты актілерде болуында.

Екінші ерекшелігі болып заңнаманың басқа салаларындағы экологияландырылған нормалардың болуы табылады. Мысалға, ҚР Қылмыстық кодексінде «Экологиялық қылмыстар» жеке тарауы, ҚР әкімшілікқұқық бұзушылықтар туралы кодексінде - «Қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар» тарауы бар. Экологияландыру үрдісі экологияландырылған нормаларды басқа құқық салаларына ендіру көрініс табуда. Экологияландыруға ең алдымен әкімшілік, азаматтық, кәсіпкерлік, аграрлық, еңбек құқығы жатады.

1.3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мемлекет экологиялық саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде экологиялық тәрбие мен білім беруді таниды. Экологиялық тәрбие мен білім берудің өзектілігі біріншіден, қоршаған табиғи ортаны қазіргі экологиялық жағдайда сақтау қажеттілігімен, екіншіден, толықтай дамыған тұлғаның қалыптасу қажеттілігінен туындайды.

Осыған сәкес, кең көлемді әлеуметтік-экономикалық, саяси, ізгілік және экологиялық салдарды алдын ала көріп біле алатын мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының алдында жауапты міндеттер тұр. Өмір әр деңгейлерде кәсіби ойды экологияландыруды қатаң талап етеді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығының ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қандайда бір қытыс бар ма? Ішкі істер органдарына бірқатар экологиялық қызметтерді орындау жүктелген. ішкі істер органдарына карантиндік, санитарлық және экологиялық шараларды өткізуде қатысу міндеті жүктелген.

ҚР ішкі істер органдарының қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы міндеті брoлып: экологиялық құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, алдын алу және ашу, табиғи объектілерді қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, басқа мемлекеттік органдармен бірігіп карантиндік, санитарлық және табиғатқорғау шараларын, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде, табиғат қорғау органдарына заңсыз аңшылықпен күресуде көмектесу табылады.

Көрсетілген міндеттерді орындау үшін ішкі істер органдарының келесідей құқықтары бар:

✓ Карантиндік шараларды жүргізгенде, сонымен қатар жабайы есіркіқұрамдас өсімдіктердің жаппай өсетін орындарында, құнды балық тұқымдарының уылдырық шашу орындарында, ұлттық парктер, мемлекеттік қорықтар мен қаумалдар аумағында сәйкес атқарушы органдар мен

лауазымды тұлғалардың шешімі бойынша бақылау – өткізу бөлімдерін белгілеу;

- ✓ Ұйымдар мен азаматтардың табиғат қорғау және ветеринарлық заңнамалардың санитарлық нормалар мен тәртіптердің талаптарын сақтауына бақылау жасау;
- ✓ Қоршаған ортаға қауіп төндіруші, эпидемия мен эпизоотияны туындатушы ұйымдардың, жекелеген өндірістің және қатысушылардың жұмысын толық немесе ішінара тоқтата тұру;
- ✓ Шарттардың негізінде меншік иелерінің мүлкін қорғауды жүзеге асыру (сонымен қатар жекелеген табиғи объектілерді қоса есептегенде).

Бірақ ішкі істер органдары әрқашанда алдарына қойылған міндеттерді сәйкесінше орындай бермейді. Осыған байланысты ішкі істер органдарының қоршаған ортаны қорғау аясындағы әкімшілік және қылмыстық тәжірибе бойынша 1999 ж. 1 жарты жылдығындағы жұмысы ҚР-ның ішкі істер Министрлігімен қанағаттандырылғысыз деп танылды.

Барлық жоғы 9486 экологиялық құқықбұзушылық анықталған. Ал бұл көрсеткіш былтырғы жылдың сәкес кезеңіне қарағанда 20,4% кем. Бірқатар облыстарда анықталған құқықбұзушылықтар анағұрлым азайған: Ақмола облысында-91%, Маңғыстау облысында-94%, Солтүстік Қазақстан облысында-51 %.

Экологиялық қылмыстарды анықтаудың тәжірибесіне келсек, ол ешқандай сынауға келмейді.

Бұған себеп, біздің ойымызша, мыналар:

- ❖ Экологиялық істердің ішкі істер органдарының қарастыратын құқық бұзушылықтарының ішіндегі «әйгілі» болмауы;
- ❖ Экологиялық қылмыстарды ашуда ішкі істер органдары тарапынан, олардың жүктемесінің көптігіне баланысты қызығушылықтың болмауы;

❖ Экологиялық заңнаманы білмеуі.

Айтылғандардың барлығы ПО-ның бірқатар қызметкерлерімен анкета жүргізудің нәтижелерімен айқындалады: сұралғандардың 98,5% қоршаған табиғи ортаны қорғау аясындағы бірде бір нормативтік құқықтың әкімі білмейді. бұл ақылға қонымсыз дерек. Өйткені ПО қызметкерлеріне экологиялық құқықты тек әлемдік құндылықтарға бірігу мақсатымен ғана емес, өз мамандығы бойынша сәтті жұмыс істеу үшін де білулері қажет.

Экологиялық білім ішкі істер органдарының көптеген бөлімдерінің қызметінде де қажет. Мысалы, жол полициясы қызметкерлеріне «ластаушы заттардың шекті мөлшерлі концентрациясықид нормативтері, ластаушы заттардың шекті мөлшерлі ластау нормативтері» немесе атмосфералық, ауаны ластау түсініктерін айыра білулері қажет.

Келешек тергеушілерге, анықтаушыларға және жедел қызметкерлерге жануарлар әлемі, су, орман түсініктерін, аңшылықтың не екенін, ластаудың қоқыстаудан айырмашылығын білулері қажет.

Қазірдің өзінде ҚР Қылмыстық кодексінде, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар атуралы Кодексі де жоғарыда көрсетілген экологиялық герминдерге талқылау бермейді. Оның бәрін тек экологиялық құқық нормаларынан ғана табуға болады.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2.1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының экологиялық Қызметінің ұғымы мен ерекшеліктері

1. Ішкі істер органдарының экологиялық қызметі – бұл экологиялық заңнаманы қолдануға экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтау және экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу, экологиялық – құқықтық жауапкершілік шараларын қолдану және оларды жою алдын алу бойынша шараларды әзірлеу қызметі.

ПО -экологиялық қызметінде бірнеше ерекшеліктер пайда болады.

Біріншіден, ПД жеке табиғи объектілерді, табиғи кешендерді өз бетімен қорғау бойынша функцияларды жүзеге асырады. Мысалы, қорықтарды, қаумалдарды, су қоймаларын қорғау Қазақстан Республикасының мамандандырылған күзет бөлімшелерімен жасалады.

Екіншіден, ПД арнайы уәкілетті органдарға көмек көрсетеді. Мысалы, ПД қызметкерлері орман заңнамасын бұзушылардың әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің кейбір баптары бойынша айыппұл салу құқығына ие болмайды, алайда заңсыз алынған орман өнімі мен қаруларды тәркілеп алуға құқық бұзушылардың жолын кесіп оларды бөгей алады, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелеріне материалдарды бере алады. Сол арқылы бірлескен іс-шаралар жосиарын әзірлеуге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі мен Қазақстан Республикасы ІІМ езара әрекетін жүзеге асырады.

Үшіншіден, табиғатты қорғаумен айналысатын басқа құқық қорғау органдарынан айырмашылығы ішкі істер органдары табиғатты тікелей (нақты) қорғауға қатысады. Әсіресе, олар қылмыскерлерді ұстайды.

Төртіншіден, ҚР ІІМ тек бақылау-қадағалау функцияларын ғана емес, сонымен бірге шаруашылық-ұйымдастырушылық функцияларын орындайды. Прокуратура, Қазақстан Республикасы ҰҚК, Қазақстан Республикасы МКК органдарынан айырмашылығы қазақстан Республикасы ІІМ жүйесінде табиғатты пайдаланушы – кәсіпорындар болады. Оларға табиғи ресурстарды пайдаланумен байланысты жеке орман дайындау, ауыл шаруашылық, өндіруші өндірісі болатын түзеу-еңбек мекемелері жатады.

2. Ішкі істер органдарының экологиялық қызметінің нормативтік қоры

Бірінші топты Қазақстан Республикасының Конституциясы және жалпы мағынадағы табиғатты қорғау нормативтік актілерді құрайды. Екіншісіне қоршаған табиғи ортаны қорғауға ішкі істер органдарының тікелей қатысуын қамтамасыз ететін тура ұйғарымдардан тұратын құқықтық дереккөздер жатады.

Негізгі дереккөз ретінде «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірден Заңы шығады. Ішкі істер органдарының кейбір міндеттерін экологиялық қызмет призмасының ішінен қарауға болады.

Сондай-ақ, ішкі істер органдарының қызметінің және жеке бөлімшелерінің қызметін реттейтін нормативтік актілер тобын көрсетуге болады: Жол патрульдік- полициясы күзет полициясы, учаскелік полиция инспекторлары және т.б. бойынша.

3. ҚР ІІД қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің ішінде ерекше орынды ҚР ІІМ 2007 жылғы 10 мамырдағы №201 Бұйрығымен бекітілген экологиялық құқық бұзушылықпен және карантиндік іс-шаралармен күресуге қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулық алады.

Мысалы: балық аулау аудандарында балық қорларын ең тиімді қоры үшін ІІД мамандандырылған бөлімшелері құрылады. Осылайша, Атырау облысы ІІД ішінде балық қорларына қылмыстық қастандықпен күресу жөніндегі бөлімі әрқасеғ етеді. Ол балық қорларын қорғау ісіне ауыз толтырып айтарлықтай үлес қосады, сонымен бірге оның қызметі кей уақытта биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік-Каспий аймақтық мекеме органдарының қызметіне қарағанда өте тиімді болады. Оның қызметі Атырау облысының Ішкі істер департаменті бастығының 2009 жылғы 30 мамырдағы №353 Бұйрығымен бекітілген балық қорларына қылмыстық қастандықпен күресу жөніндегі білім туралы ережемен

реттемеленеді.

- *«Ішкі істер органдарының экологиялық қызметі – табиғатты қорғау заңнамасын қолдану, экологиялық құқық бұзушылықтың себебін анықтау мен оларды ескерту және жою бойынша шаралар әзірлеу аясындағы қызметтер.»*

Қоршаған табиғи ортаны қорғау аясындағы шаралар» Ішкі істер органдарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ететін тікелей ұйғарымдарға ие құқықтық актілердің негізгі болып 7014 жылы соңында қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы табылады.

- қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру тәртібін айқындайды;

мыналарды:

- қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібін;

- озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге рұқсаттар беру тәртібін;

- озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу тәртібін;

- аумақтардың экологиялық жағдайын бағалау критерийлерін;

- жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағының шекарасын;

- қалдықтарды әкелу, әкету және транзиттеу тәртібін;

- мемлекеттік реттеу объектілері болып табылатын парниктік газдар тізбесін.

- экологиялық (жасыл) инвестицияларды іске асыру

тәртібін белгілейді;

- халықаралық ынтымақтастық жүзеге асырады;

- аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы деп жариялайды және

төтенше экологиялық жағдай аймағы құқықтық режимінің қолданысын

тоқтату туралы шешім қабылдайды;

- өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен,

заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функциялады орындайды.

Жергілікті атқарушы органдар заңға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, мемлекеттік -экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың, қорытын/ылары негізінде өз құзыреті шегінде кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салуға немесе реконструкциялауға ғылым салады немесе рұқсат береді, өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді, қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді, жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады¹⁴.

Қызметтің **ұйымдастыру-құқықтық формалары** әр түрлі құқықтық әрекеттерді (актілерді) жасауда қорытындылатын мемлекет органдарының заңды өкілеттіктерінің айрықша жүзеге асырылуын көрсетеді¹⁹. Оларды құқық қолдану көмегімен бұл формаларды жүзеге асыру барысында оны оңайлату мақсатымен адамдардың әрекетін ұйымдастыратындықтан солай атайды.

ІІБ табиғатты қорғау қызметтің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары қандай?

¹⁴ Горшенев В.М. Способы и организационные формы правового регулирования в социалистическом обществе.- М.,1972.С.122.

В. В. Меркуловтың пікірі бойынша, милицияның табиғатты қорғау қызметі экологиялық құқықбұзушылық профилактикасының, табиғатқа шығын келтіретін қызметтің алдын алу, табиғатты қорғау іс-шараларын үйлестіру формасын алады. Біздің ойымызша, профилактика және үйлестіру таза ұйымдастырушылық нысандар болып табылады, ал экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын кесу бақылау және қадағалау сияқты ұйымдастырушылық-құқықтық нысандармен қамтылады. Г.И. Азаров, В.И.Волков ПБ табиғатты қорғау қызметіне табиғатты қорғау органдарын бақылауды, қадағалау мен көмектесуді бөледі²².

Петров ішкі істер органдарының экологиялық қызметі төрт формада: қорғау-көмек көрсетуші, қорғау-бақылаушы, күзет-шарт және реттеуші формада жүзеге асырылатынын бекітеді¹⁵.

ПБ табиғатты қорғау қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын анықтауға тырысып, қандай дербес алуан түрліліктер табиғатты қорғау қызметі болатынына сүйенбейтіні шығады. Мұндайлар ретінде а) қадағалау-бақылау қызметін; б) құқық нормаларын (құқықтық қамтамасыз етуді) орындауды қамтамасыз ету бойынша қызметін; в) құқық бұзушылықтар туралы құқықтық даулар мен істерді анықтау бойынша қызметін; г) атқару бойынша қызметін (мемлекеттік мәжбүрлеуді жүзеге асыру) ерекшелеуге болады²⁴. Біздің жіктеуімізге қатысты қадағалау-бақылау қызметін қадағалау және бақылау - жеке ұйымдастырушылық құқықтық формалар түрінде, ал құқық нормаларын орындауды қамтамасыз ету бойынша қызмет - сәйкес органдарға көмектесу ретінде көрсетуге болатыны туралы ой келеді, себебі олардың мәні бірыңғай.

Жоғарыда көрсетілген көзқарастарды талдап, біз ПБ табиғатты қорғау қызметінің негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық формалары:

¹⁵ Меркулов В. В. Законодательные основы природоохранительной деятельности органов МВД СССР. —Рязань, 1983. С. 17.

1) экологиялық бақылау; экологиялық қадағалау;
2) экологиялық құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау (мұнда жедел-іздістіру қызметі де қосылады);

3) табиғатты қорғау органдарына көмек көрсету,

4) күзет-шарт нысаны болып табылады.

Қоршаған табиғи ортаны қорғауға ІІБ қатысудың негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны **экологиялық бақылау** болып табылады.

***Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының экологиялық
қызметін құқықтық реттеу***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының экологиялық қызметінің заңнамалық негіздерін 2 топқа бөліп көрсетуге болады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы және жалпы маңызға ие табиғатты қорғау аясындағы нормативті құқықтық актілер;
2. Қоршаған табиғи ортаны қорғау аясындағы шараларға Ішкі істер органдарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ететін тікелей ұйғарымдарға ие құқықтық актілер.

Қазақстан Республикасының Конституциясы және жалпы маңызға ие табиғатты қорғау аясындағы нормативті құқықтық актілерге сәйкес, Ішкі істер органдарының экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы қызметі халыққа қызмет етуге және жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамның, мемлекеттің, заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қылмыстың және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға, сонымен қатар елдегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және заңнамаларға сәйкес әрекет етуге арналған.

Экологиялық заңнама дегеніміз - белгіленген тәртіпте қабылданған және қоғамдық экологиялық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық актілердің жиынтығы.

ҚР Экологиялық Кодексінің 2 бабы бойынша, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және аталған Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастар Экологиялық Кодекспен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарымен реттеледі, яғни олар - Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы, ҚР Жер кодексі, ҚР Су Кодексі, ҚР Орман кодексі. Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының келесідей негізгі принциптері бар:

- 1) Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету;
- 2) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көзқарас;
- 4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;
- 5) қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шараларының міндеттілігі;
- 6) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтан бұлтартпау;
- 7) қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;
- 8) қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болу және оған рұқсат алу тәртібі;
- 9) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану;
- 10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жариялылығы;
- 11) табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және оны жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру;
- 12) экологиялық ақпараттың қолжетімділігі;
- 13) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету;
- 14) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі;
- 15) жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.

Экологиялық заңнаманы бірнеше топтар арқылы жіктеуге болады:

- Реттеу объектісі бойынша: жалпы және арнаулы;
- Заңнамалар саласы бойынша: жер, су, орман, жер қойнауы туралы заңнама және әкімшілік, азаматтық, қылмыстық заңнама;
- Құқықтық реттеу сипаты бойынша: материалдық және іс жүргізу;

- Мазмұны бойынша: *кешенді* (ҚР Экологиялық Кодексі, «Экологиялық сараптама туралы» Заң, т.б.), *ресурстың* (ҚР Жер Кодексі, ҚР Су Кодексі, ҚР Орман Кодексі), (ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексі, т.б.).

Көптеген әдебиеттерде экологиялық заңнама жүйесін екі тұрғыдан қарастыру ұсынылған - көлденең және тік. Бұл жіктеудің негізгі факторы болып нормативті құқықтық акт табылады.

Заңнама жүйесін көлденең жіктеу нормативтік құқықтық актілердің мазмұны бойынша экологиялық құқықтың барлық ішкі салаларына катысты жалпы және ішкі салалардың тек біріне ғана катысты арнайы болып бөлінуін көрсетеді. Мұнда жалпы нормативтік құқықтық актілерге ҚР Конституциясы мен ҚР Экологиялық Кодексі, ал арнайы нормативтік құқықтық актілерге ҚР Жер кодексі, ҚР Су Кодексі, ҚР Орман кодексі, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңды, өзге де нормативтік құқықтық актілерді жатқызамыз.

ҚР экологиялық заңнама құрылымы тігінен нормативтік құқықтық актілердің заңдық күші белгісіне сәйкес құрылған. Заңдық күш нормативтік құқықтық актілердің заңдар мен заңға бағынышты нормативтік актілерге бөлінуіне негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бастауы және экологиялық құқықтың негізгі қайнар көзі болып Қазақстан Республикасының Конституциясы табылады. Конституцияның 6 бабында көрсетілгендей, жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. 31 бап бойынша: «1. Мемлекет адамның өмір

сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. 2. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады». Конституцияның 38 бабында сонымен қатар Қазақстан Республикасының азаматтарының табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттілігі айтылған.

Экологиялық қатынастарды реттеуде маңызды рөлге ҚР Парламентімен қабылданған заңдар мен заң күші бар ҚР Президентінің Жарлықтары ие. Оларды 3 топқа бөлуге болады:

- Жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар мен мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды қызығушылықтарын қорғау аясындағы заңнама, оған жататындар: «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы Заңы.
- Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңнама, оған жататындар: ҚР Экологиялық Кодексі.
- Табиғи ресурстық заңнама, оған жататындар: ҚР Жер кодексі, ҚР Су Кодексі, ҚР Орман кодексі, т.б.

Заңға бағынышты нормативтік актілерге келесілер жатқызылады:

- ҚР Парламенті мен оның палаталарының нормативті қаулылары;
- ҚР Президентінің нормативті актілері;
- ҚР Үкіметінің нормативті қаулылары;
- ҚР министрлерінің және өзге де мемлекеттік орталық органдары басшыларының нормативті құқықтық бұйрықтары;
- Мәслихаттардың нормативті құқықтық шешімдері, әкімияттардың нормативті құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативті құқықтық шешімдері;
- ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары.

Ұлттық экологиялық заңнамаға халықаралық құқықтық актілер де әсер етеді, олар - қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану

аясындағы келісім-шарттар, келісімдер, конвенциялар. Мысалы, БҰҰ қоршаған орта бойынша 1972ж. Стокгольм конференциясының Декларациясы, Еуропадағы қауіпсіздік және қызметтестік туралы 1975 жылғы Кеңестің шешуші актісі, және т.б. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 2 бабында келесідей көрсетілген: «Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Аталған Кодекс пен Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін нормалары бар өзге де заңдарының арасында қайшылық болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің ережелері қолданылады».

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының өзіндік ерекшеліктері бар, олар:

- Бірінші ерекшелігі болып нормативтік құқықтық актілердің көптігі табылады, яғни экологиялық нормалар көптеген заңдарда, кодекстер мен заңға бағынышты актілерде кездеседі.
- Екінші ерекшелігі қоғам мен табиғаттың өзара байланысын, қарым - қатынасын реттейтін дербес басты нормативтік құқықтық актінің болмауынан көрінеді. ҚР Экологиялық Кодексі қоғам мен табиғаттың өзара байланысының бір жағын ғана қарастырып, негізінен қоршағантабиғи ортаны қорғау нормаларынан тұрады.
- Үшіншіден, заңнамалардың өзге де салаларында экологиялық нормалардың болуы. Мысалы, ҚР Қылмыстық Кодексінде «Экологиялық қылмыс», ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық» атты жеке тараулар бар, т.с.с.

Қазақстан Республикасы құрамына оннан аса заң мен екі жүзден астам заңға тәуелді нормативтік құжаттар кіретін дамыған экологиялық заңнамаға ие.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 2-бабына сәйкес
Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін нормалары бар өзге де заңдарының арасында қайшылық болған жағдайда, осы Кодекстің ережелері қолданылады.

4. Қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастар осы Кодексте реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарымен реттеледі.

Қазақстан Республикасы экология құқықтарының қайнар көздеріне - айналадағы табиғи ортаны қорғау, оны пайдалану, сапасын арттыру және табиғи ресурстар жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік актілер жатады. Кейбір нормативтік актілер экологиялық заңдардың құрамына кірмеуі де мүмкін. Мысалы: Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі - экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауаптылықтарды реттейтін нормалардан тұрады, сондықтан ол экологиялық құқықтың қайнар көзіне жатады, бірақ экологиялық заңдылықтардың құрамына кірмейді, өйткені қылмыстық заңдардың құрамына кіреді, сол сияқты Азаматтық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстері де экология құқығының қайнар көздеріне жатады, бірақ экологиялық заңдардың құрамына кірмейді. Экология құқықтарының қайнар көздері белгілері бойынша үшке бөлінеді: кешенді; ресурстық; әлеуметтік -

экологиялық. Экология құқықтарының кешенді қайнар көздеріне нормативтік актілер жатады, егер құқықтық реттеудің объектісіне бүкіл табиғи ресурстар мен табиғи орта жатса, оған «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін» жатқызуға болады. Экология құқықтарының ресурстық қайнар көздеріне нормативтік актілер, егер құқықтық реттеудің объектісіне жеке табиғи ресурстар жататын болса, мұнда Жер кодексі, Су кодексі, Орман кодексі және т.б. жатады. Экология құқықтарының элеуметтік -экологиялық қайнар көздеріне адамдардың өмір сүруіне қолайлы ортаны қамтамасыз етуге бағытталған факторлар жатады. Оған «Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы», заңды жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын жетілдіру саласында ең алдымен, дамыған елдердің экологиялық заңнамасына жақындату және халықаралық стандарттарды енгізу бағыты алынған.

Бірінші кезеңде, пәрмені қоршаған ортаның жай-күйіне әсер етуі мүмкін Қазақстан Республикасының барлық басқа да заң актілеріне табиғат қорғау нормаларын енгізу қажет. Қазақстан Республикасы заңнамасының дамығандығы мен эртараптылығы оны пайдалануда белгілі қиындықтарды да тудырады. Көптеген экологиялық заңдар өзара байланысты және бірін өзгерту басқаларын өзгертуді талап етеді, ол елеулі еңбек шығындарымен қатар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының жалпы жүйесін бұзады, заңдар мен заңға тәуелді актілердің қайшылықтарын тудырады.

Мұнымен қатар, аталған заңдарды іске асыру үшін заңға тәуелді көптеген нормативтік құжаттар қажет болады. Қолданыстағы экономикалық институттарды есепке ала отырып, барлық табиғат ресурстары кодекстері мен заңдарын жаңа редакциясында қабылдау, сондай - ақ Республикада экологиялық басқарудың жекелеген институттарын дамытуды жоспарлау қажет.

Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі реформалауды экологиялық заңнама нормаларын ұлғайтуға емес, оларды жүйеге келтіру

мен пәрменділігін арттыруға бағыттау қажет. Нақ осы міндетті Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын жинақтау қоршаған орта мен табиғи ресурстарды сақтау жөніндегі нормаларын қорытындылау, жүйеге келтіру және нақтылау шеше алады.

Ішкі істер органдарының экологиялық қызметі деп «табиғатты қорғау заңнамасын қолдану, экологиялық құқық бұзушылық себептерін анықтау және оларды ескерту және жою бойынша шараларды әзірлеу бойынша олардың қызметтері» түсіндіріледі²³.

Ішкі істер органдарының экологиялық қызметінің нормативтік базасын заңдардың және заңдарға бағынышты нормативтік актілердің екі тобы құрайды.

Бірінші топты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен жалпы мағынадағы табиғатты қорғау нормативтік құқықтық актілері құрайды. Екіншісіне қоршаған табиғи ортаны қорғауға ішкі істер органдарының тікелей қатысуын қамтамасыз ететін тікелей ұйғарымдардан тұратын құқықтық көздер жатады.

Нормативтік актілердің бірінші тобын қарастырамыз.

ІБ қызметінің негіздері ең алдымен төменде айтылған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілген:

«1. Қылмыстық істер бойынша анықтама жүргізу мен алдын ала тергеуді арнаулы органдар жүзеге асырады және бұлар соттан және прокуратурадан бөлінген.

2. Қазақстан Республикасындағы жедел-іздігіру қызметінің мәселелері, анықтау, тергеу органдарының өкілеттіктері, қызметін ұйымдастыру жәнетәртібі заңмен реттеледі».

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасының Конституциясы жалпы ІБ қызметінің негіздерін салады және ІБ, оның ішінде экологиялық қызметтері нақтыланатын басқа нормативті актілерге сілтенеді.

²³ Петров В. В. Ресейдің экологиялық құқығы. — М.: Бек, 1995. 369-бет.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау бойынша ішкі істер органдарының қызметін реттеуші нормативтік актілердің екінші тобында ҚР 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңы шығады. Заңның 2-бабында аталған ішкі істер органдарының кейбір міндеттері экологиялық қызметті призманың саңылауы деп қарастыруға болады, атап айтқанда:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау (оның ішінде экологиялық) және қоғамдық қауіпсіздікті (оның ішінде экологиялық), соның ішінде төтенше немесе соғыс жағдайы ахуалында қамтамасыз ету;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, (оның ішінде экологиялық) қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;

3) экологиялық істер бойынша алдын ала тергеу, анықтау мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;

4) қажет болған жағдайларда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде (орман өрттерімен қарсы күресте) жәрдем көрсету;

5) мемлекеттік және өзге объектілерді (мысалы, табиғат ескерткіштерін, рекреациялық аймақтарды) қорғау;

6) өзге мемлекеттік органдармен карантиндік, санитариялық және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде, браконьерлікке қарсы күресте көмектесу;

7) лицензиялық және қорғау іс-шараларын жүзеге асыру (кару айналысы облысындағы бақылау - браконьерлікті ескерту бойынша шаралар);

8) Қазақстан Республикасының айрықша маңызды және айрықша режимді объектілерінде, аумақтарында (мысалы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда) режимдік және күзет шараларын жүзеге асыру;

9) ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша (мысалы, трансұлттық экологиялық қылмыстар мәселелері бойынша) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңында ішкі істер органдарының табиғатты қорғауға құқықтары мен міндеттері бекітіледі.

Осы облыстағы ішкі істер органдарының міндеттерінің арасынан келесілерді көрсетуге болады:

-адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы қол сұғудан қорғауға;

-қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге (соның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жәрдемімен, ұйымдар мен азаматтардың ерікті қатысуымен қорғауға және қамтамасыз етуге (соның ішінде экологиялық тәртіп және экологиялық қауіпсіздік);

-қылмыстың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және ашуға (соның ішінде экологиялық);

-әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге (соның ішінде экологиялық);

-алдын ала тергеуді жүзеге асыруға, анықтама жүргізуге (экологиялық қылмыстар бойынша);

-әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі істер бойынша (экологиялық бойынша) іс жүргізуді жүзеге асыруға;

-халықты құқықтық (соның ішінде экологиялық) тәрбиелеуге қатысуға, құқық тәртібінің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделеуге;

-авария, өрт (соның ішінде орман), дүлей апат және басқа төтенше жағдайлар (мысалы, табиғи сипат) зардаптарын жою кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

-жол жүрісі ережелерінші және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтердің (мысалы, қоршаған ортаны қорғау бойынша МЕМСТ-дың сақталуын бақылау жасауды жүзеге асыру;

-мемлекеттік өрттен қорғау қызметі органдарына меншіктің барлық нысандарындағы (орманды қоса алғанда) объектілерде өрт қауіпсіздігі жай-күйіне бақылау жасауды жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге;

-қару мен оқ-дәрілердің (жауынгерлік оқ-дәрілерді қоспағанда) сатып алынуына, сақталуына, оларды тасымалдауға, алып жүруге, әкелуге, әкетуге және пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, қару мен оқ-дәрілердің, жарылғыш және қатты әсер ететін улы заттардың, радиоактивті материалдар мен заттардың айналымының және олардың жұмыс істеуінің белгіленген қағидаларының сақталуын бақылауға;

-мемлекеттік маңызы бар объектілерді (соның ішінде табиғи объектілердің) күзетудің жай-күйін бақылауға;

-өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитариялық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысуға.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңына сәйкес ішкі істер органдарына келесі **құқықтар** беріледі:

-осы қызметті реттейтін заңдарға сәйкес әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыруға; хаттамалар жасауға, әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, тәртіп бұзушыларды жеткізуге, әкімшілік ұстауды жүргізуге, кісінің жеке басын тексеруге, сондай-ақ заттары мен құжаттарын тексеруге және алып қоюға - мұның барлығы құқықбұзушылыққа жатады;

-тексеру материалдары, әкімшілік және қылмыстық (оның ішінде экологиялық) істер бойынша Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қажетті зерттеулер жүргізуге;

-карантиндік шаралар жүргізілген кезде, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер жаппай өсетін, балықтың құнды тұқымдарының уылдырық шашатын жерлеріне, ұлттық парктердің, мемлекеттік қорықтар

мен заказниктердің аумақтарына тиісті атқарушы органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімімен бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

-қажет болған жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын тексеруде мемлекеттік өрттен қорғау қызметіне жәрдем көрсетуге;

-төтенше жағдайларда барлық тұрғын, өндірістік және басқа да үй-жайларға бөгетсіз кіруге, сондай-ақ азаматтарды құтқаруға бағытталған өзге де шаралар қолдануға өртке қарсы күрес және апаттан құтқару қызметінің күштері мен құралдарын, көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды меншік нысанына қарамастан ұйымдардың байланыс және химиялық қорғану құралдарын тартуға, қажет болған жағдайда адамдарды, материалдық құндылықтарды қауіпті аймақтан көшіруге өкім жасауға; құтқару жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдайларды жою кезеңіне цехтар мен объектілердің жұмысын тоқтатуға;

-заңды тұлғаларға жарылғыш, қатты әсер ететін улы заттарлы сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге; азаматтық және қызметтік қаруларды және оларға патрондарды, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданумен бұйымдарды сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге рұқсат беруге;

-азаматтық пиротехникалық заттарды және олармен қолданылатын бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкету, әкелу, сондай-ақ қатты әсер ететін улы заттарды сатып алу, сақтау, әкелу, әкету ережелерін анықтауға;

-өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп меншіктік нысанына тәуелсіз ұйымдармен, азаматтармен табиғатты қорғау және ветеринарлық заңнаманы сақтауды, ұйымдармен табиғатты қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық және эпизоотикалық іс-шараларды өткізуді бақылауға;

-ұйымдардың әкімшілік өкілдерінің қатысуымен осы талаптарды орындауды өткізуге;

- қоршаған ортаға қауіп тудыратын бұзушылықтар, эпидемия және эпизоотияның туындауы кезінде ұйымдардың, жеке өндірістер мен учаскелердің жұмысын жартылай немесе толығымен тоқтатуға;

Мұнда табиғи апаттар, ірі өндірістік апаттар, эпидемиялар мен эпизоотиялар, төтенше жағдайлардан (табиғи апаттар, ірі авариялар және т.б.) кейін тарату уақытында қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыруға ПБ қатысу мәселелері реттеледі.

Сонымен, «Төтенше жағдайлар кезінде қызметті атқару ерекшеліктері» халықтың өмірі мен денсаулығын қатерге қоятын және апатты-құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын енгізуді талап ету төтенше жағдайлардың жаппай тәртіпсіздік, апатты зілзалалар, өрт, ірі өндірістік апаттар, катастрофа, эпидемия, эпизоотий сияқтылардың туындай кезінде басталатыны көрсетіледі. Бұл жағдайларда Қазақстан Республикасының ішкі істер ПМ ішкі істер органдары және ішкі әскер қауіпсіздік органдарымен өзара әрекет етуде келесі арнайы іс-шараларды ұйымдастырады және қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асырады.

- 1) белгіленген қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысы қауіпсіздігін қалпына келтіру және оны демеуді, қылмыстардың және өзге заңға қайшы әрекеттерден ескерту және уақытылы алдын алуды;
- 2) жұртшылықты сақтау, шығындарды есептеу, адамдарды құтқару және зардап шеккендерге қажетті көмек көрсетуді;
- 3) қараусыз қалған мүлікті қорғауды;
- 4) апат-құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге жәрдемдесуді жүзеге асырады (169-тармақ).

§ 3 «Патрульді-бекеттік нарядтардың төтенше жағдайлар кезіндегі кезек күттірмейтін іс-қимылдары» параграфында ПБ қызметкерлерінің әрекеттері жазылған:

А) жарылғыш қондырғылар, жарылғыш заттар, сондай-ақ радиоактивтік, химиялық және басқа жұртшылыққа қауіп төндіретін заттар табылған кезде:

1) оқиға туралы кезекшіге баяндауға және қауіпті аймақты қоршау, оған адамдар мен көлікті жібермеу шараларын қабылдау;

2) оқиға болған жерге апаттық немесе арнайы қызметтерді шақыруды ұйымдастыру, адамдарды эвакуациялау және құтқаруға жәрдемдесу (175-тармақ).

Б) қирау, апат және катастрофалар туындаған кезде:

1) болған оқиға туралы кезекшіге, лауазымды адамдарға баяндауға;

2) адамдарды, мүлікті құтқару шараларын қабылдауға, зардап

шеккендерге көмек көрсету және оларды емдеу мекемелеріне жіберу;

3) өртті сөндіруді ұйымдастыру;

4) оқиға орнына оның зардаптарын жоюға жұмылдырылған адамдардан басқа, бөтен адамдарды жібермеуге;

5) тергеу үшін тағайындалған адамдар келгенге дейін оқиға орнын күзетуді жүзеге асыру;

6) қажет кезінде жұртшылық пен көлікті және басқа құралдарды төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға жұмылдыруды ұйымдастыру;

В) эпидемия және эпизоотия кезінде:

1) медициналық мекемелердің лауазымды адамдарын және кезекшіні ауру фактілері туралы хабардар етуге;

2) жеке бас қауіпсіздігін сақтай отырып, зақымданған аймаққа адамдардың, көліктің ауысуын және малдың айдалуын шектеуді қамтамасыз етуге;

3) зақымданудың ықтимал көздерін, сумен қамтамасыздандыру көздерін күзетуді ұйымдастыру, адамдардың топтасқан жерлерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

Жарғының 12-тарауы эпидемия, эпизоотия, радиоактивті және химиялық зақымданудың туындау кезінде басталатын төтенше жағдайлардың туындауы кезінде қоғамдық тәртіптің туындау кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған.

Маңызды экологиялық қызметтер міндеттеріне атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау, оның көлік құралдарының пайдаланылған газдарымен ластануынан ескерту, шуға қарсы күресу, су тоғандарының маймен, бензинмен, мұнаймен және басқа заттармен автокөлік кәсіпорындары мен тасымалдау құралдары тарапынан ластануына жол бермеу кіретін Қазақстан Республикасының жол патрульдік полициясы орындайды. Қанша таңқаларлық болмасын, барлық бұл шешілетін жол патрульдік полициясының міндеттері әлі күнге дейін заңнамада өз көрінісін тапқан жоқ.

Табиғатты қорғау және табиғатты қорғау полиция бөлімшелері қызметкерлерінің нұсқаулығымен сәйкес келесі **құқықтары** болады:

1) басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп карантинді және табиғатты қорғау, сонымен қатар төтенше жағдайлар кезінде іс-шараларын жүргізуге қатысады, табиғатты қорғау органдарына браконьерлікке қарсы күресте көмек көрсетеді;

2) басқа мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып қандай да болмасын меншік түріндегі ұйымдардың табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік заңнаманың, талаптарын және олардың табиғатты қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық және эпизоотияға қарсы күрес шараларын жүргізуін бақылайды;

3) ұйым әкімшіліктері өкілдерінің қатысуымен екінші бөлікшеде көрсетілген талаптардың орындалуын тексеруді жүргізеді;

4) қоршаған ортаға, эпидемия және эпизоотия қаупін төндіретін бұзушылықтар болған кезде ұйымдардың, жеке өндірістер мен учаскелердің жұмысын толық немесе жартылай тоқтатады;

5) қоршаған ортаны қорғау және мал-дәрігерлік мәселелері бойынша және оларға қатысты жақтарына байланысты ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастырады;

6) ішкі істер органдарының қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметтерінің жұмысын үйлестіреді;

7) өз құзыреті шегінде жауап алуды жүзеге асырады.

8) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асыру; хаттамалар жасау, әкімшілік жазалау, әкімшіліктік ұстаулар жүргізу, бұзушыларды жеткізу, тұлғаларды, заттарды, көлік құралдарын тексеру, бұзушының заттары мен құжаттарын тартып алу, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті қамтамасыз етудің заңмен көзделген басқа шараларын қолдану;

9) кез-келген жасалған немесе дайындалатын экологиялық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды өз өкілеттіктері шегінде қабылдау, сондай-ақ қарау, оларды ескерту, анықтау, ашу, оны жасаған тұлғаларды ұстау бойынша шараларды уақытылы қабылдау;

10) заңмен бекітілген тәртіпте және жағдайларда көлік құралдарын тоқтату және жүргізушілердің жүк құжаттары мен оны тасымалдау құқығын тексеру;

11) заңмен көзделген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын аралау.

Көріп отырғанымыздай, табиғатты қорғау және ветеринариялық полиция бөлімдері көп бөлікте бірыңғай экологиялық полиция құру идеясына сәйкес келеді. Олардың қызметі белгілі нәтижелерді әкеле бастады. Сонымен, шығыны жүз миллион теңгеден астам соманы құрайтын экологиялық заңнаманың шамамен бес мың бұзушылықтар 2007 жылы табиғатты қорғау полициясының органдарымен анықталды.

2.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН ВЕДОМСТВАЛЫҚ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

ҚР Ішкі істер органдарының экологиялық қызметті реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілеріне «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі» Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі № 475 Бұйрығымен (28.10.2008ж. берілген өзгертулер мен толықтырулар) бекітілген Нұсқаулығын. «Экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес және карантиндік іс-шараларға қатысу жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің 2007 жылғы 10 мамырдағы № 201 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулықты жатқызуға болады.

Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы күрес және карантиндік іс-шараларға қатысу жөніндегі ішкі істер органдарының негізгі функциялары:

1) экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтауға, алдын алуға және жолын кесуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру; 2) ішкі істер органдарының қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдармен, экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтауға, алдын алуға және жолын кесуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі басқа да құқық қорғау органдарымен бірлескен іс-қимыл жасасуды ұйымдастыру.

Табиғатты қорғау полициясының штаттық қызметкерлері жоқ ҚАІБ-де қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдармен, экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте басқа да құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасасу және жұмысты ұйымдастыруды ҚАІБ бастығының бұйрығымен табиғатты қорғау полициясы желісі бойынша міндеттер жүктелген қызметкерлер жүзеге асырады.

3. ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ

3.1. Қазақстан Республикасындағы жер ұғымы және құрамы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымда қабылданған Жер кодексінің 12-бабының 7 тармағына сәйкес, жер - Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі. Жердің өзіне ғана тән арнайы ерекшеліктері бар, яғни олар:

1. Құнарлылық. Оның екі түрі бар, табиғи және жасанды;
2. Өте ұзақ пайдаланылатын өндіріс құралы;
3. Даралық, яғни жерді ешбір табиғи объектімен немесе өндіріс құралдарымен айырбастай алмаймыз;
4. Орналасу тұрақтылығы (жылжымайды);
5. Кеңістіктегі шектеулілігі, яғни жерді табиғи қалпынан артық ұзарту мүмкіндігінің болмауы.

Жердің экологиялық, экономикалық, эстетикалық және санитарлық - сауықтыру функциялары бар. Соның ішіндегі экологиялық функцияларына тоқталып кететін болсақ, яғни жер:

- Климат түзуші;
- Термореттеуші;
- Химиялық элементтер айналымын қамтамасыз ету;
- Ландшафт түзуші;
- Орта түзуші функцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының барлық жерлері ҚР Жер қорын құрайды. ҚР Жер кодексінің 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;

3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;

5) орман қорының жері;

6) су қорының жері;

7) босалқы жер.

Жер қатынастарын мемлекеттік реттеу белгілі бір органдар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Олар:

1. ҚР Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар (жалпы құзыреттегі органдар);

2. Жер ресурстарын басқару бойынша ҚР Агенттігі және оның аймақтық органдары, Қоршаған табиғи ортаны қорғау Министрлігі және оның аймақтық органдары, ауыл шаруашылық Министрлігі және оның аймақтық органдары;

3. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, архитектура және сәулет құрылысы органдары (функционалды органдар).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қатынастарын реттеу саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

- Республиканың жер қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

- Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру мен кеңейтуге, халықаралық міндеттемелерді орындаумен жерді қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін пайдалануға байланысты жағдайларда барлық санаттағы жерден жер учаскелерін беру және алып қою, оның ішінде мемлекет мұқтаждары үшін алып қою;

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша босалқы жерге ауыстыру және оның тәртібін бекіту ;

- Жер учаскесіне меншік құқығына және жерді пайдалану құқығына берілетін сәйкестендіру құжаттарының нысандарын бекіту;

- Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқық беру ережелерін бекіту;

- Облыстық өкілді және атқарушы органдардың аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың шекарасын өзгерту мәселелері жөніндегі ұсыныстарын келісу, сондай-ақ облыстық маңызы бар қалалар төңірегінде қала маңы аймақтарын белгілеу мен өзгерту;

- Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру тәртібін, республикалық және халықаралық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін, сондай-ақ орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру қағидаларын бекіту;

- Мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу тәртібін бекіту;

- Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту;

- Аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру қағидаларын бекіту;

- Бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағындағы жерді басқа облысқа, республикалық маңызы бар қалаға, астанаға ұзақ мерзімді пайдалануға беру бөлігінде жер қатынастарын реттеу;

- Оған Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функциялар (ЖК, 13-бап)

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі - Үкіметтің құрамына кірмейтін, жер ресурстарын басқару, сондай-ақ геодезиялық және картографиялық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын, заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық

және рұқсат ету функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы қаулысына сәйкес, Агенттік қолданыстағы заңнамаға және оған жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) жер заңнамасын қолдану практикасын қорыту және оны жетілдіру;
- 2) өз құзыреті шегінде халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;
- 3) жер қатынастарын реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу;
- 4) жерге орналастыру және мемлекеттік жер кадастры жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту;
- 5) жерлерді пайдалану және қорғаумәселелерін қозғайтын республикалық бағдарламаларға, жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;
- 6) орталық және жергілікті атқарушы органдармен жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- 7) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері паспортыны нысанын бекіту;
- 8) жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымын, құрамын, мазмұнын және нысанын белгілеу;
- 9) жердің мониторингін жүргізуді ұйымдастыру;
- 10) мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру және облыстардың (Республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер теңгерімінің деректері негізінде Қазақстан Республикасының жер теңгерімін жасау;

11) өз құзыретіне кіретін жерді беру және алып қою, жерді бір санаттан басқасына ауыстыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

12) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген Каспий теңізі түбінің қазақстандық учаскесі шегінде келісім-шарттық аумақтан тыс мұнай-газ құбырын салуға қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы, жер қойнауын пайдалану жөніндегі, төтенше жағдайлар жөніндегі, сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы және сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен рұқсаттар беру;

13) геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуге нормативтік құқықтық актілер мен техникалық талаптарды әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу;

14) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметін үйлестіру;

15) Қазақстан Республикасының қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, аэроғарыштық түсірулердің деректері мен материалдарын дайындау, есепке алу, сақтау, көбейту және пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, нормалар мен ережелерді бекіту, т.б.

Сонымен қатар ҚР Жер кодексінің төмендегідей баптарында жер қатынастарынмен байланысты өзге де арнайы құзыреттегі органдардың функциялары көрсетілген: 14-1-бап - облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарының құзыреті; 15-бап - жергілікті өкілді органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыреті; 16-бап - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының құзыреті; 17-бап - аудандық (қалалардағы аудандардан басқа)

атқарушы органның құзыреті; 18-бап - облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының құзыреті; 19-бап - аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округтер әкімдерінің құзыреті.

Жердің қазіргі жағдайы тікелей адам әрекетіне қатысты. Жер адамдардың әртүрлі шаруашылық қызметтерінің әсерінен өзінің бірнеше табиғи қасиеттерінен айырылады. Жерге төнетін қауіптердің қатарына жер қыртысының тозуы, ластануы және жойылуын жатқызамыз.

Жердің тозуы - жердің табиғи ортаның элементі ретіндегі функциясының өзгеруіне, оның сандық және сапалық жағдайының нашарлауына, табиғи-шаруашылық мәнінің төмендеуіне әкеліп соқтыратын процестер жиынтығы. Жердің тозуына топырақ эрозиясы, құнарлы топырақтың шайылуы, топырақты өңдеу ережелерінің бұзылуы жатады. Топырақ эрозиясы (латынша ерозіо - желіну) - топырақтың беткі ұнтақталған құнарлы қабатының жел күшімен немесе су ағынының шаюы нәтижесінде құнарының азаюы.

«Жерді сақтап қою ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысына сәйкес, жердің ластануы - ердің ластануы - антропогендік қызметтің нәтижесінде жерде шекті рұқсат етілетін зиянды заттар нормативтерінен асып түсетін, жердің құндылығын төмендететін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын, қоршаған ортаның басқа да объектілерін, халықтың тұру жағдайын нашарлататын мөлшерде әртүрлі заттар мен организмдердің жинақталуы. Мұның келесідей түрлері бар:

- радиоактивті ластану - жердің радионуклидтермен, оның ішінде ядролық қаруды сынаудың, радиациялық авариялардың, ядролық қондырғылардың жұмыс істеуінің, иондаушы сәулелену көздерін, радиоактивті заттар мен қалдықтарды сақтау және көму пункттерін пайдаланудың, сондай-ақ атом энергиясын пайдалануға байланысты өзге де қызметтің нәтижесінде ластануы;

•химиялық ластану - топырақтың химиялық құрамының адамдардың өндірістік, ауыл шаруашылық, тұрмыстық немесе өзге де қызметінің салдарынан оның құнарлылығы мен сапасының төмендеуін тудыратын өзгеруі;

•биологиялық ластану - жердің бактериологиялық, гельминтологиялық, энтомологиялық және карантиндік ластануы;

•шаруашылық-тұрмыстық ластану - жердің, топырақтың физикалық және химиялық қасиеттерінің жағымсыз өзгеруін тудыратын өндірістік қалдықтармен және сарқынды сулармен ластануы.

Бұл қауіптердің алдын - алу мақсатында елімізде жерді құқықтық қорғау тұрғысында бірнеше шаралар жиыны қарастырылған. ҚР Жер кодексінің 139-бабына сәйкес, жерді қорғау - қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс- шаралар жүйесін қамтиды.

Жерді қорғау мақсаттары:

1) өндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын ынталандыру және орман мелиорациялық, мелиорациялық және басқа да іс-шараларды жүргізу арқылы жердің тозуы мен бүлінуін, шаруашылық қызметтің басқа да қолайсыз зардаптарын болдырмау;

2) тозған немесе бүлінген жерді жақсарту мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

3) жерді оңтайлы пайдаланудың экологиялық нормативтерін тәжірибеге енгізу болып табылады.

Жерді қорғау сонымен қатар ҚР Экологиялық кодексінде де көрініс тапқан, 31- тарау - «Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» деп аталады. Аталмыш тарауда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (209-бап),

елді мекендердің жерін аймақтарға бөлу мен пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (210-бап), өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (211 -бап), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін және сауықтыру мақсатындағы жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (212-бап), орман қорының жерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (213-бап), су қорының жерін аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (214-бап), босалқы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (215-бап) тізбесі берілген.

3.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

ҚР Жер Кодексі 12-бабының 17 - тармағына сәйкес, жер пайдалану құқығы - тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге (тұрақты жер пайдалану) немесе белгілі бір мерзім ішінде (уақытша жер пайдалану) иелену және пайдалану құқығы. Бұл жерді пайдалану құқығының субъективті мәні.

Объективті мағынада жер пайдалану құқығы бұл - жер учаскелерін бөлу мен пайдалану шарттары мен тәртібін, жерді пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін, жерді пайдалануды тоқтату негіздерін реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Жер пайдалану құқығының объектісі болып мемлекет меншігіндегі, жеке және заңды тұлғаларға, фермерлік қожалық иелеріне пайдалану үшін берілетін жер учаскелері табылады.

Жер пайдалану құқығының субъектілеріне мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне ие тұлғалар жатады.

ҚР Жер кодексі бойынша, жер пайдаланушылар келесідей түрлерге бөлінеді:

- мемлекеттік жер пайдаланушылар - мемлекеттік республикалық және коммуналдық заңды тұлғалар;
- мемлекеттік емес жер пайдаланушылар - азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар;
- тұрақты жер пайдаланушылар - жер пайдалану құқығының мерзімі шектеусіз сипатта болатын тұлғалар;
- уақытша жер пайдаланушылар - жер пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген тұлғалар;
- ұлттық жер пайдаланушылар - Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, соның ішінде шетелдік қатысушысы бар кәсіпорындар;

- шетелдік жер пайдаланушылар - шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шет мемлекет заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар (шетелдік заңды тұлғалар), шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар.

Жерді пайдалану құқығының мазмұнын иелену және пайдалану түсініктері құрайды.

ҚР Жер Кодексінің 64-бабына сәйкес, жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардың:

1) жер учаскесін оның нысанасынан туындайтын мақсатта пайдалана отырып, жерде дербес шаруашылық жүргізу;

2) ауыл шаруашылығы және өзге де дақылдар мен екпелер себу мен отырғызуға, өндірілген ауыл шаруашылығы өнімі мен жер учаскесін пайдалану нәтижесінде алынған өзге де өнімге және оны өткізуден түскен табысқа меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару;

3) өз шаруашылығының қажеттері үшін жер учаскесінде бар құмды, сазды, қиыршық тасты және басқа да кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті, екпелерді, жер үсті және жер асты суларын, кейіннен мәмілелер жасасу ниетін көздемей, белгіленген тәртіппен пайдалану, сондай-ақ жердің өзге де пайдалы қасиеттерін пайдалану;

4) жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайда келтірілген шығынды толық көлемінде өтетіп алу;

5) жерді аймақтарға бөлуді ескере отырып, меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару құқығымен жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкестікте тұрғын үйлер, өндірістік, тұрмыстық және өзге де үйлер (құрылыстар, ғимараттар) салу;

6) белгіленген құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де арнаулы талаптарға сәйкес суландыру, құргату және өзге де мелиорациялық жұмыстар жүргізу, тоғандар мен өзге де су айдындарын жасау;

7) меншік құқығын, уақытша ұзақ мерзімге өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына салым ретінде, акционерлік қоғам акцияларының төлеміне немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде беру құқығы бар.

Сонымен қатар жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар:

1) жерді оның нысаналы мақсатына сәйкес, ал уақытша жер пайдалану кезінде - жер учаскесін беру актісіне немесе жалдау шартына (өтеусіз уақытша жер пайдалану шартына) сәйкес пайдалануға;

2) санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкес өндіріс технологияларын қолдануға, өздері жүзеге асыратын шаруашылық және өзге де қызмет нәтижесінде халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруге, санитарлық-эпидемиологиялық, радиациялық және экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеуге;

3) жер салығын, жер учаскелерін пайдалану төлемақысын және Қазақстан Республикасының заңдары мен шартта көзделген басқа да төлемдерді уақтылы төлеуге;

4) жануарлар дүниесін, орман, су және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану тәртібін сақтауға, жер учаскесінде орналасқан, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет қорғауындағы тарихи-мәдени мұра объектілері мен басқа да объектілерді қорғауды қамтамасыз етуге;

5) жер учаскесінде шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де арнаулы талаптарды (нормаларды, ережелерді, нормативтерді) сақтауға;

6) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген жердің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді уақтылы табыс етіп отыруға;

7) басқа меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға;

8) топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және оның құнарлылығының нашарлауына, сондай-ақ топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алу құнарлы қабаттың біржола жоғалуын болғызбау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатымен оны сыдырып алуға жол бермеуге;

9) Жер Кодексінде көзделген тәртіппен сервитуттар беруді қамтамасыз етуге;

10) өздерінің меншігі болып табылмайтын анықталған өндіріс пен тұтыну қалдықтары туралы жергілікті атқарушы органдарға хабарлауға міндетті.

Жерді пайдалану құқығы жерді пайдалану құқығының берілуімен, жерді пайдалану құқығының табысталуымен, жерді пайдалану құқығының универсалды мирасқорлық тәртібімен берілу жолдары арқылы туындайды.

Жерді пайдалану құқығының жүзеге асырылу жолдары:

1. Мемлекеттік органдардың актілері;
2. Азаматтық-құқықтық шарттар;
3. Қазақстан Республикасы заңдарымен қарастырылған өзге де негіздемелер бойынша.

ҚР Жер кодексінің 81-бабына сәйкес, жер учаскесіне жеке меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы:

1) меншік иесі - жер учаскесін немесе жер пайдаланушы жер пайдалану құқығын иеліктен шығарып басқа тұлғаларға берген;

2) меншік иесі меншік құқығынан немесе жер пайдаланушы жер пайдалану құқығынан бас тартқан;

3) жер учаскесіне меншік құқығынан немесе жер пайдалану құқығынан Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда айырылған ретте тоқтатылады.

3.3. ЖЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ЖЕР ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАКЕРШІЛІК

Жер пайдалану құқығы мерзім бойынша тұрақты жер пайдалану құқығы және уақытша жер пайдалану құқығы деп екі түрге бөлінеді.

Жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен мынадай мемлекеттік жер пайдаланушыларға:

1) кондоминиум объектілеріндегі үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды), үй-жайларды шаруашылық жүргізу құқығымен немесе оралымды басқару құқығымен иеленетін заңды тұлғаларға;

2) ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, тәжірибе және оқу мақсаттарына;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінде жер пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда беріледі. Тұрақты жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға тиесілі болмайды.

Жер учаскесі азаматтар мен заңды тұлғаларға уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) немесе уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен берілуі мүмкін. Егер Жер Кодексінде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жағдайларын қоспағанда, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы қысқа мерзімді (5 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (5 жылдан 49 жылға дейін) болуы мүмкін.

Жер пайдалану құқығын өзге тұлғаға табыстау мүмкіндігі бойынша жер пайдалану құқығы иеліктен шығарылатын және иеліктен шығарылмайтын болып бөлінеді.

Жер пайдалану құқығын беру тұлғаға жер пайдалану құқығын басқа жер пайдаланушының беретінін білдіреді. Жер пайдалану құқығын беру азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын иеліктен шығару азаматтық-құқықтық мәмілелер (сатып алу-сату, сыйға тарту, айырбастау және басқалар) негізінде жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын белгілі бір мерзімге басқа тұлғаға беру жалдау немесе жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану шартының негізінде жүргізіледі. Жер пайдалану (жалдау) құқығын беру мен оны иеліктен шығаруды уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сатып алған тұлғалар ғана жүргізе алады. Жер пайдалану құқығын иеліктен шығару және оны беру кезінде жер пайдаланушылардың жер учаскесінің нысаналы мақсатын өз бетінше өзгертуге құқығы жоқ.

Жер пайдалану құқығының түрге бөліну критеріі болып сонымен қатар ақылылық табылады, оның екі түрі бар: өтеулі жер пайдалану (жалдау) немесе уақытша өтеусіз. уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жағдайларын қоспағанда, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы қысқа мерзімді (5 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (5 жылдан 49 жылға дейін) болуы мүмкін. Уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) шекті мерзімдері Жер Кодексінде белгіленген уақытша жер пайдалану мерзімдеріне сәйкес жер учаскесін нысаналы пайдалану ерекшеліктері ескеріле отырып, жалдаушының өтініші негізінде белгіленеді.

Жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен:

- шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін;
- тұрғын халықтың мал жаюы мен шөп шабуы үшін;

- мемлекеттік жер пайдаланушыларға;
- бақша өсіру үшін;
- қызметтік жер телімі түрінде;
- ортақ пайдаланылатын жолдарды салу, мемлекеттік меншіктегі және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер құрылысы кезеңіне;
- тозған және бүлінген жерлерді қалпына келтіру кезінде;
- концессия шартының қолданылу мерзіміне;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен үйлерді (үй-жайларды) және ғимараттарды уақытша өтеусіз пайдалануға берген кезде;
- ғибадат объектілері үшін берілуі мүмкін. Уақытша өтеусіз жер пайдалану мерзімі жер учаскелерін қызметтік жер телімі түрінде және тозған әрі бүлінген жерді қалпына келтіру үшін берілетін жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ концессиялық жобаларды іске асыру үшін жер учаскелерін беру жағдайларында бес жылдан аспауға тиіс. Үйлер (үй-жайлар) мен ғимараттарға берілген жер учаскесін уақытша өтеусіз жер пайдалану мерзімі үйлерді (үй-жайларды) және ғимараттарды, соның ішінде ғибадат құрылыстарын уақытша өтеусіз пайдалану мерзімімен айқындалады.

Жер пайдалану құқығының жіктелу негіздерінің келесі түрі - субъектілері бойынша. Бастапқы жер пайдаланушы өзінің жер пайдалану құқығын иелігінен шығармай, ал өзіне тиесілі учаскені (немесе оның бір бөлігін) жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органына хабарлай отырып, басқа тұлғаға уақытша жер пайдалануға беретін жағдайларда, кейінгі жер пайдалану туралы шарттың негізінде кейінгі жер пайдалану туындайды. Кейінгі жер пайдаланушы әрдайым уақытша жер пайдаланушы болып табылады, өз құқықтарын басқа жер пайдаланушыларға беруге құқығы болмайды. Жер учаскесін кейінгі жер пайдалануға берген кезде бастапқы және кейінгі жер пайдаланушылар жер пайдаланушының мемлекет алдындағы міндеттерін толық көлемінде атқарады. Кейінгі жер

пайдалану туралы шарт жалдау шарты немесе уақытша өтеусіз пайдалану туралы шарт нысанында жасалады. Кейінгі жер пайдаланушы жер учаскесінде шаруашылық жүргізуді жүзеге асырады, сондай-ақ кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) туралы шартта белгіленген шарттарды сақтай отырып, жер пайдаланушының басқа да құқықтары мен міндеттерін іске асырады.

4.4. СУДЫ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ. СУ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

4.1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 1-бабының 32-тармағына сәйкес, сулар - су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы.

Шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары Қазақстан Республикасының су объектілеріне жатады. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті су объектілері, жер асты сулары бар жер қойнауының бөліктері.

Аталған кодекстің 11-бабының 2-тармағына сәйкес, су объектілері:

- 1) жер үсті су объектілері;
- 2) жер асты су объектілері;
- 3) Қазақстан Республикасының теңіз сулары;
- 4) трансшекаралық сулар болып бөлінеді.

Пайдалану түрлеріне қарай су объектілері:

- 1) ортақ пайдаланудағы су объектілері;
- 2) бірлесіп пайдаланудағы су объектілері;
- 3) оқшау пайдаланудағы су объектілері;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері;
- 5) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері;
- 6) мемлекеттік орман қорының су объектілері болып бөлінеді.

Жер үсті су объектілері:

- 1) су айдындары - өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа ішкі су айдындары, аумақтық сулар;
- 2) мұздықтар, батпақтар болып бөлінеді. Жер үсті су объектілері жер үсті суларынан, олардың түбінен және жағалауынан тұрады.

Жер асты су объектілеріне мыналар жатады:

- 1) су тұтқыш аймақтар, тау-кен жыныстарының жиектері мен кешендері;

- 2) жер асты сулары орындары мен учаскелері;
- 3) жер асты суларының құрлықта немесе су астынан табиғи шығуы;
- 4) жер қойнауының суландырылған учаскелері.

Қазақстан Республикасының теңіз суларына, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары жатады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын белгілейтін және (немесе) қиып өтетін жер үсті және жер асты сулары трансшекаралық сулар болып табылады. Бұдан өзге тағы да ортақ пайдаланудағы су объектілері, бірлесіп пайдаланудағы су объектілері, оқшау пайдаланудағы су объектілері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері болып бөлінеді.

Сулардың өздеріне тән бірнеше функциялары бар: экологиялық - тіршілікті қамтамасыз ету, орта түзуші, климатты реттеуші; экономикалық, мәдени-сауықтыру, эстетикалық.

ҚР Су кодексінің 4 -бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының су қоры Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығын қамтиды. Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады. Су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган, Конституцияда, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы басқару құрылымы кешенділігі мен қоса бағыныстылығы ескеріле отырып, мынадай деңгейлерге бөлінеді:

- 1) мемлекетаралық;
- 2) мемлекеттік;
- 3) бассейндік;
- 4) аумақтық.

Мемлекеттік органдар су қорын ұтымды пайдалану және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді тартуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті:

- 1) су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
- 2) елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану ережесін бекітеді;
- 3) елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау ережесін бекітеді;
- 4) республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқаруды ұйымдастырады;
- 5) суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін белгілейді;
- 6) сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекітеді;
- 7) ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтер құнын субсидиялау тәртібін бекітеді;
- 8) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін бекітеді;

9) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту тәртібін белгілейді;

10) су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру тәртібін белгілейді;

11) су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде берудің тәртібін айқындайды;

12) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, орналастыру және пайдалануға беру тәртібін, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын белгілейді, және т.б. өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

ҚР ауыл шаруашылығы Министрлігінің су ресурстары Комитеті су ресурстарын басқару аясындағы құзыреті шегінде арнайы атқарушы функцияларды жүзеге асыратын ведомство болып табылады, оның құзыреті ҚР Су Кодексінің 37 - бабында көрсетілген:

1. Өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

2. Елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

3. Негізгі өзендердің бассейндері мен тұтас алғанда республика бойынша басқа да су объектілері бойынша су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемаларын әзірлейді;

4. Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің өлшемдерін әзірлейді;

5. Экономика салаларында су тұтынудың үлестік нормаларын келіседі;

6. Бекітіп берілуі бойынша конкурсқа қойылатын жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін келіседі;

7. Ортақ су пайдаланудың үлгі ережелерін әзірлейді;

8. Салық органына ұсынғанға дейін жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша салық есептілігін растайды;

9. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде арнайы су пайдалануға рұқсатты беруді, қолданысын тоқтата тұруды және оны қайтарып алуды жүзеге асырады;

10. Арнайы су пайдалануға рұқсат беруге өтініште көрсетілетін мәліметтерді айқындайды;

11. Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейінде су пайдалану лимиттерін бекітеді, және т.б. Су Кодексінде, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Өзге де уәкілетті органдардың функциялары мен міндеттері аталған заңның сәйкес баптарында көрініс тақан.

Су объектілері:

1) зиянды қауіпті химиялық және уытты заттармен және олардың қоспаларымен табиғи және техногендік ластанудан, жылу, бактериялық, радиациялық және басқа ластанудан;

2) қатты, ерімейтін заттармен, өндірістік, тұрмыстық және өзге де тектегі қалдықтармен қоқыстанудан;

3) сарқылудан қорғалуға тиіс.

ҚР Су кодексінің 1-бабының 38-тармағына сәйкес, су объектілерін қорғау - су объектілерін сақтауға, қалпына келтіруге және ұдайы молайтуға, сондай-ақ судың зиянды әсеріне жол бермеуге бағытталған қызмет.

Су объектілері:

1) табиғи жүйелердің экологиялық тұрақтылығының бұзылуын;

- 2) халықтың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуін;
- 3) балық ресурстары мен басқа да су жануарларының азаюын;
- 4) сумен жабдықтау жағдайларының нашарлауын;
- 5) су объектілерінің табиғи молаю және тазару қабілетінің төмендеуін;
- 6) су объектілері гидрологиялық және гидрогеологиялық режимінің нашарлауын;
- 7) су объектілерінің физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттеріне теріс әсер ететін басқа да қолайсыз құбылыстарды болғызбау мақсатымен қорғалуға тиіс (ҚР СК, 112-бап).

Су объектілерін қорғау:

- 1) су объектілерін пайдаланудың кез келген түрін жүзеге асыратын барлық су пайдаланушыларға осы объектілерді қорғау жөнінде ортақ талаптар қою;
- 2) шаруашылық қызметінің жекелеген түрлеріне арнайы талаптар қою;
- 3) жаңа техника мен экологиялық, эпидемиологиялық жағынан қауіпсіз технологиялар енгізе отырып, су қорғау іс-шараларын жетілдіру және қолдану;
- 4) су қорғау аймақтарын, су объектілерінің қорғау белдеулерін, ауыз сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу;
- 5) су объектілерін пайдалану мен қорғауды бақылаудың мемлекеттік және басқа да нысандарын жүргізу;
- 6) су объектілерін қорғау жөніндегі талаптардың орындалмағаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Су объектілерінің сапалық жай-күйін нашарлататын және пайдаланылуын қиындататын заттардың немесе ластаушы нәрселердің су объектілеріне тасталуы немесе өзге де тәсілмен түсуі су объектілерінің ластануы деп танылады. Су объектілерін, диффузиялық ластануды (жер беті мен ауа арқылы ластану) қоса алғанда, ластанудың барлық түрінен қорғау жүзеге асырылады. Су объектілерін ластанудан қорғау мақсатында: 1) су объектілерінің су жинау алаңында улы химикаттарды, тыңайтқыштарды

қолдануға тыйым салынады. Су объектілерінің су жинау алаңы мен санитарлық қорғау аймағында дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жүргізіледі; 2) радиоактивті және уытты заттарды су объектілеріне тастауға және көмуге; 3) тазарту құрылыстары жоқ және нормативтерге сәйкес тиімді тазартуды қамтамасыз етпейтін өнеркәсіп, тамақ объектілерінің ағынды суларын су объектілеріне ағызуға; 4) су объектілерінде радиоактивті және уытты заттар бөлінуі қоса жүретін технологиялардың ядролық және өзге де түрлері пайдаланылатын жарылыс жұмыстарын жүргізуге; 5) су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін техника мен технологиялардың қолданылуына тыйым салынады.

Су объектісіне қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтардың, сондай-ақ салмақты бөлшектердің түсуі, соның салдарынан оның гидрологиялық жай-күйі нашарлап, су пайдаланудың қиындауы су объектілерінің қоқыстануы деп танылады. Су объектілеріне қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтарды тастауға және оларды көмуге тыйым салынады. Су объектілерінің су жинау аландарын, су объектілерінің мұз қабатын, мұздықтарды қатты, өндірістік, тұрмыстық және шайылу кезінде жер үсті және жер асты су объектілерінің сапасын нашарлатуға әкеп соғатын басқа да қалдықтармен қоқыстауға жол берілмейді.

Ағындының рұқсат етілетін деңгейінің ең аз мөлшерінің, жер үсті су қорының азаюы немесе жер асты су қорының кемуі су объектілерінің сарқылуы деп танылады. Су объектілерінің сарқылуын болғызбау мақсатында су объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар:

- 1) су объектілерінен лимиттен тыс қайтарымсыз су алуға жол бермеуге;
- 2) су қорғау аймақтары мен белдеулері аумағында жер жыртуға, мал тоғыту мен санитарлық дауалауға, құрылыстар салуға және су объектілерінің

сарқылуына әкеп соғатын басқа да шаруашылық қызмет түрлерін жүргізуге жол бермеуге;

3) су қорғау іс-шараларын жүргізуге міндетті. Жеке және заңды тұлғалар жүргізетін су объектілерінің сарқылуын болғызбауға бағытталған су қорғау іс-шаралары уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен алдын ала келісіледі.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 33 - тарау, 224 - бабында су объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар реті берілген, яғни Су объектілерінде суды ортақ пайдалану Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Жеке және заңды тұлғалар облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген суды ортақ пайдалану ережелерін сақтауға міндетті. Су объектілерінің жай- күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын қорғаудың, санитарлық- эпидемиологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдаланудың талаптары мен ережелерін сақтай отырып, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлар ескеріле отырып жүргізіледі. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салу, реконструкциялау, пайдалану, консервациялау, жою, қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының оң қорытындылары болған кезде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар аталған Кодекстің 225 - бабында сарқынды суды ағызып жіберу кезіндегі экологиялық талаптар тізбесі көрсетілген: 1) Табиғи су объектілерін сарқынды суды ағызып жіберу үшін пайдалануға тыйым салынады. 2) Қоршаған ортаға эмиссияға тиісті экологиялық рұқсат бар болған кезде сарқынды суды жер үсті су объектілеріне және жер қойнауына

ағызып жіберуге жол беріледі. 3) Сарқынды суды жинақтаушысы бар табиғат пайдаланушылар оның қоршаған ортаға әсерін болғызбайтын қажетті шаралар қабылдауға, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін осы жинақтаушылар орналасқан жердің қайта өңделуін жүзеге асыруға міндетті.

4) Табиғат пайдаланушы ластаушы заттардың сарқынды суда белгіленген шоғырлану нормативтерін асыра немесе сарқынды судың құрамына экологиялық рұқсатта көзделмеген жаңа заттарды қоса алмайды. Аталған талаптар бұзылған кезде сарқынды суды ағызып жіберу тоқтатылуға тиіс. Беткі су айдынына ағызылатын су мөлдір, бояусыз, иіссіз болуға, құрамында ауру тудыратын бактериялар және гигиеналық нормативтерден асатын шоғырлануларда адамның денсаулығы мен жануарлар үшін зиянды заттар болмауға тиіс. Ағызылатын судың температурасы Цельсий бойынша 30 градустан аспауға тиіс. 5) Ағызылатын суда бетон мен металды бүлдіріп-бұзатын заттар болмауға тиіс. 6) Сарқынды суды, олардың тазалану деңгейіне қарамастан, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғалу аймақтарындағы, курорттардағы, суға түсуге арналған жерлердегі су айдындарына ағызып жіберуге жол берілмейді. 7) Сарқынды суды су объектілеріне, жер қойнауына, сарқынды су жинақтауыштарға, жергілікті жердің рельефіне ағызуды жүзеге асыратын немесе су бөлудің тұйықталған циклінде жұмыс істейтін табиғат пайдаланушылар Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес су көлемін есептеу аспаптарын пайдалануға және су тұтыну мен су бөлуді есепке алу журналын жүргізуге тиіс. 8) Тау-кен металлургиясы кәсіпорындарының карьер суын, сондай-ақ сумен суыту үшін пайдаланылатын суларды сумен жабдықтаудың тұйықталған (айналымды) жүйесінде орналасқан су жинақтауыштарға төгуді қоспағанда, сарқынды суларды алдын ала тазартусыз су объектілеріне, сарқынды су жинақтауыштарға, жергілікті жердің рельефіне ағызуды тыйым салынады.

Жоғарыда аталаған талаптар орындалмаған жағдайда кінәлілер әкімшілік, қылмыстық, азаматтық және тәртіптік жауапкершілікке

тартылады, яғни Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

4.2. СУ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІМЕН ТҮРЛЕРІ

Су пайдалану құқығының түсінігі мен түрлері.

2. Қазақстан Республикасының Су Кодексі 1 - бабының 41 - тармағына сәйкес, су пайдалану - жеке және заңды тұлғалардың өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалануы.

Су пайдалану құқығының объектісі болып су қоймалары немесе олардың жекелеген аймақтары табылады.

Су пайдаланушы - өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға.

ҚР СК 71 - бабына сай, су пайдаланушылардың:

1) Қазақстан Республикасының су заңдарында көзделген шарттар мен талаптарды сақтай отырып, су объектілерін берілген максаттарында пайдалануға;

2) су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқығын өз қалауына қарай жүзеге асыруға, бұл орайда, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілері мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су қорының жерлерін пайдалануға;

4) су пайдаланушылардың бірлестіктерін, одақтарын (қауымдастықтарын) және басқа да коммерциялық емес ұйымдарын құруға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су шаруашылығы қызметін жүзеге асыру үшін су объектілерінің жай-күйі туралы ақпарат алуға;

6) берілетін судың сапасы мен мөлшерін тексеруге;

7) су пайдалануға өз құқықтарын қорғауға;

8) белгіленген су беру лимиті мен режиміне сәйкес құқықтардың, соның ішінде су алу құқықтарының бұзылуынан келтірілген зиянды өтеттіруге;

9) Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы заңдарында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Су пайдаланушылар:

1) су ресурстарын ұтымды пайдалануға, судың ысырабын қысқартуға шаралар қолдануға;

2) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына ұқыпты қарауға, оларға зиян келтірілуіне жол бермеуге;

3) белгіленген су пайдалану лимиттерін, рұқсат етілген көлемдері мен режимдерін сақтауға;

4) басқа су пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге;

5) судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстары мен техникалық құрылыстарды ақаусыз күйінде ұстауға, олардың пайдаланылу сапасын жақсартуға, су ресурстарын пайдалануды есепке алуға, су шаруашылығы құрылыстарының су тарту, су жіберу мен сарқынды және коллекторлық суларды ағызу құрылыстарын өлшеу құралдарымен және су өлшеу аспаптарымен жабдықтауға;

6) су қорғау іс-шараларын жүзеге асыруға;

7) арнайы су пайдалануға рұқсатта белгіленген су пайдалану шарттарын, сондай-ақ бақылаушы органдардың нұсқамаларын белгіленген мерзімде толық көлемінде орындауға;

8) белгіленген нормативтерден асатын зиянды заттардың ағызылуына жол бермеуге;

9) су объектісін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нысан бойынша пайдалану туралы анық және толық ақпаратты мемлекеттік органдарға уақтылы ұсынуға;

10) су үнемдеуші технологияларды, суарудың озық техникасын, сумен жабдықтаудың айналымдық және қайталама жүйелерін енгізуге шаралар қолдануға, т.б. міндетті.

Су пайдалану құқығы заңмен қорғалады. Су Кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында аталған негіздерден өзгеше ешкімді де су пайдалану құқығынан айыруға болмайды. Су пайдаланушылардың су пайдалану құқығына қысым көрсетумен байланысты олардың қызметіне мемлекеттік органдардың тарапынан араласуға тыйым салынады. Мемлекет қауіпсіздігі мен қорғанысын, халықтың денсаулығын сақтауды, қоршаған ортаны, тарихи-мәдени мұраны, басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ су тапшылығы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су пайдалану құқығы шектелуі мүмкін. Су пайдалану құқығын шектеу халықтың ауыз су және тұрмыстық мұқтаждары үшін су ресурстарын пайдалану жағдайын нашарлатпауға тиіс.

ҚР Су Кодексінің 64 - бабында су пайдалану құқығының түрлері берілген. Субъектілердің тобы бойынша:

- 1) ортақ су пайдалану құқығы;
- 2) арнайы су пайдалану құқығы;
- 3) оқшау су пайдалану құқығы;
- 4) бірлесіп су пайдалану құқығы болып бөлінеді. Туындау негіздемелері

бойынша:

- 1) бастапқы су пайдалану құқығы;
- 2) қосалқы су пайдалану құқығы болып бөлінеді. Қолдану мерзімдері

бойынша:

- 1) тұрақты су пайдалану құқығы;
- 2) уақытша су пайдалану құқығы болып бөлінеді.

Азамат үшін ортақ су пайдалану құқығы ол туған кезден бастап туындайды және ешбір жағдайда да шеттетілуі мүмкін емес. Су Кодексінде

белгіленген тәртіппен берілген рұқсат алынған кезден бастап арнайы су пайдалану құқығы туындайды. Мынадай құрылыстар мен техникалық құрылыстарды: 1) суды жер үсті қабатынан және теңіз суларынан механикалық және өз ағысымен тарту жөніндегі стационарлық, жылжымалы және жүзбелі құрылыстарды; 2) өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, коллекторлы-сорғыту, жауын-шашынды және басқа да қалдық суларды жер үсті және теңіз суларына ағызуға арналған су бұру құрылыстарын; 3) қалдық суларды суармалы, буландыру, сүзгі алқаптарына және жергілікті жер бедеріне бұруға арналған құрылыстарды; 4) бөгеттерді және басқа да суды тежейтін және суды реттейтін құрылыстарды (соның ішінде уақытша бөгеу құрылыстарын); 5) гидравликалық электр станцияларын, т.б. пайдалану арнайы су пайдалануға жатады.

Су объектілерін немесе олардың бір бөлігін бір жеке немесе заңды тұлғаға пайдалануға берген кезде оқшау су пайдалану құқығы туындайды. Оқшау су пайдалануға берілген су объектілерінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген шарттармен ортақ су пайдалануға рұқсат етіледі. Оқшау су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ортақ су пайдалану жағдайлары немесе оған тыйым салу туралы жариялауға міндетті.

Бірлесіп су пайдалану құқығы су объектілерін немесе олардың бір бөлігін бірнеше жеке және (немесе) заңды тұлғаға пайдалануға берген кезде туындайды. Бірлесіп су пайдалану кезінде бірінші кезекте халықты ауыз сумен жабдықтаумен айналысатын су пайдаланушылардың мүдделері, сондай-ақ су аяғында орналасқан су пайдаланушылардың мүдделері қанағаттандырылады. Бірлесіп су пайдалануға берілген су объектілерінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген жағдайлармен ортақ су пайдалануға рұқсат

етіледі. Бірлесіп су пайдаланатын су пайдаланушылар, егер облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының шешімдерімен өзгеше белгіленбесе, ортақ су пайдалану жағдайлары немесе оған тыйым салу туралы жариялауға міндетті.

Өз мұқтаждарын қанағаттандыру немесе оны қайталама су пайдаланушыларға жеткізу үшін тікелей су объектілерінен су алуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы бастапқы су пайдалану болып табылады.

Бастапқы су пайдаланушыдан шарт негізінде су алатын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы қайталама су пайдалану болып табылады.

Су объектілері тұрақты немесе уақытша су пайдалануға беріледі. Мерзімі белгіленбеген су пайдалану тұрақты деп танылады. Уақытша су пайдалану қысқа мерзімді - бес жылға дейін және ұзақ мерзімді - бес жылдан қырық тоғыз жылға дейін болуы мүмкін. Қажет болған жағдайда су пайдалану мерзімдері ұзартылуы мүмкін. Арнайы су пайдалану мерзімдері су объектісінің ресурстық әлеуеті мен ағымдағы экологиялық жай-күйіне байланысты болады. Ортақ су пайдалану тұрақты болып табылады.

5.1. Орманды пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.

5.1. Ормандар пайдалану мен қорғаудың объектісі ретінде.

5.1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдеде қабылданған Орман Кодексінің 4 - бабының 32-тармағына сәйкес, орман - ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің жиынтығы негізінде белгілі бір аумақта қалыптасатын, қоршаған ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен.

Орман пайдалану - орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет. Орман пайдаланушы - Орман Кодексінде белгіленген тәртіппен уақытша орман пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға.

Орманды қорғау объектісі ретінде айқындайтын келесідей белгілерді атап өтуге болады:

1. биологиялық белгі - ағашты, бұталы және шөпті өсімдіктер жиынтығы;
2. заңдық белгі - бекітілген заңды тәртіппен ерекшеленген орман қорының жерінде өніп - өсу;
3. экологиялық белгі - қоршаған табиғи орта жағдайына әсер ету.

Ормандардың экологиялық функциялары:

1. Өмірді қамтамасыз етуші;
2. Орта түзуші;
3. Климат реттеуші;
4. Су қорғаушы;
5. Жер қыртысын қорғаушы.

Сонымен қатар орманның санитарлы - сауықтыру, мәдени - эстетикалық, ғылыми - танымдық, экономикалық функциялары бар.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдеде қабылданған Орман Кодексінің 6 - бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағындағы

барлық орман, сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне арналған орман қоры жерлері Қазақстан Республикасының орман қорын құрайды.

Орман қоры мемлекеттік және жекеше орман қорларынан тұрады. Мемлекеттік орман қорына: 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда) табиғи және қолдан өсірілген ормандар; 2) табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының қажеттері үшін берілген, орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері; 3) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды құбырлардың және басқа желілік құрылыстардың белдеулеріндегі ені он метр және одан көбірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелері жатады.

ҚР Орман Кодексінің 44 - бабына сәйкес, ормандардың атқаратын функцияларының басымдықтарына қарай мемлекеттік орман қоры: 1) ерекше қорғалатын орман аумақтары, оның ішінде:

- мемлекеттік табиғи қорықтар ормандары;
- мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар ормандары;
- мемлекеттік табиғи резерваттар ормандары;
- мемлекеттік өңірлік табиғи саябақтар ормандары;
- мемлекеттік қорық аймақтары ормандары;
- табиғаттың мемлекеттік орман ескерткіштері;
- орманның гендік резерваттарын қоса, ғылыми маңызы бар орман учаскелері;
- аса құнды орман алаптары;
- жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары;
- орман-жеміс екпелері;

аса биік тау ормандары; 2) мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулері; 3) қала ормандары; 4) елді мекендердің және емдеу-сауықтыру

мекемелерінің жасыл аймақтары; 5) эрозияға қарсы ормандар; 6) өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа да су объектілері жағалауларындағы тыйым салынған орман белдеулері; 7) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары, каналдар, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер; 8) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орманды белдеулер; 9) егіс- топырақ қорғаныштық ормандар санаттарына бөлінеді.

Жекеше орман қорына Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен жасалған:

- 1) қолдан өсірілген екпелер;
- 2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;
- 3) жекеше орман питомниктері;
- 4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;
- 5) агроорман-мелиорациялық екпелер;
- 6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі қорғаныштық екпелер жатады.

ҚР ОК 6- бабының 5- тармағына сәйкес, орман қорына:

- 1) мемлекеттік орман қорының жерінен тыс орналасқан жекелеген ағаштар және көлемі 0,05 гектардан кем шоқ ағаштар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі бұта өсімдіктер;
- 2) қала ормандарын қоспағанда, елді мекендер шекарасы шегіндегі жасыл желектер;
- 3) үй маңындағы, саяжайлар мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталар кірмейді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады және республикалық меншікте болады.

Ормандарды иелену, пайдалану мен билік ету ҚР Үкіметімен жүзеге асырылады. Жекеше орман қоры учаскелерін иеленуді, пайдалану мен оған билік етуді, Орман Кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес, жекеше орман иеленушілер жүзеге асырады.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адамға және мемлекеттік органдар жүйесіне Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, яғни Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, сондай-ақ Конституцияда, Орман Кодексінде, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалған өз құзыреті шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жатады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- мемлекеттік орман саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- мемлекеттік орман қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады;
- мемлекеттік орман қорын санаттар бойынша бөлуді бекітеді;
- мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрікті түбірімен босату және ағаш кесу ережелерін бекітеді;
- өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу қағидаларын бекітеді;
- мемлекеттік орман қорының аумағында орман орналастыруды жүргізу қағидаларын бекітеді;
- Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді алып қою көлемін бекітеді;

•Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзу арқылы келтірілген зиянның мөлшерін есептеудің базалық ставкаларын бекітеді;

• мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, орман қорын пайдалану, молықтыру мен орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекітеді, т.б.

• Уәкілетті орган, яғни Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің құзыреті:

•Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде мемлекеттік орман қорын иелену мен пайдалануды жүзеге асырады;

• мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды және оны іске асырады;

• орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өзінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

• Қазақстан Республикасының орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

• орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуы мен орман өсіруге тексерулер арқылы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

• мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі есептік кеспеағаш аймағын және ағаштың кесілетін жасын әзірлеу мен бекітуді қамтамасыз етеді;

• мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және оларды жүргізуді қамтамасыз етеді;

•Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман қатынастары саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, т.б. өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Өзге де уәкілетті органдардың функциялары мен міндеттері аталған заңның сәйкес баптарында көрініс тақан.

ҚР Орман Кодексінің 4 - бабының 66-тармағына сәйкес, орманды қорғау - орманды орман зиянкестерінен, ауруларынан жәнетабиғи, антропогендік және техногендік сипаттағы қолайсыз факторлар әсерінен қорғау жөнінде жер үстіндегі және авиациялық әдістермен жүзеге асырылатын іс-шаралар жиынтығы.

Мемлекеттік орман қорын күзету мен қорғаудың негізгі міндеттері:

1) ормандағы өрттердің алдын алу, оларды дер кезінде байқап, жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

2) мемлекеттік орман қоры аумағындағы барлық жұмыс істейтін әрі сонда орналасқан ұйымдардың, сондай-ақ орманда болатын жеке тұлғалардың ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелері мен санитарлық ережелерді сақтауын қамтамасыз ету;

3) орманды заңсыз ағаш кесуден, зақымдаудан, ұрлаудан және Қазақстан Республикасының орман заңдарын басқадай бұзушылықтан қорғау, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлерін күзету;

4) орман пайдаланушылардың сүрікті түбірімен босату, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу ережелерін және орман пайдаланудың басқа да түрлері ережелерін орындауын қамтамасыз ету;

5) орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтау, олардың өсіп-көбеюін болжау және оларға қарсы күресу;

6) биотехникалық іс-шараларды жүргізу;

7) мемлекеттік орман қоры аумағында аң аулау мен балық аулау ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

8) мемлекеттік орман қорының күзетілуін, қорғалуын, ормандардың молықтырылуын, ұтымды пайдаланылуын және орман өсіруді қамтамасыз ететін басқа да іс-әрекеттер;

9) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Орманды, орман қорын пайдалануды жүзеге асыру кезінде қойылатын талаптар ҚР 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданған Экологиялық Кодексінің «Ормандарды және өзге де өсімдіктерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» деп аталатын 34-тарауында бекітілген:

- Аралық пайдалану мақсатында ағаш кесуді жүзеге асырған кезіндегі экологиялық талаптар (226 - бап);

- Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар (227 - бап);

- Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын ұйымдастыру кезіндегі экологиялық талаптар (228 - бап);

- Ормандарды молықтыру мен орман өсіру кезіндегі экологиялық талаптар (229 - бап);

- Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін орман тұқымдары мен екпе материалдарды дайындау, өңдеу, сақтау, орнын ауыстыру, сату және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (230 - бап);

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ормандарды молықтырған және орман өсірген кезде мемлекеттік орман қорының учаскелерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (231 - бап);

- Қалалық ормандар мен орман саябақтарында орманды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (232 - бап);

- Жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (233 - бап);

- Басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерін күзету, қорғау, пайдалану, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру кезіндегі экологиялық талаптар (234 - бап);

- Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екіпелерді күзету, қорғау және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (235 - бап).

5.2. ОРМАН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІМЕН ТҮРЛЕРІ

5.2. Жоғарыда атап кеткеніміздей, орман пайдалану - орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет.

Орман қорын пайдалану - жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген орман пайдалану, сондай-ақ орман қоры аумағындағы жерді, суды және кең таралған пайдалы қазбаларды шаруашылық және өзге де мақсаттарда пайдалану құқығы.

Орман пайдалану құқығының объектісі - орман учаскелері.

Орман пайдалану құқығының субъектілері - орман пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар, сонымен қатар шет елдіктер де болуы мүмкін.

ҚР Орман Кодексінің 37 - бабына сәйкес, орман пайдаланушылардың:

1) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды рұқсаттама құжаттарында көрсетілген көлемде жүзеге асыруға; 2) өздеріне орман пайдалануда берілген орман ресурстары туралы ақпарат алуға; 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман пайдалану мерзіміне құрылыстар мен ғимараттар, сүрек сақтау қоймаларын салуға, ағаш таситын жолдар тартуға, сүректі және мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға байланысты басқа да орман өнімдерін өңдеу үшін жабдықтар орнатуға; 4) мемлекеттік орман қорының санаттарының өзгеруі, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алып қою салдарынан келтірілген шығындарға өтем алуға; 5) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік орман иеленушімен келісім бойынша орман питомниктері мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді орналастыруға құқығы бар.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын жүзеге асыруы кезінде өздерінің міндеттерін тиісті дәрежеде орындаған орман пайдаланушылар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында өзгеше белгіленбесе,

шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұлғалардың алдында басқа да тең жағдайларда жаңа мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын жасауға басымдық құқыққа ие болады.

Орман пайдаланушылар:

1) ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарын, сондай-ақ ағаш кесу билетімен, орман билетімен белгіленген талаптарды сақтауға;

2) тұрғын халықтың денсаулығына зиян келтіруіне жол бермеуге;

3) жұмысты топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың жай-күйі мен молайтылуына, сондай-ақ су және басқа да табиғи объектілердің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе оны шектейтін және жануарлар дүниесі мен олар тіршілік ететін ортаның сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізуге;

4) сүрек дайындаған кезде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілген техника мен технологияларды пайдалана отырып ормандарды табиғи түрде молықтыру үшін оңтайлы жағдайларды сақтау жөніндегі талаптарды ұстануға;

5) мемлекеттік орман қорының өздеріне орман пайдалану үшін бөлініп берілген учаскелерінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға, өз қаражаты есебінен орман өрттерінің алдын алу іс-шараларын жүргізуге; орман өрті туындаған жағдайда ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында көзделген шекарада оны сөндіруді жүзеге асыруға; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қорының басқа да учаскелерінде орман өрттерін сөндіруге қатысуға, т.б. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

ҚР Орман Кодексінің 29-бабында мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығының туындау реті берілген, яғни мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижелері туралы хаттама және сол негізге алынып жасалған

шарт негізінде туындайды. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы орман билетінің негізінде туындайды. Орман пайдаланушы жеке тұлға қайтыс болған жағдайда оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен басқа адамға ауысады. Орман пайдаланушы заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқоры - заңды тұлғаға ауысады. Орман пайдалану құқығы тек қана орман пайдалану түрі сақталғанда, құқық мирасқорының орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті қаражаты мен өндірістік қуаты және облыстық атқарушы органдар айқындайтын, тиісті біліктілігі бар мамандары болғанда ауысуы мүмкін. Орман пайдалану құқығының ауысуы ұзақ мерзімді орман пайдалану шартына, ағаш кесу билетіне, орман билетіне өзгерістер енгізу арқылы ресімделеді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі. Ағаш кесу билетін беруге мыналар негіз болып табылады: 1) мемлекеттік орман иеленушілер үшін - уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі; 2) орман пайдаланушылар үшін - уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты.

Ағаш кесу билеті орман пайдаланушы мен орман иеленушіге сүрек, кесілген ағаш қалдықтарын (ұшар басынан алынған отын), шайыр, ағаш шырындарын және қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға және кеспеағаш аймағынан ағаштар, сыпталған ағаштар немесе сортименттер (қабығы алынбаған іске жарамды және отындық) түрінде тасып әкетуге құқық беретін құжат болып табылады.

Орман билеті жанама орман пайдалануды жүзеге асыруға, мемлекеттік орман қоры учаскелерін аң шаруашылығы, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар қажеттігі үшін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады. Ағаш кесу билетінің және орман билетінің нысанын, оларды есепке алудың, сақтаудың, толтыру мен берудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Жекеше орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жекеше орман иеленуші айқындайтын тәртіппен туындайды.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы:

орман пайдаланушы орман пайдалану құқығынан ерікті түрде орманды пайдалану құқығынан айырылады:

- 1) Өз еркімен бас тартқан жағыдайда;
- 2) Орман пайдалану мерзімі өткеннен кейін;
- 3) Орман пайдаланушы заңды тұлға таратылғаннан кейін;
- 4) орман пайдаланушы орман пайдаланудың белгіленген ережелерін немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында, ағаш кесу билетінде, орман билетінде көзделген талаптарды үнемі (екі және одан да көп рет) бұзған сәтте;
- 5) мемлекеттік орман қорында орман пайдалануды жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзгерістерге экеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталғанда;
- 6) орман пайдалану төлемақысын енгізудің белгіленген мерзімін үнемі (екі және одан да көп рет) бұзған немесе төлемақыны белгіленген мерзімнен кейінгі үш ай ішінде енгізбеген;
- 7) мемлекеттік орман қоры жері мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды шектеудің неғұрлым қатал режимі белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы:

- 1) ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының бұзылуы;

2) орман пайдаланушының жазбаша өтініші;

3) ағаш кесу билеті, орман билеті қолданылуының Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тоқтатылуы негізінде тоқтатылады.

Мемлекеттік орман қорында орман пайдаланудың:

1) сүрек дайындау;

2) шайыр, ағаш шырындарын дайындау;

3) қосалқы сүрек ресурстарын (қабықтар, бұтақтар, түбірлер, тамырлар, жапырақтар, бүршіктер) дайындау;

4) жанама орман пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, бау-бақша шаруашылығы және өзгеде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мүк, орман жамылғысы мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау мен жинау);

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін пайдалану;

7) мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану;

8) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану түрлері жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану орман ресурстарын алып қойып, сондай-ақ оларды алмай да жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекеттік орман қоры учаскесі орман пайдаланудың бір немесе бірнеше түрлерін жүзеге асыру үттін бір немесе бірнеше орман пайдаланушыға берілуі мүмкін. Орман пайдаланудың белгілі бір түрлерін жүзеге асырған кезде орман ресурстары мен мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану

ерекшеліктері осы Кодекске сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады (ҚР ОК 88 - бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға тендер хаттамасы негізінде және кейін мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдаланушы арасындағы шартпен ресімделе отырып беріледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қаражаты мен өндірістік қуаттары және тиісті біліктілікке ие мамандары бар орман пайдаланушыларға 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалануға беріледі.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары қысқа мерзімді орман пайдалануға мемлекеттік орман иеленушілер беретін орман билеті негізінде бір жылға дейінгі мерзімге беріледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланудың: 1) жанама орман пайдалану; 2) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану; 3) мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттары үшін пайдалану сияқты түрлерін гана жүзеге асыруға болады.

5.3. ОРМАНДЫ ҚОРҒАУҒА ПО ҚАТЫСУЫ

3. Ормандарды қорғауда, соның ішінде орман пайдалану тәртібін бұзушылармен күрес жүргізуде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары да белсенді әрекет етеді. ҚР заңдарымен ішкі істер органдарына қылмыстар мен әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау мен тоқтату міндеттелген, сол себепті ПО қызметкерлері ормандарға қатысты кез - келген орман пайдалану тәртібінбұзушылар әрекетіне қарсы тұруға міндетті.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары ормандарды қорғауды әртүрлі ұйымдастырушылық - құқықтық формада жүргізеді, яғни олар: қадағалау, табиғатты қорғау органдарымен бірлескен әрекеттер, экологиялық істерді қарау, келісімді - күзет түрінде болуы мүмкін.

ПО - ның бақылау - қадағалау әрекеті аймақтық инспекторлардың, табиғатты қорғау бөлімшелері мен ветеринарлық полиция қызметтеріне қатысты. Әрбір облыстардың Ішкі Істер Басқармаларының табиғатты қорғау бөлімдері мен ветеринарлық полиция бөлімшелерінің қызметі ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, қала базарларына шыршалардың, сексеуілдер мен өзге де ағаш түрлерін заңсыз сауда - саттыққа шығару сияқты заңға қайшы әрекеттерді анықтаудан көрінеді.

ПО тәртіпке сәйкес, табиғатты қорғау органдарымен бірлесіп экологиялық функциялар атқарады. Орманды қорғау тәртібін бұзуды анықтау әдістері мен формалары бұл - аралау, ашық және жасырын патрульдік тексерістер, торуыл, т.б. Орман пайдалану тәртібінің бұзылу мәліметі түскен жағдайда ПО қызметкерлері орман тәртібінің бұзылғандығы жайында хаттама толтыруға міндетті. Хаттамада келесілер көрсетілуі тиіс, яғни: хаттама құрушы туралы мәлімет (Т.А.Ә., лауазымы), орман тәртібінбұзған тұлға туралы мәлімет (Т.А.Ә., мекен - жайы, жұмыс орны, лауазымы, жалақы мөлшері, жеке басын куәландыратын құжат), орман пайдалану тәртібін бұзу түрі, келтірілген залал мөлшері, орман пайдалану тәртібінің

бұзылу орны, анықталған орман пайдалану тәртібінің бұзылу түріне тиесілі жауапкершілікті қарастыратын нормативтік акт бабы.

Сонымен қатар ПО орманды қорғауда өрттер мен заңсыз ағаш кесу ісіне қатысты да белсенді әрекет етіп, Мемлекеттік Орман Күзетімен өрт қауіпсіздігі тәртібін сақтау мен орман өрттерімен күресте бірлесе әрекет етеді. ҚР Орман Кодексінің 29-бабында мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығының туындау реті берілген, яғни мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижелері туралы хаттама және сол негізге алынып жасалған шарт негізінде туындайды. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы орман билетінің негізінде туындайды. Орман пайдаланушы жеке тұлға қайтыс болған жағдайда оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен басқа адамға ауысады. Орман пайдаланушы заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқоры - заңды тұлғаға ауысады. Орман пайдалану құқығы тек қана орман пайдалану түрі сақталғанда, құқық мирасқорының орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті қаражаты мен өндірістік қуаты және облыстық атқарушы органдар айқындайтын, тиісті біліктілігі бар мамандары болғанда ауысуы мүмкін. Орман пайдалану құқығының ауысуы ұзақ мерзімді орман пайдалану шартына, ағаш кесу билетіне, орман билетіне өзгерістер енгізу арқылы ресімделеді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі. Ағаш кесу билетін беруге мыналар негіз болып табылады:1) мемлекеттік орман иеленушілер үшін - уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі;2) орман пайдаланушылар үшін - уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман

қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты.

Ағаш кесу билеті орман пайдаланушы мен орман иеленушіге сүрек, кесілген ағаш қалдықтарын (ұшар басынан алынған отын), шайыр, ағаш шырындарын және қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға және кеспеағаш аймағынан ағаштар, сыпталған ағаштар немесе сортименттер (қабығы алынбаған іске жарамды және отындық) түрінде тасып әкетуге құқық беретін құжат болып табылады.

Орман билеті жанама орман пайдалануды жүзеге асыруға, мемлекеттік орман қоры учаскелерін аң шаруашылығы, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар қажеттігі үшін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады. Ағаш кесу билетінің және орман билетінің нысанын, оларды есепке алудың, сақтаудың, толтыру мен берудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Жекеше орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жекеше орман иеленуші айқындайтын тәртіппен туындайды.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы:
орман пайдаланушы орман пайдалану құқығынан ерікті түрде бас тарта алады;
орман пайдалану мерзімі өткенен кейін;
орман пайдаланушы заңды тұлға таратылғанан кейін;

1) орман пайдаланушы орман пайдаланудың белгіленген ережелерін немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында, ағаш кесу билетінде, орман билетінде көзделген талаптарды үнемі (екі және одан да көп рет) бұзған жағыдайда;

2) мемлекеттік орман қорында орман пайдалануды жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзгерістерге әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталғанда;

3) орман пайдалану төлемақысын енгізудің белгіленген мерзімін үнемі (екі және одан да көп рет) бұзған немесе төлемақыны белгіленген мерзімнен кейінгі үш ай ішінде енгізбеген;

4) мемлекеттік орман қоры жері мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды шектеудің неғұрлым қатал режимі белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы: 1) ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының бұзылуы; 2) орман пайдаланушының жазбаша өтініші; 3) ағаш кесу билеті, орман билеті қолданылуының Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тоқтатылуы негізінде тоқтатылады.

Мемлекеттік орман қорында орман пайдаланудың:

1) сүрек дайындау;

2) шайыр, ағаш шырындарын дайындау;

3) қосалқы сүрек ресурстарын (қабықтар, бұтақтар, түбірлер, тамырлар, жапырақтар, бүршіктер) дайындау;

4) жанама орман пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, бау- бақша шаруашылығы және өзгеде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мүк, орман жамылғысы мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау мен жинау);

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін пайдалану;

7) мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану;

8) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы

плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану түрлері жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану орман ресурстарын алып қойып, сондай-ақ оларды алмай да жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекеттік орман қоры учаскесі орман пайдаланудың бір немесе бірнеше түрлерін жүзеге асыру үшін бір немесе бірнеше орман пайдаланушыға берілуі мүмкін. Орман пайдаланудың белгілі бір түрлерін жүзеге асырған кезде орман ресурстары мен мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану ерекшеліктері осы Кодекске сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады (ҚР ОК 88 - бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға тендер хаттамасы негізінде және кейін мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдаланушы арасындағы шартпен ресімделе отырып беріледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қаражаты мен өндірістік қуаттары және тиісті біліктілікке ие мамандары бар орман пайдаланушыларға 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалануға беріледі.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары қысқа мерзімді орман пайдалануға мемлекеттік орман иеленушілер беретін орман билеті негізінде бір жылға дейінгі мерзімге беріледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланудың: 1) жанама орман пайдалану; 2) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану; 3) мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттары үшін пайдалану сияқты түрлерін ғана жүзеге асыруға болады.

ИО сонымен қатар ҚР Қылмыстық Кодексінің 291-бабында аталған «Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу» және 292-бабында көрсетілген

«Ормандарды жою немесе зақымдау» сияқты заңға қайшы экологиялық қылмыстарды қарастырады.

6.1. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ

1. Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 1- бабының 38-тармағына сәйкес, жануарлар дүниесі - Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы.

Аталған заңға сәйкес, жануарлар - құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары).

Жануарлар дүниесі мақсатты пайдалану жағынан мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) жануарлардың сирек кездесетін және всұрып кету қаупі төнген түрлері;
 - 2) жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері;
 - 3) жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері;
 - 4) жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлері;
 - 5) жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;
 - 6) жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтірілуін болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері.
- Жануарлардың түрлерін санаттарға бөлу және оларды бір санаттан басқасына ауыстыру жануарлар дүниесінің түрлік сан алуандығын сақтау, оларды қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану мақсатында жүргізіледі.

Жануарлар әлемінің өзіне тән бірнеше функциялары бар: экологиялық, экономикалық, санитарлы - сауықтыру, мәдени - эстетикалық, ғылыми - танымдық, және т.б.

ҚР «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 4 - бабына сай, жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікте болады. Мекендейтін ортадан заңда белгіленген тәртіппен алынған, сондай-ақ еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсіріліп, ұсталатын жануарлар дүниесінің объектілері оларды аулаған, өсіретін және ұстайтын жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органдарына және лауазымды адамдарға Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, оның аумақтық бөлімшелері бар ведомстволарын қоса алғанда, уәкілетті орган, яғни Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен оның аумақтық органдары (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті) жатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құзыреті, яғни Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- жануарлар дүниесін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады;
- уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі қызметіне басшылық жасауды жүзеге асырады;
- уәкілетті органды белгілейді;

- Жабайы фауна мен флораның кұрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенция бойынша міндеттемелерді орындау үшін әкімшілік орган мен ғылыми ұйымды айқындайды;
- тірі күйінде бекіре тұқымдас балықтарды, олардың ұрықтандырылған уылдырығын (будандастырылған түрлерін қоспағанда) Қазақстан Республикасынан тысқары шығару туралы шешім қабылдайды;
- сирек кездесетін және кұрып кету қаупі төнген жануарлардың түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою туралы шешім қабылдайды;
- уәкілетті органның ұсынымы бойынша сирек кездесетін және кұрып кету қаупі төнген жануарлардың түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау мен будандастыру туралы шешім қабылдайды;
- жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиттерін бекітеді;
- жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидасын бекітеді;
- халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекітеді;
- су айдындарын халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға жатқызу тәртібін бекітеді;
- аң аулау, балық аулау ережелерін бекітеді;
- аңшылық шаруашылығын жүргізу ережелерін және балық шаруашылығын жүргізу ережелерін бекітеді;
- өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Уәкілетті орган, яғни Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құзыреті:

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;
- тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді;
- жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды толтыру мен берудің тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді әзірлейді;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен камтамасыз ету нормаларын әзірлейді және бекітеді;
- жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын және Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін айқындаудың, сондай-ақ балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген зиянның, оның ішінде шаруашылық қызметі нәтижесінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастықтарының, сондай-ақ балықшылардың және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық

бірлестіктерінің қатысуымен, бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесін алу квоталарын бөледі;

- аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру тәртібін айқындайды;
- ішкі және сыртқы рыноктарда сату үшін бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын таңбалау тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ережені әзірлейді;
- жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және кұрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерін әкелуге және әкетуге рұқсаттар береді;
- Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар беруді жүзеге асырады;
- жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаудың тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- балық аулауға және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттардың үлгі нысанын әзірлейді және белгілейді;
- аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгі нысанын бекітеді;
- жолдаманың үлгі нысанын, сондай-ақ оны беру тәртібін әзірлейді;
- заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аумақтық бөлімшелер өз қызметін уәкілетті орган белгілеген күзыреті шегінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік

органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

Жануарлар дүниесін қорғау - жануарлар дүниесін, олар мекендейтін ортаны және биологиялық сан алуандықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені.

Жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын қорғау - табиғи еркіндік жағдайында жануарлар дүниесі объектілерінің орнықты тіршілік ету және өсімін молайту шарттарын сақтауға немесе қалпына келтіруге бағытталған қызмет.

ҚР «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 13 - бабында көрсетілгендей, жануарлар дүниесін қорғау:

- 1) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ережелер мен нормаларды белгілеу және сақтау;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар белгілеу;
- 3) жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау;
- 4) жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзуды болдырмау;
- 5) жануарлар мекендейтін ортаны қорғауды, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастыру;
- 6) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға жануарлар дүниесі объектілерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүктей отырып, аумақтарды, акваторияларды бекітіп беру;
- 7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру;
- 8) жануарлар түрлерін жасанды түрде өсіру;

- 9) жануарлар ауырған жағдайда, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда оларға көмек көрсету;
- 10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- 11) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау және орнықты пайдалану идеяларын насихаттау;
- 12) жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қызметін ынталандыру;
- 13) азаматтарды жануарлар дүниесіне ізгілікті және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу жолымен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін қорғау бойынша экологиялық талаптарды екі топқа бөліп көрсетуге болады: жалпы және арнайы.

Жалпы талаптар ҚР «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 12-бабында көрсетілген, яғни:

Жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды және келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Жануарлар дүниесінің жай-күйіне және олар мекендейтін ортаға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру кезінде мынадай негізгі талаптардың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс:

- 1) жануарлар дүниесінің табиғи еркіндік жағдайындағы биологиялық сан алуандығы мен үйірлік тұтастығын сақтау;
- 2) жануарлар дүниесінің объектілері мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырлану орындарын сақтау;
- 3) жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми негізделген түрғыдан ұтымды пайдалану және олардың өсімін молайту;

4) табиғаттағы биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу;

5) жануарлар түрлерін, оның ішінде бағалы, сирек кездесетіндері мен құрып кету қаупі төнгендерін жасанды өсіруді қоса алғанда, кейіннен оларды мекендеу ортасына шығара отырып, жануарлар дүниесінің өсімін молайту.

Жануарлар дүниесін қорғау бойынша арнайы экологиялық талаптар ҚР 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің «Жануарлар дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» және «Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау, өсімін молайту, еріксіз және жартылай ерікті жағдайда өсіріп-өндіру, шектеулі шаруашылық тұрғыда пайдалану жөніндегі экологиялық талаптар» деген атаулармен 35,36-тарауларында аталған.

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау және өсімін молайту мақсатында:

- 1) жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдерін шектеу;
- 2) аулау әдістеріне, тәсілдеріне және құрал түрлеріне тыйым салу;
- 3) жануарлар дүниесі объектілерін алу нормаларын өзгерту;
- 4) жануарлар дүниесін пайдаланушылардың санын шектеу;
- 5) жануарлар элемін пайдалану орындарын шектеу белгіленеді.

Шектеулер мен тыйым салулар белгілеуге:

- 1) жануарлар популяциясының жыныс-жас құрылымының бұзылуы;
- 2) жануарлар санының азаюы;
- 3) мекендеу ортасының нашарлауы;
- 4) жануарлардың өріс аударуы мен көбеюі кезеңінде олар жаппай шоғырланатын жерлерде тыным алу аймақтарын құру қажеттігі негіз болып табылады.

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында:

- 1) өсімдіктерді жоюға және жануарлар мекендейтін ортаның жағдайларын нашарлататын өзге де іс-әрекеттерге;

- 2) жануарлар үйірімен мекендейтін жерді периметрі бойынша олардың індері орналасқан жерге жиырма метр жақын немесе оларды алдын ала басқа жерге көшірмей жыртуға;
- 3) уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарлардың паналау орындары мен ұяларын бұзуға және бүлдіруге, жұмыртқаларын жинауға;
- 4) суда жүзетін құстардың жаппай ұя салуы көрсетілген және балықтардың көбеюі кезеңінде олар уылдырық шашатын жерлерде катерлердің, моторлы қайықтардың және басқа да жүзу құралдарының двигательдерін іске қосып жүзуге;
- 5) ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшу аппараттарының итбалықтар, тұяқты жабайы жануарлар мен топтасып ұшатын құстар жаппай мекендейтін аумақтардың үстінен бір километр төмен биіктікте ұшып өтуіне;
- 6) жануарлардың мекендеу ортасын жоюға, жемшөптік өсімдіктер егістіктерін, қорғау екпелерін, сортаң топырақтарды, жануарларға арналған астауларды, сілтеме белгілерді, аң аулау және балық аулау шаруашылығын жүргізуге арналған құрылыстарды бүлдіруге;
- 7) сирек кездесетін және кұрып кетуі қаупі төнген жануарлар түрлерін және олардың дериваттарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінсіз алуға;
- 8) жануарлар дүниесі объектілерін белгіленген лимиттен асырып және жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатта көрсетілген мерзімнен тыс, сондай-ақ тыныштық аймақтарында аулауға;
- 9) жануарлар дүниесі объектілерін аң аулау мен балық аулау ережелерінде көзделмеген жануарларды аулау құралдарының, әдістерінің және тәсілдерінің түрлерін қолдана отырып аулауға;
- 10) жарылғыш құрылғыларды, улы химикаттарды қолдана отырып (дала кеміргіштерін қыру кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыру індеті мен басқа да аурулары жағдайларында уәкілетті органның келісімімен үш жұмыс

күні ішінде жүргізілетін улы химикаттарды қолдануды қоспағанда) жануарлар дүниесі объектілерін аулауға;

11) уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге;

12) балық қыстайтын шұңқырлардың, уылдырық шашатын жерлердің, балық шаруашылығы учаскелерінің және балық аулауға тыйым салынған жерлердің шекараларын белгілейтін бағандарды, жүзбелі таным белгілерін және аншлагтарды жоюға немесе бүлдіруге тыйым салынады.

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында шектеулер мен тыйым салулар жануарлардың мекендеу ортасы ареалдарының (таралу облыстарының) географиялық, климаттық ерекшеліктері ескеріле отырып енгізіледі.

Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізіледі. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғауды мемлекет жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалар жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, оның ішінде олардың дериваттарын алуға айрықша жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша:

1) арнайы жасалған жағдайларда өсіру және кейіннен мекендеу ортасына жіберу;

2) аңшылықтың ұлттық түрлерін дамыту;

3) ғылыми зерттеулер;

4) селекциялау үшін жол беріледі.

Елді мекендерді, кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерді жүзеге асыру мен көлік құралдарын пайдалану, қолданыстағы технологиялық

процестерді жетілдіру және олардың жаңаларын енгізу, пайдаланылмаған, жағалау маңындағы, батпақты, бұта басқан аумақтарды шаруашылық айналымына енгізу, жерді мелиорациялау, орман ресурстарын және су объектілерін пайдалану, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіру, ауыл шаруашылығы жануарлары жайылатын және оларды айдап өтетін жерлерді белгілеу, туристік маршруттар әзірлеу мен халықтың жаппай демалатын орындарын ұйымдастыру кезінде жануарлар дүниесі объектілері мекендейтін ортаны және олардың көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, сондай-ақ жабайы жануарлар мекендейтін орта ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерге ешкімнің қол сұқпауы қамтамасыз етілуге тиіс. Темір жол, тас жол, құбыр тарту және басқа көлік магистральдарын, электр беру және байланыс желілерін, арналарды, бөгеттерді және өзге де су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану, орналастыру, жобалау және салу кезінде жануарлар мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылуға тиіс.

ҚР «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 8-тарауының 44-бабына сәйкес, жануарлар түрлерінің санын реттеу:

- 1) халықтың денсаулығын сақтау;
- 2) ауыл шаруашылығы мен үй жануарлары ауруларын болдырмау;
- 3) экономикаға зиян келтіруді болдырмау;
- 4) биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесі түрлерінің санын реттеудің негіздері:

- 1) халықтың, ауыл шаруашылығы мен үй жануарларының жұқтырушылары жануарлар дүниесінің объектілері болып табылатын ауруларды жұқтыру немесе онымен ауыру қатерінің туындауы;
- 2) экономикаға елеулі зиян келтіру қатерінің туындауы;

3) жануарлардың жекелеген түрлері санының азаюына және басқа жағымсыз салдарларға әкеп соққан жануарлар дүниесі мекендейтін ортада қалыптасқан табиғи баланстың бұзылуы;

4) балықтардың жаппай қырылуына әкеп соғуы мүмкін су айдындарының және (немесе) учаскелерінің гидрохимиялық және өзге де режимдерінің бұзылу қаупінің туындауы болып табылады.

6.2. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

2. Жануарлар дүниесін пайдалану - жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын және пайдалы қасиеттерін мекендеу ортасынан айырып немесе айырмай пайдалану.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар - ҚР «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар.

Жануарлар дүниесі объектісі - жануарлардың дара нұсқасы немесе популяциясы.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

- жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға;

- жануарлар дүниесі объектілерін оларды беру шарттарына сәйкес пайдалануға;

- ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде аң аулау және балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

- жануарлар дүниесін пайдалану үшін жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға;

- белгіленген сервитутқа сәйкес аңшылық және балық шаруашылықтарының мұқтаждарына арналған уақытша құрылыстар салуға;

- аң-күсты өсіруді жүзеге асыруға құқығы бар.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауға;

- 2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен уақтылы төлемдер жасауға;

- 3) шаруашылық ішілік аңшылық ұйымдастыруды жүргізуге;

4) балық шаруашылығын ұйымдастыруды жүргізуге;

5) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

6) жануарлар дүниесін халық пен қоршаған ортаға қауіпсіз, табиғи үйірлер тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатысты қатыгездікке жол берілмейтін тәсілдермен пайдалануға;

7) жануарлар дүниесінің пайдаланылған объектілерінің санын жыл сайын есепке алуды жүргізуге және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есептілікті табыс етуге, т.б. заңда көрсетілген негіздемелер бойынша міндетті.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жалпы пайдалану кезінде жануарлар дүниесі объектілерін өздерінің мәдени және эстетикалық қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдалануға құқығы бар.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жалпы пайдалану кезінде:

- Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарының талаптарын сақтауға;
- жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;
- өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;
- Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өзге де талаптарды орындауға міндетті. Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметіне мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен ұйымдар тарапынан заңсыз араласуға тыйым салынады.

Жануарлар дүниесі арнайы пайдалануға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілетін жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттар негізінде беріледі.

Рұқсат беруден:

1) өтінімде көрсетілген мәліметтерді толық көлемде бермеген;

2) өтінімде көрсетілген мәліметтер дұрыс болмаған;

3) мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы болған не ол болмаған жағдайларда бас тартылады. Аулаған жері туралы

анықтаманы балықтардың және басқа да су жануарларының ауланған жері бойынша өтініш беруші жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуға ұсыным жасаған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері өтініш түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде береді. Жасанды жағдайларда өсірілген балықтар мен басқа да су жануарлары үшін аулаған жері туралы анықтама жасанды өсірілгендігін растайтын құжаттар ұсынған кезде беріледі. Аулаған жері туралы анықтама жазуға жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюдың белгіленген лимиті және жасанды өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты шегінде рұқсат етіледі.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығы:

- 1) жануарлар дүниесін пайдаланудан өз еркімен бас тартқан;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалану мерзімі өтіп кеткен;
- 3) жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметі тоқтатылған;
- 4) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарының талаптарын, сондай-ақ аңшылық шаруашылығын немесе балық шаруашылығын жүргізу шарттарының талаптарын жүйелі түрде бұзған;
- 5) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіліп берілген жер учаскелерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу;
- 6) жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға берілген рұқсаттар жойылған жағдайда тоқтатылады.

Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

- 1) аң аулау;
- 2) судағы омыртқасыз жануарлар мен теңіз сүтқоректілерін алып қоюды қоса алғанда, балық аулау;
- 3) аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану;

4) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану;

5) жануарлардың пайдалы қасиеттерін және тіршілік ету өнімдерін пайдалану;

б) жануарлар түрлерінің өсімін молайту мақсаттарында пайдалану.

Аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алуды жүзеге асыру арқылы жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түрі. Жануарлар дүниесі объектілерін аулау мақсатында іздеу, ізін кесу және ізіне түсу, аулауға әрекет жасау, аңшылық алқаптарда қабынан шығарылған аңшылық қаруы және басқа да аң аулау құралдары немесе аң аулаудан алған өнімдері бар, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттері мен аушы жыртқыш құстары бар адамдардың жүруі аң аулауға теңестіріледі. Аң аулау: 1) кәсіпшілік аң аулау; 2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау, оның ішінде ұлттық аң аулау болып бөлінеді. Кәсіпшілік аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау. Әуесқойлық (спорттық) аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында және ауланған өнімді жеке тұтыну үшін аулау. Ұлттық аң аулау - аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттердің ұлттық тұқымдарын пайдалана отырып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін аулау. Аң аулау құқығы жеке тұлғаларға: 1) егер аң аулау атыс қаруы қолданыла отырып жүргізілетін болса, он сегіз жасқа толған; 2) егер аң аулау аңшылық ережелерінде рұқсат етілген басқа да аңшылық құралдарының түрлері, аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстар қолданыла отырып жүргізілетін болса, он төрт жасқа толған; 3) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгісі бар аңшы куәлігі болған және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген мемлекеттік бажды төлеген; 4) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған жағдайда беріледі. Шетелдіктер үшін Қазақстан Республикасының

аумағында аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шартының және оның аң аулау құқығын куәландыратын тұратын елінде берілген құжаттың және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуының, сондай-ақ ішкі істер органдарынан аңшылық атыс қаруын және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсатының негізінде туындайды.

Балық аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) кәсіпшілік балық аулау;
- 2) әуесқойлық (спорттық) балық аулау;
- 3) ғылыми-зерттеу үшін аулау;
- 4) бақылау үшін аулау;
- 5) мелиорациялық аулау;
- 6) өсімін молайту мақсатында аулау;
- 7) эксперименттік аулау.

Кәсіпшілік балық аулау құқығы жеке және заңды тұлғаларға: 1) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты; 2) уәкілетті органмен балық аулауға жасасқан шарты болған кезде беріледі. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау, ғылыми-зерттеу үшін аулау, мелиорациялық және эксперименттік аулау, сондай-ақ өсімін молайту мақсатындағы аулау құқығы жеке және заңды тұлғаларға жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты немесе жолдамасы болған кезде беріледі.

Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды, сондай-ақ олардың пайдалы қасиеттері мен тіршілік ету өнімдерін шаруашылық мақсаттарда пайдалану жалпы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгеннен басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жинау үшін пайдалану уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда, жануарлар түрлерінің өсімін молайтуды мамандандырылған ұйымдар, сондай-ақ биологиялық негіздеме, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және уәкілетті органның рұқсаты негізінде жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану үшін пайдалану мерзімдері белгіленбейді. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану үшін: 1) аңшылық шаруашылығын жүргізу кезінде - он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі; 2) балық шаруашылығын жүргізу кезінде - бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі, ал қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде - бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімдер белгіленеді. Көрсетілген мерзімдер шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастырудың және балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттаудың, аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беруге арналған конкурса қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарының, аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарларының негізінде құрамына уәкілетті органның, облыстың жергілікті атқарушы органының, ғылыми ұйымдардың және аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарының, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері енгізілетін конкурстық комиссия айқындайтын аңшылық алқаптарды, балық шаруашылығы және қырылу қаупі бар су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру кезеңіне қарай белгіленеді. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану ақысыз жүзеге асырылады. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

6.3.ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

3. Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 58 - бабына сай, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің келесідей атауларымен тағайындалған, яғни: «Балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу» (287-бап), «Заңсыз аңшылық» (288-бап), «Жануарлар дүниесін қорғау ережелерін бұзу» (289-бап), «Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттарын, сондай-ақ пайдаланылуына тыйым салынған өсімдіктер мен жануарларды және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттарын заңсыз іс - әрекеттер» (290-бап) бойынша қылмыстық жауаптылық туындайды.

Жануарлар дүниесін пайдалану тәртібінің бұзылғаны үшін әкімшілік жауапкершілік Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің сәйкес баптарында көрсетілген негіздер бойынша туындайды, яғни олар: «Елді мекендерді, кәсіпорындарды және басқа да объектілерді орналастыру, жобалау мен салу, өндіріс процестерін жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану, өсімдік қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа да препараттарды қолдану кезінде өсімдіктер мен жануарларды қорғау ережелерін бұзу» (296-бап), сонымен қатар «Өсімдіктер өсетін жерлер мен жануарлардың тіршілік ортасын қорғау ережелерін, жануарлардың өсіп-өну жағдайларын, орын ауыстыру жолдары мен шоғырланатын орындарын, зоологиялық және ботаникалық коллекцияларды жасау, сақтау, есепке алу мен пайдалану ережелерін бұзу, сол сияқты жануарларды заңсыз қоныс аударту, жерсіндіру, кері жерсіндіру мен шағылыстыру» (295-бап), «Ерекше

қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінде жеке тұлғалардың болу тәртібін бұзу» (296-1 -бап), «Заңсыз аң аулау, жануарлар дүниесін пайдалану»(298-бап), «Балық аулау және балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау ережелерін бұзу» (298-1-бап), «Аң аулау алаптары мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекіту, пайдалану және қорғау тәртібін бұзу» (299-бап).

Жануарлар дүниесін пайдалану тәртібінің бұзылғаны үшін сонымен бірге азаматтық - құқықтық жауапкершілік туындайды.

Жануарлар дүниесін қорғауға ішкі істер органдары да белсене ат салысады. ПО бақылау - қадағалау әрекеттері барысында аңшылық пен балық аулау тәртібін бұзушыларға дербес түрде әкімшілік әсер ету шараларын қолдана алады: тәртіп бұзылғандығы туралы хаттама толтыру үшін тәртіп бұзушыларды ұстау, заңсыз аңшылық және су кәсібімен заңсыз айналысу өнімдері мен қаруларын тәркілеу.

ПО ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 298-бабының 1 - тармақшасы, 298-1-баптың 1 тармақшасы бойынша айып салуға құқылы.

Сонымен қатар ПО орман және орман шаруашылығы органдарымен браконьерлерді ұстау, олардың жеке бастарын анықтау шаралары мен аңшылық, балық аулау тәсілдері, алған өнімдерін қарау мен қару - жарақтарын тексеру кезінде бірлесе әрекет етеді.

ПӘН БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Қоғам және табиғаттың өзара әрекеттесу формасы және олардың қазіргі кезеңдегі дамуы.
2. Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу Концепциясының түсінігі мен маңызы.
3. Мемлекет және құқықтың экологиялық функциялары.
4. Қазақстан Республикасында экологиялық дағдарыс: түсінік, себебі, анықтау түрлері, өзара қатынас жолдары.
5. Қазақстан Республикасында экологиялық заң дамуының мәселесі.
6. Экологиялық құқықтың қалыптасуы мен дамуы.
7. Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтарының түсінігі мен түрлері.
8. Табиғи ресурстарға меншік құқығы мазмұны мен түсінігі.
9. Табиғи ресурстарға меншік құқығы түрлері.
10. Жерге жеке меншік құқығын дамыту (тарихи-құқықтық аспект).
11. Жерге жеке меншік құқығы түсінігі мен мазмұны.
12. Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік құқығының түсінігі мен мазмұны.
13. Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің ерекшелігі.
14. Табиғатты пайдалану құқығының түсінігі мен мазмұны.
15. Табиғатты пайдалану құқығының түрлері.
16. Табиғатты пайдалану құқығының принциптері.
17. Экологиялық ластанған территорияларда табиғатты пайдалану ерекшелігі.
18. Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық министрлігі: тапсырмалар мен компетенциялары.
19. Қоршаған орта мониторингі.
20. Экологиялық сараптама түсінігі мен принципі.
21. Қоғамның қоршаған ортаны қорғауға қатысуының құқықтық формалары.
22. Мемлекеттік экологиялық басқару органдарының жүйесін іске асыру: мәселелер мен болашққа жылжуы.
23. Экологиялық зардап түсінігі мен түрлері.
24. Экологиялық құқықбұзушылықпен күресте ІІБ қатысуы.
25. Экологиялық қылмыстың жаңа аспектілері.
26. Экологиялық-құқықтық жауапкершілік ерекшелігі.
27. Экологиялық құқықбұзушылыққа азамттық-құқықтық жауапкершілік.
28. Экологиялық құқықбұзушылыққа тәртіптік және материалдық жауаптылық.
29. Экологиялық құқықбұзушылыққа әкімшілік жауаптылық.
30. Экологиялық құқықбұзушылыққа қылмыстық жауаптылық.
31. Экологиялық құқықбұзушылық себебі және оны реттеу.
32. Қазақстан Республикасының ішкі істер органының экологиялық қызметін құқықтық реттеу.

33. ПБ экологиялық қызметінің заңды негізі.
34. Ішкі істер органдарының экологиялық функциялары туралы 2014 жылдың 23 сәуіріндегі ҚР «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңы.
35. ПБ қоршаған табиғи ортаны қорғауға қатысуы туралы ведомствалық нормативтік актілер.
36. ПБ экологиялық қызметі мазмұны мен түсінігі.
37. ПБ экологиялық қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары: бақылау, қарау, табиғатты қорғау органдарымен бірлесу, экологиялық құқықбұзушылықты зерттеу, қорғау-келісімдік форма.
38. ПБ экологиялық қызметінің негізгі бағыттары.
39. ПБ су, өсімдік және жануарлар әлемін қорғау бойынша қызметі.
40. Жол полициясының экологиялық қызметі.
41. Органдар қызметінің жалпы сипаты, экологиялық қылмысты ашу бойынша зерттеу .
42. ПБ экологиялық бөлімдерінің қызметі: табиғатты қорғау полициясының бөлімдері, балық қорларына қылмыстық қолдану күресі бойынша бөлім.
43. Ішкі істер бөлімі органдары арқылы экологиялық құқықбұзушылық алдын-алу шаралары.
44. Қоршаған табиғи ортаны қорғау бойынша ПБ бақылау-қарау қызметі.
45. Экологиялық құқықбұзушылыққа ПБ заңды жауапқа тартуы
46. Қолдану объектісі және қорғау объектісі ретіндегі жер.
47. ПҚазақстан Республикасының жер қорының түсінігі мен құрамы.
48. Жерқолдану құқығы түсінігі мен түрлері.
49. Жер телімдері меншіктерінің және жерқолданушылардың меншіктік құқығы.
50. Жер телімдері меншіктерінің және жерқолданушылардың меншіктік міндеті.
51. Сервитут пайда болуының түсінігі мен шарты.
52. Жер қыртысы түсінігі және жер қыртысын құқықтық қорғау түсінігі.
53. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жер қыртысын алу және ұсыну тәртібі.
54. Жер қыртысын қолдану түсінігі.
55. Жер қыртысы құқығының түрі.
56. Жер қыртысын қорғау заңын бұзу бойынша жауаптылық: дамуденденциясы.
57. Су және суды құқықтық қорғау түсінігі.
58. Қазақстан Республикасында суды пайдалану және қорғау аясында мемлекеттік басқару ерекшелігі.
59. Су қолдану құқығы түсінігі.
60. Су қолдану құқығының түрлері.
61. Жер асты суларының құқытық тәртібі.
62. Қазақстан Республикасының орман қоры және орман түсінігі.
63. Орманқолдану құқығыжәне олардың түрлері.
64. Орман заңдылығын бұзушылыққа жауаптылық мәселесі.

65. Ормандарды қолдану және қорғау аясында басқару және бақылау.
66. Жануарлар әлемінің құқықтық түсінігі. Жануарлар әлемінің категориясы.
67. Жануарлар әлемін қолдану түрлері.
68. Жануарлар әлемін қорғау және қолдану аясында бұзушылық түрлері.
69. Аң аулаушылыққа азаматтық-құқықтық жауаптылық.
70. Аң аулаушылыққа қылмыстық жауаптылық.
71. Атмосфералық ауаның құқықтық қорғау объектісі ретінде ерекшелігі.
72. Атмосфералық ауа қорғау аясында заң бұзушылыққа жауаптылық.
73. Экологиялық зардап шеккен жерлер түсінігі, белгісі және түрлері.
74. Қазақстан Республикасы территориясында экологиялық зардап шеккен жерлер.
75. Төтенше экологиялық жағдайлар тудыру факторлары мен түсінігі.
76. Табиғаттың қорықтарды қорғау түсінігі мен функциясы.
77. Табиғаттың ерекше түрде қорғалатын объектілерінде тәртіпбұзушылығына жауаптылық.
78. Мемлекеттік табиғи қорықтарының құқықтық тәртібі.
79. Мемлекеттік табиғи тапсырыстар құқықтық тәртібі.
80. Ұлттық табиғи саябақтардың құқықтық тәртібі.
81. Табиғат ескерткіштері, сирек кездесетін, жоғалып кету қаупі бар өсімдіктер мен жануарлар құқықтық қорғауы.
82. Өнеркәсіп пен көлікте қоршаған ортаны қорғау және қолданудың құқықтық тәртібі.
83. Халықтың санитарлық-эпидемиялық қамтамасыз етілуінің, шумен, басқа да зиянды заттармен күресті қамтамасыз етуі бойынша құқықтық шаралар.
84. Ауылшаруашылығында қоршағантабиғи ортаның құқықтық қорғауы.
85. Радиоактивті қалдықтарды көму және осы салада заң бұзушылыққа жауаптылық бойынша құқықтық реттеу.
86. Қалаларда қоршаған ортаны құқықтық қорғаудың ерекшеліктері.
87. Әскери және қорғаныс объектілеріне экологиялық талаптары.
88. Жер төңірегіндегі ғарыштық кеңістіктің ластануы және осы мәселені шешу жолдары.
89. ҚР экологиялық заңнамасының даму келешегі.

ПӘН БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

Экологиялық құқық саласы ретіндегі

- А) қоғам мен табиғат ара-қатынасы, сонымен қатар оның тәжірибелік мәселелері туралы ғылым.
- Ә) экологиялық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.
- Б) адам мен оны қоршаған табиғи ортаның қоғамдық маңызы бар саласын қамтитын жиынтық.
- В) табиғи объектілердің, оның ішінде табиғи ресурстардың жиынтығы.
- Г) табиғат пен адамның үйлесімді ара-қатынасына бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралардың жүйесі.

Экологиялық құқықтың Жалпы бөліміне тән емес бөлімдерді көрсетіңіз:

- А) Экологиялық құқықтың пәні мен әдісі.
- Б) Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау.
- В) Табиғатты пайдалану мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды мемлекеттік басқару.
- Г) Экологиялық - құқықтық жауапкершілік.
- Д) Елді мекендердегі қоршаған табиғи ортаны құқықтық қорғау.

Жер қойнауларын пайдалану операцияларына қайсысы жатпайды:

- А) пайдалы қазбаларды өндіру;
- Г) пайдалы қазбаларды барлау;
- Д) жер қойнауларын геологиялық зерттеу;
- Е) техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіру;
- Б) барлаумен және өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу

Қандай қағидалар табиғатты пайдалану мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды мемлекеттік басқарудың арнайы қағидалары болып табылады:

- А) Заңдылық қағидасы.
- В) Шаруашылық-эксплуатациялық және бақылау-қадағалау қызметтерінің бөліну қағидасы.
- Д) Бассейндік қағида.
- Е) Салалық және аумақтық басқарудың үйлесімділік қағидасы.
- Б) Жүйе буындары арасындағы сатылық қағидасы.

Қоршаған ортаның жағдайына байқау жүргізу, қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру жөнінде шаралардың орындалуына тексеру жүргізу - бұл:

- А) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік статистика;
- Д) экологиялық мониторинг;
- Е) экологиялық сараптама;

- Б)табиғи ресурстардың кадастры;
- Г)экологиялық бақылау;

Кең таралған пайдалы қазбалар:

- А) Балшық.
- Б) Мыс қалшадан.
- Г) Көмір.
- Д)Темір.
- Е) Құм.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін келісім-шарттардың қандай түрлері қолданылады:

- А) жалдау, тапсырма шарты;
- В) лизинг, сатып алу-сату шарты;
- Д) жер қойнауын пайдалану туралы;
- В) өнімді бөлу, концессия туралы ;
- Е) жер қойнауын уақытша өтеулі пайдалану туралы шарт

Қоршаған ортаға эмиссиялар дегеніміз:

- А) қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер;
- В) ластағыш заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, зиянды физикалық әсер ету; Б) белгілі бір мерзімге арнап белгіленетін қоршаған ортаға тасталатын зиянды заттардың нормативтік көлемі;
- В)қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы;
- Г) ережелердің (нормалардың) және олардағы қоршаған орта жай-күйінің және оған әсер ету дәрежесінің сандық және сапалық көрсеткіштердің (нормативтердің) жүйесі;

Қандай қағидалар табиғатты пайдалану мен қоршағантабиғи ортаны қорғауды мемлекеттік басқарудың арнайы қағидалары болып табылады:

- А) Заңдылық қағидасы.
- Б) Шаруашылық-эксплуатациялық және бақылау-қадағалау қызметтерінің бөліну қағидасы.
- В) Қалыптылық қағидасы.
- Г)Салалық және аумақтық басқарудың үйлесімділік қағидасы.
- Д)Суббассейндік қағида..

Төмендегі құқықтардың қайсысы орманды жанама пайдалану құқығына жатады

- А) Шөп шабу, жидек, саңырауқұлақ жинау құқығы.
- Е)Сүрек дайындау құқығы.
- Б)Шайыр дайындау құқығы.
- В) Орманды аң шаруашылығы қажеттілігі үшін пайдалану құқығы.

Г) Бұғы шаруашылығы құқығы.

Аң аулауда жол берілген әрекет:

- А) аң аулаудың жойқын және жалпы қаупі бар тәсілдерін қолдану;
- Г) еш келісімсіз киіктің мүйіздерін жеке адамдар мен ұйымдардың жинауы, дайындауы, сатып алып және сату әрекеттері;
- Д) аңшы шаруашылығын жүргізуге арналған азықтық өсімдіктердің екпелерін, қорғаушы екпелерді, сілтеуші белгілерді зақымдау немесе құрту;
- Е) індік итпен аңға шығу;
- В) анық көрінбейтін нысананы ату;

Мемлекеттік экологиялық бақылау - бұл:

- А) қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;
- Г) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның экологиялық заңдардың, қоршаған орта сапасы нормативтерінің және экологиялық талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі қызметі;
- Д) қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсер етуді жүйелі түрде байқау мен бағалау;
- Е) табиғи ресурстардың әрбір түрін олардың тұтыну қасиеттерін жоғалтуға әкеп соғатын тиімсіз пайдаланудан, кұрып кетуден, жұтандаудан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;
- В) қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында экологиялық білім, қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйі, экологиялық қауіпсіздік туралы ақпарат тарату.

Орман пайдаланудың мерзімдері:

- А) Қысқа мерзімді 1 ж. дейін, ұзақ мерзімді 10 ж. дейін;
- Б) Қысқа мерзімді 3 ж. дейін, ұзақ мерзімді 25 ж. дейін;
- Г) Қысқа мерзімді 5 ж. дейін, ұзақ мерзімді 49 ж. дейін;
- Д) Қысқа мерзімді 6 ж. дейін, ұзақ мерзімді 50 ж. дейін;
- Е) Қысқа мерзімді 1 ж. дейін, ұзақ мерзімді 99 ж. дей

Экологиялық құқықтың қорғау объектісіне - жануарлар дүниесінің қайсысы жатпайды:

- А) жабайы жануарлар;
- Б) ауыл шаруашылық жануарлары;
- В) жабайы құстар;
- Г) аңдар;
- Д) балықтар мен су жануарлары

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу үшін қажетті арнайы білімдері және жеткілікті тәжірибесі бар субъектілер:

- А) мемлекеттік сараптамалық бөлімшелер;
- Ә) сарапшылық комиссиялар;
- Д) мемлекеттік экологиялық сарапшылар;
- Е) құжаттаманың тапсырысшылары;
- Г) сараптама кеңесінің мүшелері

Экологиялық аудит дегеніміз:

- А) қоршаған ортаны қорғауды әкімшілік басқару қызметі;
- В) қоршаған ортаны қорғау шараларына экологиялық менеджмент жүргізу;
- Г) субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін экологиялық тәуекелдерді анықтау мен бағалау және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу бағытында тәуелсіз тексеру;
- Д) көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкестігін белгілеу;
- Е) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қоршаған орта сапасы нормативтерінің және экологиялық талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі қызметі;

Қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы қандай құжатпен рәсімделеді?

- А) лицензия;
- Ә) ағаш кесу билеті;
- В) орман пайдалану шарты;
- Г) ордер;
- Е) орман билеті

Орман билеті қандай мақсатта пайдалануға берілмейді:

- А) жанама орман пайдалану;
- В) сүрек дайындау;
- Г) аң шаруашылығы;
- Д) ғылыми зерттеу;
- Е) туристік және спорттық мақсаттарға;

Мемлекеттік табиғи қорықшаның белгілері:

- А) Табиғатты қорғау мекемесінің мәртебесі және қорғаудың қорықтық режимі.
- Б) Табиғатты қорғау мекемесінің мәртебесі және қорғаудың сараланған режимі.
- В) Мемлекеттік табиғи-қорықтық қорлардың жекелеген объектілерін табиғи қалпында сақтаудың қорықтық режимі.
- Г) Қорықтағы режим немесе шаруашылық қызметтің реттелуші режимі.
- Д) Мемлекеттік табиғи-қорықтық қорлардың бір немесе бірнеше объектілерін сақтау мен жаңғыртуға арналған.

Төмендегі құқықтардың қайсысы орманды жанама пайдалану құқығына жатады

- А) Шөп шабу, жидек, саңырауқұлақ жинау құқығы.
- Б) Сүрек дайындау құқығы.
- В) Шайыр дайындау құқығы.
- Г) Орманды аң шаруашылығы қажеттілігі үшін пайдалану құқығы.
- Д) Бұғы шаруашылығы құқығы.

Экологиялық бақылаудың түсінігі:

- А) бұл экологиялық заңдылық талаптарын жеке және заңды тұлғалардың қадағалауы, экологиялық құқық бұзушылықты болдырмау немесе жою бойынша шаралар қабылдау және құқық бұзушын жауаптылыққа тарту қызметі;
- Б) бұл адамның өмірлік маңызды экологиялық мүдделерін соның ішінде таза, қолайлы, қоршаған табиғи ортаға құқығын қорғаудың жай-күйі;
- В) бұл қоршаған табиғи ортаны сапа көрсеткіштері;
- Г) бұл қоршаған табиғи ортаны сауықтыруға кеткен шығындарды қалпына келтіру;
- Д) бұл кәсіпорын, мекеме, азаматтардың қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жүйесі;

Судың сарқылуының түсінігі:

- А) суды қатты өндірістік, тұрмыстық қалдықтарға жатқызу соның нәтижесінде су объектісінің гидрогеологиялық жағдайы нашарлайды және су пайдалану қиындықтары туындайды;
- Б) судың физикалық, химиялық немесе биологиялық сипатының өзгеру нәтижесінде коммуналдық, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, балық шаруашылық және өзге де мақсаттарда қалыпты пайдалану үшін жарамсыз болып қалуы;
- В) тұрғындардың техникалық қажеттіліктерімен экономика саласына суды көбірек пайдалану;
- Г) суды шаруашылық және өзге қызметке кері пайдалану нәтижесінде сел жүру, аумақтарды су алу, жерлерді шаю, жағалар мен ғимараттарды бүлдіру;
- Д) жер үсті су қорының минимальды азаюы немесе жер асты су қорларының тартылуы;

Экологиялық құқықтың Ерекше бөлімін құрайтын курс бөлімдері

- А) Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау.
- Б) Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік.
- В) Табиғатты пайдалану құқығы.
- Г) Суды қорғау мен пайдаланудың құқықтық режимі.
- Д) Табиғатты пайдалану мен қоршаған табиғи ортаны қорғаудағы мемлекеттік басқару.

Қоршаған ортаға ластағыш заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға ықпалы:

- А) табиғи ресурстарды қорғау деп аталады;
- Ә) экологиялық қауіп деп аталады;
- В) экологиялық қауіпті объект деп аталады;
- Г) қоршаған ортаны ластау деп аталады;
- Д) табиғи ресурстардың сарқылуы деп аталады;

Төменде берілгендердің қайсысы жануарларды қорғау, өсімін молайту және пайдалану аясындағы азаматтардың міндеттері болып табылмайды?

- А) Жануарлар дүниесін сақтау мен қорғау.
- Б) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның талаптарын орындау .
- В) Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалануға бақылауды жүзеге асыратын органдардың құқыққа сай талаптарын орындау.
- Г) Жануарлар дүниесінің жағдайы туралы толық және нақты ақпараттар алу.
- Е) Жануарлар дүниесі мен олардың мекендейтін ортасына келтірілген зиянның орнын толтыру.

ҚР ерекше қорғалатын аумақтардың санаттары:

- А) жергілікті және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;
- Б) мемлекеттік және жергілікті маңыздағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;
- Е) жедел және шаруашылық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;
- Г) қорықтық және тапсырыстық маңыздағы табиғи аумақтар;
- Д) мәдени және ғылыми маңыздағы табиғи аумақтар;

Кең таралған пайдалы қазбалар:

- А) Балшық.
- Г) Мыс қалшадан.
- Д) Көмір.
- Е) Темір.
- В) Құм.

Қоршаған ортаның түсінігі:

- А) бұл қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тағайындалған барлық табиғи құндылықтар;
- Е) бұл қоршаған табиғи орта мен экологиялық қызметтердің өзара байланысқан құрамдас бөлігі.

Г)бұл тірі және тірі емес табиғи ресурстардың, атмосфералық ауа, су, топырақ, жер қойнауы, жануарлар және өсімдіктер әлемінен бастап климатпен өзара әрекеттестіктегі табиғи объектілердің жиынтығы;

Д)бұл жеке және заңды тұлғалардың экологиялық құқықтар мен мүдделерін қорғау бойынша, қошаған ортаны қорғау мен оны тиімді пайдалану бойынша қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы;

Б)бұл адам және қоршаған ортаның қоғамдық маңызды барлық қатынастарын қамтитын қауымдастық;

Жануарлардың қандай түрлері жануарлар дүниесінің құқықтық түсінігін қамтымайды

А)Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар түрлері.

Е)Жануарлардың балық аулау объектісі болып табылатын түрлері.

Г)Хайуанаттар бағындағы жануарлар.

Д)Мал шаруашылығы объектісі болып табылатын жануарлар.

Б)Шаруашылық мақсатта пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылықтарға ие жануарлар.

Табиғи ресурстардың әрбір түрін олардың тұтыну қасиеттерін жоғалтуға әкеп соғатын тиімсіз пайдаланудан, құрып кетуден, жұтандаудан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі:

А)табиғи ресурстарды қорғау деп аталады;

Б)экологиялық қауіпсіздік деп аталады;

Д)экологиялық қауіпті объектілерді оқшаулау деп аталады;

Г)қоршаған ортаны ластауды шектеу деп аталады;

Е)табиғи ресурстардың сарқылуының алдына алу деп аталады;

Мемлекеттік табиғат ескерткішінің белгілерін көрсетіңіз:

А) Табиғатты қорғау мекемесінің мәртебесі мен қорғаудың қорықтық режимі.

Г)Табиғатты қорғау мекемесінің мәртебесі мен қорғаудың сараланған режимі.

Д)Қорықтық режим.

Е)Мемлекеттік табиғи - қорықтық қорлардың жекелеген объектілерін табиғи жағдайда сақтауға арнау.

В) Шаруашылық әрекеттің тапсырыстық немесе реттелетін режимі.

Қазақстан Республикасыны аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығы:

А) су ресурстарын құрайды;

В) су объектілерін құрайды;

Е)су қорын құрайды;

Г)ағынды суларды құрайды;

Д)суларды құрайды;

Орман қоры аумағының иелеріне қандай құқық тән емес?

- А) Орман шаруашылығы кәсіпорындарының экологиялық аудитін жүргізу.
- В) Бекітілген тәртіпте орман қорына тиесілі жерлерде табиғи ресурстарды пайдалану.
- Г) Мемлекеттік акт арқылы орман аумағына иелену құқығын табыс ету.
- Д) Орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдалану үшін қажетті құрылыс салу.
- Е) Ағаш кесу және орман билеті негізінде орманды пайдалану құқығын беру.

ҚР заңы бойынша жануарлар әлеміне түсінгі:

- А) Төменгі сатыдан жоғарғы сатыға дейінгі барлық тірі ағзаларды біріктіретін бірыңғай объектілер.
- Ә) ҚР аумағында өмір сүретін барлық жануарлар.
- Б) Кұрлықта, суда, атмосферада және топырақта өмір сүретін жабайы және үй жануарларының жиынтығы.
- Г) Табиғи бостандық жағдайында немесе уақытша құрлықта, суда, атмосферада және топырақта өмір сүретін барлық жабайы жануарлар.
- Д) Жоғалу қаупі төнген жануарлардың жиынтығы

ҚОРЫТЫНДЫ

Құрметті оқырман қауым жоғарыда қарастырып отырған дәрістер курсы қорытындылай келе, экологиялық құқық - қоршаған ортаны қорғау, экологиялық зияндардың зардаптарын алдын ала ескерту, адамды қоршаған табиғи ортаны сауықтыру және сапасын арттыру жолында адам мен табиғаттың өзара қоғамдық (экологиялық) қатынасын реттейтін экологиялық-заңдылық нормалардың (тәртіп ережелері) жиынтығы екені белгілі.

Айналадағы табиғи ортаны қорғау - ең алдымен адамның өмірі мен денсаулығын, болашақ ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз етуге, табиғи ортаға қарсы зиянды іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге, табиғи тепе-теңдікті сақтау мен қоршаған ортаны тиімді пайдалану мақсатын көздейді. Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті сақтау мәселелерінде кез келген мемлекеттің алдында адамды және оны қоршаған ортаның ауасын ластанудан қорғау; мемлекеттік аумақтағы қайнар көздердің ауаны ластауын шектеу, қысқарту және оның алдын алу; ақпараттар, консультациялар, ғылыми зерттеулер және мониторинг алмасу арқылы ауаны ластаумен күресу стратегиясын жасау; ауа сапасын реттеудің және оны ластаумен күрес шараларының ең жақсы жүйесін жасау; кез келген қайшы әрекеттерге тыйым салу және алдын алу бойынша кез келген заңды шараларды қабылдау; қоршаған орта проблемаларын зерттеу, қоршаған орта проблемаларының кешенді ғылыми амалдарын дамытуды қолдау; фактілерді жинауда және саралауда пайдаланылатын тәсілдерді салыстыру және үйлестіру арқылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық және халықаралық шаралардың тиімділігін арттыру; қоршаған ортаның ластану проблемалары мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі білімдерді дамыту; қоршаған орта саласындағы мақсатқа сай болатын және оларды үйлестіру мүмкіндігіндегі саясатты жақындастыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдау; қоршаған ортаны қорғау және жақсарту, оның жай-күйін бақылауға арналған құрал-жабдықтарды жасау, өндіру, жетілдіру саласында мүдделі

ұйымдардың, мекемелердің және фирмалардың ұлттық және халықаралық деңгейдегі қабылдайтын әрекеттерін қолдау сияқты мақсаттары болуы тиіс.

Сонымен қатар ауаның ластануымен барынша күресу, суларды және ауыз суларды пайдалануды ластанудан және заңсыз ластаушылардан қорғау, топырақ қабаты мен жерді пайдалануды қорғау, табиғат пен қорықтарды қорғау, қоршаған орта мен елді мекендердің жағдайын жақсарту, қоршаған ортадағы өзгерістерді іргелі зерттеу, бақылау, болжау және бағалау, құқықтық және әкімшілік шараларды қолдануды әлі де болса егжей - тегжейлі қарастырып, бұлжытпас тәртіптер бекітетін заң нормаларын енгізу қажеттілігі де туындап отыр.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне экологиялық құқық пәнін оқыту - ең алдымен адам мен азаматтың міндеттерінің орындалуын қамтамсыз ету. Себебі Конституцияда табиғатты, қоршаған ортаны қорғау әрбір азаматтың міндеті болып табылады делінген. Ал адам мен азаматтардың құқықтары мен міндеттері бірінші орында болатындығы барлығымызға мәлім, себебі халық - мемлекеттік биліктің бастауы.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Нормативтік құқықтық актілер
2. Қазақстан Республикасы Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 02.02.2011ж.)
3. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 27 желтоқсан 1994 ж. //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 21.04.2016ж.
4. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) Ішілде 1999 ж. //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ». (өзгерістер мен толықтырулар 09.04.2016ж.
5. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім)
6. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі 9 қаңтар 2007 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 25.04.2016ж.
7. Қазақстан Республикасы Жер кодексі 20 маусым 2003 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 08.04.2016ж.
8. Қазақстан Республикасы «Жер қойнауы жер қойнауын пайдалану туралы» заңы 24 маусым 2010 жыл //Информационная система «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 25.04.2016ж.
9. Қазақстан Республикасы Су кодексі 9 шілде 2003 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар) 08.04.2016 ж.
10. Қазақстан Республикасы Орман кодексі 8 шілде 2003 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 08.04.2016ж.
11. Қазақстан Республикасы «Жануарлар әлемін пайдалану және өсімін молайту туралы» Заңы 9 шілде 2004 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 29.03.2016ж.
12. Қазақстан Республикасы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар 7 шілде 2006 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ»
13. Қазақстан Республикасы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы 6 қаңтар 2011 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 06.04.2016ж.
14. Қазақстан Республикасы «ПО туралы» Заңы 23 сәуір 2014 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ»
15. Қазақстан Республикасы «Күзет қызметі туралы» Заңы Қазақстан 19 қазан 2000 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ». (өзгерістер мен толықтырулар 29.10.2015ж.
16. Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңы 30 маусым 2010 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 12.01.2012ж.
17. Қазақстан Республикасы «Кеден ісі жөніндегі кодексі» (Кеден кодексі) 26 шілде 2007 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 29.03.2016ж.

18. Қазақстан Республикасы «Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік қайта тіркеу» туралы Заңы 4 шілде 2009 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 29.10.2015ж.
19. Қазақстан Республикасы «Халықты радиациялық қауіпсіздіктен қорғау» туралы Заңы 23 сәуір 1998 жыл //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ» (өзгерістер мен толықтырулар 12.01.2016ж.
20. Қазақстан Республикасы «Атом энергиясын қолдану туралы» Заңы 14 сәуір 1997 жыл
21. «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай- газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 62 бұйрығы
22. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 97
23. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 17 қазандағы № 91 бұйрығы.
24. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереже; 22 маусым 2005 ж. //Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ»
25. Экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске қатысу жөніндегі Ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы «10» мамыр №201 бұйрығымен бекітілген //Ақпараттық жүйе «Әділет»
26. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығын жариялау туралы 28 қазан 2013 жыл // Ақпараттық жүйе «Әділет»
27. ҚР ПМ бұйрық № 73 «ҚР арнаулы күзет қызмет ПБтің арнаулы әскери ісіне лайықталған қорғау бөлімшелерін қызметтің ұйымының ережелерін бекіту туралы» 15 наурыз 2006 ж. //Ақпараттық құқықтық жүйе «Әділет»
28. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы 2007 жылғы 31 мамыр// Ақпараттық құқықтық жүйе «Әділет»
29. Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы 2004 жылғы 18 маусымдағы // Ақпараттық құқықтық жүйе «Әділет»
30. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы президенттің жарлығы 30 мамыр 2013 жыл // Ақпараттық құқықтық жүйе «Әділет»

31. Аубакирова Г.А. Гражданское право (Общая часть). Курс лекций Караганда, 2010.
32. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Караганда: Арко, 2009.
33. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Общая часть. Электронное пособие Караганда: КА МВД РК, 2013.
34. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Особенная часть. Электронное пособие Караганда: КА МВД РК, 2014.
35. Бекишева С.Д. Экологическая деятельность правоохранительных органов Республики Казахстан Караганда: Арко, 2001.
36. Кулматов Т.Ш. Недействительность сделки по гражданскому праву и правовые средства органов внутренних дел по их предотвращению: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. М., 1996.
37. Рубанов С.А. Договор найма служебного жилого помещения с участием подразделений органов внутренних дел и их сотрудников: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. СПб, 2007.
38. Ручкин О.Ю. Организационно- правовые аспекты участия органов внутренних дел Российской Федерации в договорных обязательствах: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Москва, 1997.
39. Толчёнова Ю.В. Уголовная ответственность за нарушение авторских и смежных прав: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. М., 2010.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Экологиялық құқық- құқық саласы ретінде	
Экологиялық құқық - құқық саласы ретінде.....	5
Экологиялық құқықты ішкі істер органдарының қызметкерлеріне оқытудың маңызы.....	29
Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының экологиялық қызметі.....	32
Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының экологияландырылған бөлімшелерінің қызметін реттейтін ведомствалық нормативтік-құқықтық актілер.....	54
Қазақстан Республикасындағы жер пайдалану объектісі ретінде.....	63
Жер заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.....	67
Су құқықтық қорғаудың объектісі ретінде.....	71
Су пайдалану құқығының түсінігі мен түрлері.....	81
Ормандар пайдалану мен қорғаудың объектісі ретінде.....	94
Жануарлар әлемін пайдалану және қорғаудың құқықтық режимі	106
Пәнбойынша сұрақтар.....	126
Пәнбойынша тест сұрақтары.....	129
Қорытынды.....	137
Әдебиеттер тізімі.....	139